

Г 2006

518



Атырау  
акын-жазушыларының  
кітапханасы

ҚАЗЫНА

72 ·кітап

Маркиза БАЗАРБАЕВА

ЭЙЕЛ  
ЖАНАРЫНДАҒЫ  
ЭЛЕМ




**Маркиза БАЗАРБАЕВА**



---

**ҚАЗЫНА**

«А-Полиграфия» ЖШС  
Ақтөбе  
2003



72 · кітап

Маркиза БАЗАРБАЕВА

*Маркиза Базарбаева*

**ЭЙЕЛ  
ЖАНАРЫНДАҒЫ  
ЭЛЕМ**

«А-Полиграфия» ЖШС

Ақтөбе

2003

ББК 84 (5 каз)  
Б-16

**Редакция алқасы:**

Төлеуішов Ә. (бас редактор), Мұқышева А. (жауапты хатшы), Берішбаев Т., Дошаев Е., Жаңабаев Т., Жұсіп Қ., Отарбаев Р., Иманғалиев Б., Қосыбаев Қ., Корқытов Б., Мұрсалиева Р.

Б-16

**БАЗАРБАЕВА М.  
ӘЙЕЛ ЖАНАРЫНДАГЫ ӨЛЕМ.** – Ақтөбе:  
“А-Полиграфия” ЖШС, 2003 ж. – 240 бет.

“Атырау акын-жазушыларының кітапханасы” сериясының 72-кітабына М.Базарбаевның әр жылдарда баспасөз беттерінде жарияланған өлең-жырлары мен әңгімелері топтастырылды.

Б 4702250200  
00(05)-03

ISBN-9965-691-46-0

© Базарбаева М., 2003.

\* \* \*

Темір шайнап от бүріккен бұл ғасыр  
Тапап жаншып адамзаттың тұлғасын  
Атом, Арал, машиналар ажылын  
Қалай басар  
бұлқіл жүрек, бұла жыр?

Әйелдердің өмір қорғау форумы  
Темір арба аяқ-қолдың орыны  
Зар еніреп тыңдал тұрмыз бәріміз  
Салиханың шықкай-ақ деп зор үні.

Сөз сөйлейміз құлағынды сал, ғасыр!  
Жалманда май Пайдада ойламай тұра тұр  
Нәзік үнді әйел мұнын есті, көр  
Көзінді ашшы, болмасаңшы сен басыр!

5

Айтып жатыр қасіретін халқымның  
Бір басы емес – барлығынның, жалпынның  
Сөйле, Жаным, сөзбен бойдан төгілсін  
Қасіретті жүргегімнен қалың мұн.

Ғасырымның теміреткі қалы бар  
Әз жүректің шығар-шықпас жаны бар  
Өмір үшін құреседі бұл Ана  
Әй, Ағайын, есірленбей танып ал.

Саған арнап жазып едім жыр басын  
Болып шықты-ау қуаныштан мұң басым  
Өлеңімнен биіктеткім келіп еді  
Салиқалы Салихамның тұлғасын.

\* \* \*

Бұл қандай күн-аспаннан шұға жауған?  
Мүгедектер – кембағал мейрамдаған  
Төрт қабырға, қол арба, бір телефон  
Тірі жанмен жүздесу болған арман.

Жыл он екі ай келетін жалғыз рет,  
Бар екенін бейшара сезінсін деп  
Тойлап жатыр жиналыш кемтар жандар  
Қақпа ашылып, пейіштен соққандай леп.

Мұнда ешкімнен, ешбірі ұялмайды  
Мұнда еркін сөйлейді, қиялдайды.  
Бәрі өзіндей себебі – бәрі тенденс,  
Саз ойнаса билемей тұра алмайды.

Көңілінің сырылып көлеңкесі,  
Бір-ақ рет дененің мерекесі.  
Бір-ақ рет еске алып есіркейді  
Гуманизм дегендей мұның несін?

Мейлі, мейлі болса да шала бақыт  
Жүрген жақсы елменен араласып



Ортаға шық, билей ғой, балапаным  
Жыл он екі ай бір рет мауқың басып.

Сұлу қыз-ай бір қолы, аяғы сал,  
Стол сүйреп, мәнерлеп биінді сал.  
Билеп жүрсің бар қайғың ұмытылып  
Тамғандай боп тұрады жүрекке бал.

Оңға-солға теңселіп, шыр айналып  
Мүгедектер арбасы билеп жүрді.  
Жан езіліп, алудан бас айналып  
Жүзім күліп, жүрегім жылап тұрды.



## АВТОБУСТАҒЫ СҰЛУ

Суреттеуге тіл жетпейтін сұлуды,  
Көрдім дағы. Көзім бірден сүрінді.

Тайдыра алмай жанарымды суардым,  
Жолықтырган тағдырыма қуандым.

Құннің нұрын құйып алған көз қандай?  
Ақша мандай: – бақ менде! – деп тұрғандай!

Пісте мұрын, шие ерінге телмірдім,  
Лебізіне құмарландым, еміндім.  
Сәмбі талдай мұсін мынау, бел анау,  
Шыбын жаным садаған боп тұрам-ау.

Қарашы деп ымдал қоям досыма,  
Сұлулықтың эталоны осы ма?

Қырым ет жоқ артық біткен бәденде,  
Бақытыма жолықтым-ау – дегенде.

Арс етті қыз: – Аш! – деп – тездеп есікті,  
Боқтап, теуіп автобусты тенселтті.

\* \* \*

Мырс етті дос. Жүрек қапаланғаны-аў,  
Аппақ сүтке сиыр жапалағандай...

Жігіттің әңгімесі

## ҚҰЛЫНЫМ ДЕП

Бірте-бірте көне тартып ертегі  
“Құлым” деп қарсы алмайды ел сені  
Қыздар “кемпір” атаныпты, ой, тоба  
Азайыпты “жігіттердің” елпені.

Ақ жаулықты өжелер жоқ кешегі  
Уақыт көші езгендей ме еңсені?  
Қатар-құрбы бұл жакта да сирепті  
“Алматыдан апай кепті” деседі.

Десе десін. Ұмытпаса болғаны,  
Біз де күй жоқ тайпалтардай жорғаны.  
Аласармай биік тұрғай әрдайым,  
Жаңаланған ұрпақтардың арманы.



## ЖИЫРМА БІР

Жиырма бір жас. Жиырма бір жыл.

Жиырма бір

Бұла жігер, жүрек ыстық, тәнің – гүл.

Қайратым-ау “қазағым!” деп қаскайып,

Арманы асқақ, алар асу алда тұр.

Құрым білек, жиырылған бұлшық ет  
Мына дүние жүмбағы көп тылсым ед.  
Қыз бен қызық, білім нұры шақырган,  
Жиырма бір жас. Келте ғұмыр қыршын ед!

“Атам! – деді, Құртам деді – санаңды!”

Империя ұstemдікпен қарады.

“Құлым бол да, ештеңені ойлама!”

Осы-ақ болды Империя талабы.

11



Ой-сананды аршып алып құлдықтан  
Серпіп тастап жігерінді тұншыққан  
“Еркек тоқты құрбандық” – деп тайсалмай,  
– Ат! – дедің-ау, бойда тулап ыстық қан.

Ана мейір, әке пейіл, дос құшак  
Арман болған, алыс болған бұлдырап  
Түрме. Семей. Жиырма бірінші камера  
Есті билеп, ерікті илеп тұнжырап.

Жасымадың төнсе-дағы қара бұлт,  
Жүргегінді жанып тұрды бір үміт.  
Жоғалтып-ақ асыл ұлды жоқтайтын  
Қазақ деген қаперсіздеу осы жүрт.

Мамыр келді. Гүлге орады маңайды,  
Қыршын ғұмыр. Аяқсыз жыр мұңайды.  
Елім деген асау жүрек тоқтады,  
Жиырма бірі. Жарқыраған май айы.

Асыл ұлан көрде тыныш жатқанда  
Бостандықтың таңы өбден атқанда  
Қазақ елі желбіретіп көк туын  
Ақтап алдық жиырма бірінші ақпанда.

Қайрап, жанып жігерімді жасыған  
Жүргегімде ұя салды ғашық өн  
Бостандыққа жетелеген халқынды  
Рухыңа басымды идім, Жас ұлан.

## **МАХАМБЕТТИҢ ЖЫР КЕШІ НЕМЕСЕ ШАЛБАР КИГЕН ҚЫЗДАР**

Жыр оқыдық Махамбет боп алаулап  
Аруағы түскен шығар бір аунап  
94-ақ өлең жазған Батырға  
Рафаэль 200-дей жыр арнап.

Маралтайдың жырына бек тамсандық  
Ерсайыннан Азамат боп ән салдық  
Алдаберген, Отар, Ұлар, Қерімді  
Шатырлатып қол соғумен қарсы алдық.

Алдаспандай ақ алмастай өлеңмен  
Оятты сөз өз рухымды денемнен.  
Бәрі жақсы. Жыр тыңдадық желшініп  
Көңілімде бір түйткіл. Дегенмен.

Маржан шықты бура саны бұлтиып,  
Сәнияшым жыр оқыды томпиып.  
Қыз беткенің шалбар киіп алыпты  
Шаш жайылған не кесілген шұнтиып.

Бұл ғасырдың Томирисі біз деп біл,  
Розамның жырларында сезім – нұр

Мінсіз өлең. Ақын қыздар шалбарлы  
Махамбеттің сарбазындай өжет кіл.

Қазақпыш біз өуені асқақ жыр сүйген,  
Өдебі мол. Өр сөзіне сыр түйген,  
Кеш сонында ұлгі-өнеге айтылып  
Ақ шалбарлы Марфуга апам сөз түйген.



## ТУҒАН ЖЕР СУРЕТИ

Күнделігін көнілдің қайта-қайта парақтап,  
Қолда қалам, қағазым – жазылмаған әлі аппақ.  
Мына ғажап әлемге әсем сөуле сыйлаған,  
Сипатына сай келер сурет таппай қиналам.

Кекшіл бояу толқиды көгім болып, көл болып,  
Шымырлаймын айдындай ұшқан бейне  
  күс қонып.

Қызыл бояу күледі гүлім болып, ту болып,  
Тандай шапақ шашамын жүрегіме жыр толып.

Жап-жасыл боп көктемде түгел жауып  
  жер бетін,

Құзде алтын дөн болып, тасытқан ел дәuletін,  
Қай бояуды алсам да сәулетіндей халқымның,  
Құлпырады құбылып, жүзінде ойнап

15

жалқын күн.



Көздің жауын алатын кемпірқосақ тәрізді,  
Жазу сұлу картина – арманым сол ең ізгі.  
Келбетіңе туған жер, таң қалғандай бар әлем,  
Махаббатпен өзіндік айшықты өрнек салар ем,  
Менің палитрамда сендік бояу жоқ әлі, –  
Сиқыр сурет орнына перзент жүрек соғады.

## ӘҢГІМЕ

### ECIM

Құлтайдың құлағы ауыр еді. Естімеді ме? Өлде есіктің конырауы істемей түр ма? Өрі-сөрі күйде біраз күттім. Қап, өзім бір әбжілдік көрсете қояйын деп “айтысқа” екі билет алыш келе қалып едім. Өлде пошта жәшпігіне салып жүре берсем бе? Сосын үйге барған соң телефон шалып ескертермін. Иә, сол дұрыс.

Пошта актарып, есік сипалап жүргенім көрші кемпірдің құдігін оятқан болуы керек:

– Вам кого?! – деп зеки сұрады. Жөнімді айтқан соң жібіп, келесі осындай үйдің екінші қабатында тұратын Тамараға жолыққаным дұрыс болатынын қадап тапсырды. Құлтайды көре алмасыма көзім жеткен соң үйге қайта бергім келіп бір ойландым да, кім де болса жолығып кетейін деп өрмеледім.

Өзім сияқты жалпақ бет қазақ әйел есік ашты. Тосыллыңқырап жөнімді айттым.

– Кел. Кел, кір. Төрле – тілінде мүкіс жок.

- Маган Тамараға жолыгарсың деп еді.
- Тамара – мен.

“Ие, танданатын түк те жок. Қазактың атының жартысы орысшаланған ғой”, – деп өзімді жұбатып қоямын.

– Менің шаруам мына билеттерді Құлтайға бере салыңыз деп өтіну еді. – Есік алдынан қайтасыз ба? Қазақ емеспіз бе, төрге өтіңіз. – Ықыласынан аттап кете алмай, әрі өuestік женіп үйге кірдім.

– Кешіріңіз, қызым үй тазалап жатыр еді, сізді ас үйден кері қайтаратын болдым, – деп елпілдейді Тамарам. Өп-сөтте дастарханға туралған қазы, көмпіт-печенье қойылып, қою шәй демделді. Мен үятты жылып тастап, қарыным ашып әрі шөлдеп кеткенімді мойында жақсылап жайласып алдым. Қаланың қак ортасында мынандай қонақжайлышқа ептең таңғалып қоямын. Тек ортақ танысымыз Құлтайдың атын айтқаным үшін. Қазақы дәстүрдің өлмегеніне риза болып та отырмын. Әрі-беріден соң сөзіміз үйлесіп, өзіліміз жарасып шыға келдік. Осынша ықыластың есесін немен қайтарарымды білмей:

– Бұғін жұма ғой. Жұма күнгі тілек қабыл деуші еді, мына дастарханға құран оқып, бата жасайық, – деп ұсыныс айтып едім, Тамарам тіпті екпетінен түсті. Есіктен шығарда сыйға орамал-көйлек ұстатып өбден есімді шығарды.



Қазағымның дәстүрі балталасаң да жоғалмас деген марқа көнілмен көлікке отырдым.

Менімен жағаласа мінген қазақ кемпір:

– Өй, қызыым-ай, көмектес! – деп біреуді жұмсап жатты. Көзі жөудіреген қара қыз ауыр сөмкені әжейге тақап қойып, бұрыла бермекші еді.

– Қарағым-ау, қасымда тұршы, түсерде тағы кімге жалынам. Өзің бір иманжұзді тәуір бала екенсін, – деп қойды. Ол тырнасирақ қара шалбарлы өзі сиякты жалбыршаш құрбысын бері шақырды. Төртеуміз қарама-қарсы жайғастық. Әжей қыздарды сөзге тартты.

– Өзің біздің ауылдағы Зура кемпірдің немересіне қатты ұқсайсың. Атың кім?

– Кэт.

– Қөтек, кеткені несі? Қетпе. Атыңды айтсайшы?

– Ну. Кэт дедім ғой. Әйтпесе Катя деңіз.

– Қой, қызыым, қазақша атың бар шығар?

– Какой-то мәмбетский. Қадиша.

– Әне, қарашы, Пайғамбарымның бәйбішесінің аты екен ғой, сондай қасиетті есім.

Қөтерінкі көнілде отырған мен төртеумізге ғана естілердей етіп,

*Дегенде Балқадиша, Балқадиша,  
Бұралып көлге біткен тал Қадиша.  
Сексен қыз серуенге шықса дағы  
Ішінде қара басың Хан-Қадиша, –*

деп, сүк саусағымды көкке шошайта алыс аспанды мензей әндettім.

Қалалық болуға сонша тыраштанып сырт бейнесін бояп өзгерктенімен балауса, қыздардың, қазақы тәрбиесі ізін толық жоя алмапты. Үлкенді сыйлап, тілін қайтармай көмектесіп, өнгімемізді тындал отыр.

Осы отырысты бұлдірген мен болдым. Аузындағы сағызын шыртылдатып, қала берді құлаштай созып, өрмекшінің жібіндей жіңішкегенде саусағына орап жинап аузына тығып отырған құрбысына:

— Қызым-ау, қолыңның кірін жегендей болдың ғой. Әрі дамылсыз шайнай бергенде асказаннан бөлінген сок қорытылатын тағам түспеген соң қарынның түгін қуырып жібереді еken. Сағыздың құрамындағы пайдалы элементі тек 2-3 минуттық. Сонсынғы шайнау бекершілік еken дейді ғалымдар.

Қыз маған ала көзімен ата бір қарады да терезеге бұрылды.

Менің “лекциям” жалғаса берді:

— Сол үлгі тұтқан Американың киносын қарап отырсаң жағымсыз кейіпкерлері ғана ғайнаңдан жүреді.

Шашын мыс қызылға бояған көнтек ерін кара қыз ұшып тұрып “пошли!” – деп Қадишаның қолынан жүлкүйди.



– Ну, Лиз, они же интересно говорят.

– Чмо. Оставайся со своими бабками!

Екі кемпір томсарып қалдық.

Орыстың ортасында отырып перзентін орысша атай жүріп қазақы тәрбие мен салт-дәстүрді жүргегіне ұялатып, қанына сіңірген аталарымыз қандай?

Баласына қазақша көркем есім бергенімен қазақы ұғымын түсіндірмеген замандасымыз қандай деген ойлар тереңіне тартып, тербетіліп кете бардық.



## **МАНДАЙ**

Есік, терезесі ашық аядай кабинеттің іші жұпар аңқып кетті. Гүлдана басын көтерсе – есік көзінде бір құшақ ақ раушан. Арбалып қалғандай көзін айыра алса-шы? Әлден уақытта барып епетейсіз жуан саусактар қамти ұстаған аппақ гүлдердің үстідегі жаялыштайды ауызды көрді. Ерінді жиектей Қазақстанның көк туындағы қыран бүркіттің кең жайған құлашындағы қара мұрттың үстін ала дедиген танауға ілінген жиегі жалпак күн көзілдірікті бажайлады. Япырай, мына мандаиды қайдан көріп еді? Ойбай-ау, аттай он жыл бір партада шынтақ түйістіріп отыратын Орынбасардың мандаиды ғой!

– Аоу, Ореке, қайдан адасып жүрсін? (Мәссаған, амандық сұраған түрін? Одан бері 15-20 жыл өтті. Әй, Гүлсана, Гүлсана, кісі бала күнгі досына да сүйтіп...)

Орынбасардың көңілінде көлеңке жок. Біресе гүлін, біресе күректей алақанын созып абдырап, ыржалактай береді.

Шоколадпен шәй ішіп, арқа-басы кеңіп



қолдарын орындықтың арқалығына жая шалқайған “сери” жігіт өңгімені әріден тартады.

– Талайдан бергі ала-алмай қордаланып қалған алашағымды алдым да Нәзікке: “Алты балаңа өзің қара. Мен Алматыдағы ғашығыма барып келемін”, – деп осылай қарай тайып түрдым! – Орекең өз сөзіне өзі күліп мәз.

Бөлімдегі жас қыздар қазақы қалжының астарына түсінбей, косыла күлер-күлмесін білмей, қатал Гүлдана апайының қалың қабағына үрпісе қарайды. Тығыршықтай жуан келіншектің бір кездері талшыбықтай бұралған қыз кезін көз алдына келтіре алмауы да мүмкін.

– Ал, шаруанды айт (қап, тағы да ресми). Неше күнге келдің? Не жоспарың бар дегендей, – сөзінің аяғын, үнін барынша жұмсартқан болды.

– Бірінші амандық білу. Ғылыми атағынды ауылдағы достардың атынан құттықтап дегендей. Алматы көркейіп кетіпті, араласам-көрсем дегем... Сосын жол-жөнекейгі шаруа: жаман қарғаларға керек-жарак, киім-кешек дегендей.

– Онда былай болсын. Өуелі жол-жөнекейінді бітірейік. Кешке біздің үйдегі құрдасың үшеуміз түнгі Алматыны серуендейік. Ал ертең менің конференциям бар. Өз еркім өзімде емес. Поэзыңа шығарып салуга жарты сағат таба алсам... Әй, бірақ қайдам? Қозғалайық, өлшеулі уақыт. Бұл жарты күннің есебін сенбіде жабармын. Кеттік.



Орекен бүйдалы тайлақтай бүйрыққа ере берді. Бұл мінез жоспарға Гүлдананың күйеуінің тұнгі кезекшілікке кететіні ғана селкеу салды.

Базар бүйымдарын көргенде Орынбасар үкідей қыздарының, үлпершектей үлдарының атын атап мынауысы анаған лайық екен деп қояды. Гүлсананың іші қыж-қыж қайнайды. Өзінің жазған жуан-жуан бес-алты кітабын шимайлап бүлдіретін бір де балдырғаны жоқтығына өкінеді.

Талшыбықтай Гүлдана отыз бесінде күйеуге тиісімен-ақ толысты. Былайғы жүрт: “Е, көnlі жай, үй сатып алды. Қызметі, атағы бар. Байы қасында” десті. Шын себебі Гүлсананаға ғана аян. Етеккірі тоқтағанда өзі де қуанған. Сәби сүюді армандай бастаған. Сүйтсе, қасіретке жолығыпты. Әйелдік үш белгісіне түйін түсіпті.

Құнқакты жүзі ауылдан келдім деп айқайладап түрган орта жастағы еркек дәрігері:

— Бұл дегенің құнажын бұқаның бір сүргенінен қалмайтын шаруа, — деп дүңк еткізді. Сұракты жүзбен аңтарылған бұған:

— Ну, енді... Сәбілі болып бала емізсе, өзінен-өзі-ақ орнына келеді. Түйін (ісік) тарап кетеді. Табиғат өзі емші. Адам ағзасы солай жаратылған, — деп түсіндірген болды. Тәжірибелі оташы маманның да, үлкен профессордың да айтқандары осы болды. Тек сыпайырақ, ғылыми дәлелдермен әдіптерені болмаса.



Ал кеп емделу. Ыстық төсектегі қызулы күмар құшақтар қосылған кездегі алты айға жетер-жетпесте сиyrкүйымшақтанып сарқылған. Күйеуіне емдел деп жетектесе шатқаяқтап көнбейді. Алдаусыратып та көрді, ашы да айтты. Намысына тиіп те көрді. Не көрі қыз емес, не жесір емес – әйелдіктің дәмін де дұрыс алып көрмей жатып сырты бүтін іші түтін отбасылық өмір жалғасуда. Оның бұрынғы әйелінен балалары барын естіген Гұлсананың әке-шешесі қызын кінәлайды. Екі оттың ортасында уайым беріп, қайғы алып гормондық дәрі ішіп процесті тоқтатқан болды. Есесіне бүйрек, бауыр, жүрек кетті.

Қазір ғой балалық бал күндерін есіне алып көніл құсы көкте шарықтауда. Мейлі, оймақтай оңаша бақытты сәттері айларға азық, жылдарға жылға болғай. Әнгімесінің бәрі “есінде ме?” – ден басталады.

– 7-класта тобығың жарылып гипсте жатқаның есінде ме?

– Иә, сен күнде келетінсің.

– Сен ұстаган кітапты ұстаганым, сенің қаламыңмен жазғаным, дәптерінді парактағаным, сен жүтқан ауамен тыныстағаным мәз болатынмын.

– Пәлі, шынымен ғашық болыпсың ғой!

– Несін айтасын. Түсімде көрем. Арқандағы

жуан екі бұрымың жүгіргенінде жылан құсап ирелең қағатынына қызығамын. Сипап көргім келеді. Сол ауырганында түсімде көрдім. Басыңды менің қеудеме қойыпсың, мен шашыңнан сипап еркелетіп жатырмын.

Гүлдана бадырақ көзін кең ашып баяғы бұйығы Орынбасарды жаңа көргендей ұйып тыңдалап қалыпты.

— Класс жетекші ағайға: “Мен барып өтілген сабакты айтып тұрайыншы”, — дедім. Тіпті, қатал әке-шешеңнің цензурасынан аман өтіп кетіп, сенің түкпірдегі бөлменде сенің қасында 2-3 сағат болғаныма шексіз мәз едім. Бір күні өзің қуып шықтың!

— Неге?

— Тілім жазықты. Бөлмеде жалғыз аяқтап секіріп жүргенінді көргенде: жазылыш қалыпсың фой, — дедім. Үнімде — өкініш. Сен соны сезіп қойдың.

— Не, мені жазылмасын дедің бе? — деп дүрсө қоя бердін.

— Иә, — деппін анғал басым.

Сол-ақ еken қалың әнциклопедиямен маңдайынан қайқайтып бір пердін.

— Мынаның жаман ойын қара! — деп ыза болғам.

— Мен де саған өкпеледім.

Екеуі бір ауық үнсіз қалды.



Кластастар мейрамханадан көнілді қайтты. Үйге келген соң да ананы-мынаны еске алып тұннің біразы өткен соң жастыққа бастары тиді. Бір бөлмелі әлі де әңгімесі таусылмай екеуі екі төсекте сөйлесіп жатқан. Дауысы дөл құлағының түбінен естілгенге денесі дір етіп бері бұрылса Орынбасар төсегінің шетіне отырып жатыр.

– Қой айналайын, орныца қайқай! – деп, батыл тойтарғанмен көзі ілінбей таң атырды.

– Мейлі, ендеше. Мен еркектік міндетімді мойнымнан түсірдім, – деп, мінгірлекен Орекен жастыққа басы тиісімен қор ете түсті.

1 сәуір, 2003 ж.



## ҚЫЗ АРЫ

Студентпіз. Дүние достық пен маҳаббаттан ғана тұрады деп түсінетін дәурен. Ай да, күн де, адамдар да тек біздің тілекшіміздей сезінетін балауса балғын шақ. Бірге оқитын Назым жолдас жігітінің туған қуніне шақырды. Алақандай тана көзім жарқыраған томпақ ерін қара қызыбын. Жатақхананың алдында бізді күтіп тұрған жігіт бірден ұнамады. Назымды оңашалап:

– Немене, мыналарың көшениң қаңғыбастары сияқты сиықсыз екен, – десем; ол:

– Ештеңе етпейді. Жұмыстан шыққан беті. Жатақханасына соғып жуынып, киімін ауыстырады-дағы.

Сол уәжге тоқтап жүріп кеттік. Жолшыбай тағы екі жігіт қосылды. Мен степендиямның соңғы тиынына дейін санап шампан, торт, гүл алдым.

Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Қөліктек алтаумыз – екі қыз, төрт жігіт қалғанда қала шетіне жеткенімізді байқадым. Одан соң да үзаңқырап тегіс жер іздең палатка құрмақшы



болдық. Жаңбыр бір жауып өткенімен күз әлі күшіне ене қоймаған. Сонша шығандаганымыз маған ұнамайды.

Кейін қосылған екі жігіт тағы бір жерге кетті. Брезент палатканы құрмакшы болып мен біраз тыраштандым. Торкөз жұқа футболкасынан кеудесінің кірі айғыз-айғыз болып көрініп тұрған жүқалтаң жігіт:

– Ой, қойшы, әлгілер келсін, – дей береді. Бұтадан кесіп екі-үш қада қактым да, жалғыз өзім күшім жетпесін көрген соң мен де қойдым. Назым жігітімен қол ұстасып жылғаға жоғалған.

Кейін гой, палатканы тікпегеніміз қандайabyroй болған деп қуанатыным. Қазір “неткен жалқау жігіттер!” деп бүркүлдап журмін. Олар тағы қызызыз, арақ-шарап тола сөмкемен оралды. Көнілді кешіміз басталып кетті.

Түн ортасы ауа екі ұзынтура илектенген палатканың ұстінде жантайып қорылға басты. Мен де бұйырып көзіме үйқы тығылып манаурай бастағам. Иығымнан тұртіп қалып.

– Жел, былайырақ барып серуендейік, – деп өңешін созған кірқожалақпен жетектесіп қорылдағандардан ұзап шыктық. “Қайдан ғана келіп едім?” деген уайым мендей бастаған. Қалаға жету арман. Мысықтабандап жылжыған қорқыныш бойымды билеп барады. Назымы түскір қайда қурып кетті екен! Сасық иіс пен



бейберекет қорылдан құтылғанмен мына қожалақ та осал жау емес. Бойымыз қарайлас. Әйтеуір бірге бір болғандығым ғана көнілге медеу. Сайлау беткейге тізе бүктік. Отырғанда тұнгі қала шамдары көрінбей қалады еken. Ол да болса дәтке қуат еді. Көнілімнің алағызғанын, денемді ұсак дірілді қорқыныш жайлап алғанын байқатпауға күш салып бақтым. Ауыз жаппай сөйлесудемін. Жігітім құлағын салпитып тыңдал отыр. Мен байғұс таң қашан атар еken деп екі көзім төрт болуда.

— Ой, сен қыздың мылжының бітпейді еken. Кел, одан да, — өңмендеп құшақтамақшы. Атып тұрдым. Үріккен тайлақтай одыраңдағаным карайтын жігіт жоқ. Әукесі салбырап тағы үмтүлды. Лып етіп отыра қалып ауа қарматтым. Құшағынан сыйтылып шығып үйықтаң жатқандарға карай жүгірдім.

— Әй, мыналарыңа қой десендерші. Ұят қайда? Мен сияқты қарындастарың бар шығар, — деп шыр-шыр етем. Абырой болғанда оятқаным аз-кем ұяты бар азамат еken, ара түсті. Абыр-дабырдан оянған бүйра бас шойқара боктанып жатыр.

— Өлі ештеңе тындырмагансың ба, сүмелек?! Саған жол беріп жүрген өзім де онбаймын. Несіне уәде беріп едім, қызығын өзім көрмей? Әуелі сен бокмұрын, сосын біз деп. Қап! Қолынан

## АНА ҚЫЗҒАНЫШЫ

Поезд бекетке уақытынан кеш келді. Жолда түйе басып кетіпті. “Осы халық малына ие болмайтыны несі? – деп, ойлап отыр әкешешесінің үйіне келе жатқан Махфуз. – Поездың жүретін уақытын біледі. Түйе жарықтық та қызық. Рельске бір шығып алса, ешқайда бұрылуды білмейді. Поездың алдына түсіп алыш тапырактайды да отырады. Пенде де кейде түйе тәрізді. Тағдырдың иіріміне жолықса шырқ үйіріліп кете барады. Адам деген атымызды ақтай алыш жүрміз бе?” Әрнені бір ойлап, асықпай аяңдал бескеттің батыс жақ шетінде тұратын інісінің үйіне жеткенше шам жамырап, қас қарайды.

32



Есік ашық. Жарық жок.

– Балалар, қайдасындар? – деп, бір дыбыс беріп алыш, шешесінің бөлмесіне кірді. Мұнда қазір нағашы әжесінің орнында өз қызы Алтынай үйықтайды. Әжесі ауырганда келіп көмектесті. Содан бері осындағы мектепте оқып жүр.

Аз-кем кідірді. Көңілі бұрынғыдай бұзылған

жок. Шешесін жерлегелі де біраз болыпты. Үақыт шіркін ұршықтай зырылдайды.

Жас жұбайлардың бөлмесіне кірді. Келінің төгілдіріп қызыл жібектен істелген желбіршекті шымылдығына қызығушы еді. Ешкім жоғын пайдаланып үстап көрді.

Осыдан он бес-жырма жыл бұрын тұрмыс құрган өзінде мұндай шымылдық болған жок. Аядай екі бөлме. Біреуінде ата-енесі түнде үйіктағаны болмаса, күндіз қонақ келгенде таза тұрсын деп үнемі жауып, кілттеп қояды. Іс жузінде толып жатқан қара домалак қайнұлары, ата-енесі, кіріп-шыққан көрші-қолаң бір бөлмеде сапырылысады да жатады. Таңғы сағат 5-6-дан тұнгі 1-2-лерге шейін жас келінде бір мігір жоқ. Осындай шымылдығы болғанда гой. Сырқырап кеткен аяқ-қолын емін-еркін созып дамылдаپ алар еді-ау. Әй, шіркін...

Радиодан бір керімсал күй төгіліп тұр. Ерке келіншек былқ-сылқ басып жүргендей ме? Сынқ-сынқ етіп күлгендей ме? Көтек, радиосы ағытулы. Бұл не болды еken? Өлде теледидарын сөндіруді үмытып... Қайда жүр өздері? Бұл төргі бөлмеге кіріп келгенде домбыраның үні кілт үзілді.

– Сәлем бердік, апа! – Биязы қонырқай дауыс. Інісінің үні емес. Және ол домбыра тартпайды. Махфузаның миында найзағай жалт етті. Қолы босағаны сипалап жарықты шырт еткізді.



Алтынайы бетін екі алақанымен басып алыпты. Жігіт орнынан тұрып бері бір аттап тоқтады. Қол беріп амандаспақшы болды ма, домбырасын сол көліна ауыстырып сағағынан қыса үстапты. Мұның түрі әлемтапырақтанып кетсе керек, жас жігіттің батылы жетпей, кері бұрылып домбыраны орнына ілді. Ұйыған үнсіздікті қызының қуанышты даусы бөлді.

— Мама! Қашан келдің? Біз поезды кеше күттік. Келмейін дегені шығар деп едік. Түү, көзім қарығып кетті. Түк көрмей қалдым.

Ууф, көзін басқаны екен. Әлдене үят істеп бетін басқаны ма десе. Бәсе, Алтынайы жеңілtek бала емес еді. Мына бозбаланың да сөлемін алмадым. Тіпті әлі ауызын ашпаған екен да!

— Көкен қайда?

— Жұмыста. Женешем вечер болатын үйге көмектесем деп кеткен. Анада Шынарды ала келем деп едің ғой?

— Балабақшаға бердік. Құн де сұыта бастады, ауыртып аларсындар. Әрі сенің окуына кесірін тигізе ме?

Махфузә жауап беріп тұрса да ойы бөлмеге кіріп келгенде көрген көріністе. Төрде отырған жігіт, оның тізесіне шынтағын қойып жантайған қызы. Жоқ, бекер. Молдас құрып домбыра онгергенде оның қай жеріне шынтақ қоймақшы?

— Неге қаранғыда отырсындар?

– Байқамаппыш. – Қызы қызарып кетті.

Мүмкін қарандылықты әдейі қалап... Түү, не деген күдік. Тырнақтай Алтыны жігітпен оңаша... әйтсе де, қызы бұрынғыдай жүгіріп келіп құшақтамады. Неге? Өлде жігіттен үялды ма?

Жігіт шығып барады екен. Бойы сиректай.

– Қөкемді күтсөнізші! – Қайтеді-ай, мына қызы түскір. Үнінде өтіну, қимастық діріл бар ма? Тіпті жалғынғандай ма?

– Бұл кім өзі?

– Қөкемнің кластасы. Маған домбыра үйретіп жүр.

Қызы шәй қайнағанша домбыраны қолына алғып жаңа естіген күйін тартты. Әжептәуір дыңғырлатты. Тартып болып шешесінен мактау күтіп күле қарады. Бұл күле алмады. Қызының табысына қуана алмады. Қөнілін жайлаң алған күдік пе, қызғаныш па – өзі де ара жігін ажыратса алмаған бір пәле темірдей уысынан босатпай қойды. Қызының қауырсындай үлбіреген аппак салалы саусақтарына, күй тартқанда ілгері ұмсынып сүйірленген өдемі иегіне, акқудай ұзын мойнына, жастықтан алабұрта алаулаған алқызыл өңіне, жазық мандайдан тік түскен қыр мұрнына, қуаныштан атай салған көздерге сұқтанбау мүмкін емес. Жауырының құнжитып күйді беріле тартып отыр. Дұрыс отыр деп ескертүі керек екен. Тартып болсын. Топ-толық бұрымы алдына суси

береді. Ойбай-ау, қызы әбден бойжетіпті. Өсірсек жаңағы жігітке қиыла қарап, өтінгені... Түү, барлық шеше мен құсап қызын қызғана ма екен? Қой, қызын енді мұнда қалдыруға болмас. Өлер әжесі өлді. Аға-женгесі құнұзак жұмыста. Жоқ, не де болса өзінің көз алдында жүрсін.

— Тағы не үйретті? — Құшақтасуды, сүйісуді үйретпеді ме? — дей жаздал, өзін зорға тежеді.

— “Елім-ай”-ды білем. “Камажай”. Сосын “Фалия-ау”-ды айта алам, — қызы мактанды жатыр.

Қайырғали келді. Шаңнан көзі ғана жылтырайды. Апасының келгеніне шын қуангана көрініп тұр.

— Маңғыстаудан ақ тас тиеген вагондар бүгін ғана жетті. Жексенбіде ешкім қозғалғысы келмейді. Өзім қолдан істемесем өнетін түрі жоқ.

— Жұыныңп жатып: — Жеңешене апам келгенін айт, — деп, Алтынайды жүгіртіп жіберді.

Келін шақыртып алғанға ренжіген тұр байқатпады. Жанында жаңағы жігіт. Қаздай тізіліп жетіп келіпті. Алтынай шәй қүйді. Келін ас салды білем, кешігіп кірді. Жігіт кесемен қоса қыздың нәзік саусақтарын қамти үстап шәй алды. Бұл да шеше көніліне шашшудай қадалды.

— Жеңешен шәйін өзі қүйсын! — деп, дауысын көтеріңкірей айтып, қызын қасына алды. Қелін қипақташ:

— “Үйренгенім, өзіме жақсы” дейді ғой

Алтынның өзі. – Айтақын келгенде үнемі шәйді өзі құяды дей жаздал, іркілді.

– Не вечер ол? – Қайыргали сөзді бұрды.

– Зұлқар мотоцикл алып... Машина алсам бүкіл ауылды шақырам. Бұл тойға тек достарымды жинап жатырмын деген соң. Өзің үйден шықпайсың. Мен сонда болсам сен де келер деп... – келіншек акталып жатыр.

– Ал, мен сені үйде күттім. Ілестіріп әкел деген соң.

– Шашу апардыңдар ма?

– Ие. Ұзамай өзім де үйден шықпайтын болам, – ұяң құлімсіреп төмен қарады. Гүлді жұқа көйлекten іші дәңгеленіп қозғалғанда білініп қалады.

– Бопты. Енді апамды күт.

– Өзі де бармаймын. Сені көп сұрады. Ертең Айтақын екеуің кіріп шығарсың, ие?

Алтынайдың шешесі жастарға сын көзімен барлай қарап отыр. Өз інісі соншалық сабырлы. Сирек сөйлейді. Келіні бадырақ көзін тәңкеріп құлімдегені, жауап қатқаны болмаса ол да сөзге жоқ. Алтынайы ғана оны-мұныны сөз қылышынғырай құледі. Қонақ бала иба сақтап отыр ма, әлде бұрынғы әдеті ме, жымығаны болмаса сөзге кіріспей тек отыр. Бұл неге тойға кете бермейді? А, ия, ертең деген екен ғой. Құндығісі осы ма, әлде тек бүгін бе? Ет жеп, қонага үйіне азар кетті.



Әңгімешіл Алтынайға бәрі қараган. Айтакын көзін айырмады десе болар. Әйтпесе күдіктің көзі қырагы ма?

Махфузада табан астынан бүгінгі поезбен ауылына оралмайтын болып шешті. Қөп болса бастығы бір сөгіс берер. Қөп болса үй іші бір әбіржір.

– Ертең кетем, – деді қысқа ғана.

Тұнімен қызын құшақтап жатып ойы сан-саққа жүгірді. Таңда талықсып көзі ілініп еді, қызының дыбысынан оянды.

– Қайда тұрдың? Сабакқа өлі ерте емес пе?

– Сиыр сауам. Өріске айдайтын уақыты болып қалады.

– Женешең ше?

– Мам, үйренгенің өзіңе жақсы деуші едің ғой,  
– деп, қызы жұмсақтап жатыр.

– Қой, бар! Оят ана қатынды! – Қараши-ей, бұларды! Мұның қаршадай қызын жұмсаң қойып, өздері пырылдаң үйықтауды! Ашуы басына шапшып, жүргегін қара мысық ондырмай осып түсті. Енді жата алмады. Күйбендең керосинкаға шәй қойды.

– Апа, мұның не? Үйықтай тұрмадыңыз ба? – деген інісіне.

– Бәріміз... – сенің жұмысынды істеп, қызыым сиырынды сауып, өзім шәйінды қайнатып, – демекші болды да, ашу сөзін көмекейінде іркіп,

жөткірініп сөзін түзеді: – Бәрібір, үйқым ашылып кетті, – дей салды. Інісі айтпаған сөзін жүзінен таныған сияқты. Іле-шала келін жүгіріп шығып дастарханға жармасты.

– Әй! – деді кешеден бергі ызасы мен өкпесін осы, сөзге сыйғызып: – Жу беті – қолыңды. Асты арамдайсың! – әмірлі үнмен.

– Қазір, – деп лып ете түскен келін өз бөлмесіне зытты. Құман – шылапшынын көтеріп шықты. “Ә, дәретін өз бөлмесінде тығылып алады екен ғой. Қап, қатты айттым ба?”

Таңғы ас үстінде өзінің Алтынайды үйіне әкететінін, қазір мектептен құжаттарын алуға баратынын хабарлады. Інісі түйіліп ештеңе демеді. Келіні:

– Апа, мұғалімі: “Алтынай алтын медальға бітіреді”, – деп жүр. Енді алты-жеті ай ғана қалды ғой. Біржолата мектеп біткен соң алам дегенсіз, – деп киылады.

– Мам, осында үйреніп қалдым. Бітіріп, бірақ барсам қайтеді, – деп қызы шырылдайды.

Бірақ шеше өз пікірінен қайтпады.

– Менің мінезім ауыр. Ініңізден сөзді сұрап ала алмайсыз. Алтын кеткен соң құлаққа ұрган танадай жым-жырт болып қаламыз-ау, – деп мұңайған келініне “өзіңе сол керек” дегендей табамен бір қырындал қарап қояды. Өз қылышына өзі үялса да іштегі кара мысықтың үдай ашы



тырнағының орны ештеңе ойлатпайды. Қызын мұнда бір секунд та қалдырығысы жок.

Айтақын да қалаға жүріп барады екен. Қол жүктерін көтерісті. Бұл шеше күдігін қүшетті, шешімінің дұрыстығын бекітті. Дегенмен дәл кешегідей тілсіз күдік пен беймөлім ызаға бой алдырмады.



## МЕЙІРІМ

Алтынай маңдайын ондырмай соғып алды. Көз алдында мың сан жұлдызша шашырап, қызылжасыл шеңберлер сақиналанып барып түнекке сіңіп жоғалды. Миның ішінде біреу дұрс-дұрс соғып жатыр. Жоқ, есік сияқты. Иә, таңғы З-те апасы поездан тұсуі керек еді. Есік, есік қайда? Қабырганы сипалап электр түймені шырт еткізді. Енді, міне, бәрі орнына келді. Самаладай жарықта есікті табу қын емес.

Кеше күн ұзак ойнады. Кешке тұнгі кезекке жұмысқа кететін әкесінің тамағын пісірді. Бірінен бірі кіші бөпелерін жуындырды. Үй тазалады. Әйтпесе екі күн не бітірдің деп апасы үрсады ғой. Енді үйіктаймын дегенде емшектен жақындаған Шынар шырылдан кеп жыласын. Әрі-бері көтерді, аяғына салып шайқады. Ұрсып та, ұрып та көрді. Болмаған соң қосыла жылап жатып сілесі қатып үйіктап қалыпты. Өз бөлмесінің есігі батысқа қараған, ал әке-шешесінің бөлмесінің есігі керісінше. Тас қаранғыда адасып жүргені сол.



Осының бәрін қас-қагымда миынан зыр ете түскен он үш жасар қыз асығып есікті ашып жіберді. Апасы соғып жібере жаздады, бұл тез бұлт етіп ас болмесінің есігіне сұнгіп кетті. Кірпігі жыпылықтаң қапелімде ештene ұқпай тұр. Басын қылтитқаны сол еді апасы сөмкесін жіберіп үрды. Сөйтті де дәрмені құрыған әйел қабырғаға сүйенген күйі тәмен сырғи берді.

Апасының сөзінен ұққаны: екі сағат жарым өз үйіне кіре алмай, өлең төсегіне жете алмай сарылышп есік соққаны; бір сағаттан кейін қызметінде қақшиуы керектігі; зарының құдайға жетпейтіндігі; нағашы өжесінің ауруы мендең кеткендігі; мұнын естітін есті құлақ, ұгатын жүрек жоқтығы...

Алтынай тыңдай жүріп шәй қойды. Шешесі жақсы көретін шойын құманға су томыртқылады. Қонақ келгенде ғана ұстайтын жалтырақ жез шылапшынды алды. Сұлгісін қарына іліп апасына жақындалды. Махфузә ала көзімен қарағаны болмаса ұруга ниет қылмады. Жұынды, шайынды. Алтынайдың демеген қолына сүйеніп, кираландай басып дастарханға жақындалды. Қызының құйған кою шайын ішіп қабагы жадырайын деді. Бұл кезде дала жап-жарық, күн өжептәуір көтеріліп қалып еді. Енді үйықтаң береке таппасын білген шешесі қызметіне жиналды.

Қызы тарағын әкеп берді. Зыр жүгіріп жүр. Апасының шашы аппақ болып кеткенін қалай байқамаған. “Аяғымның кемдігіне қарамай осы балаларымның әкесін тобығыма түскен ұзын, жуан бұрымдарыммен “байлаң” алғанмын”, – деп, қатар-құрбыларына құліп айтып отыратын. Сол шаш қысқара-қысқара аш белден келіпті. Қартайғанда шаш кейін қарай “өседі” екен-ау. Сүйылып, қысқарып, ағарған шашын тараң отырган анасының басын жұп-жұмсақ ыстық алақанымен аялай сипаған Алтынай:

– Ауырмай ма? – деді еркінен тыс. Мұң мен аяушылық мөлдіреген қызының көзіне қараған ана:

– Құлыным-ай, қолғанатым-ай! Үйдегі баланың үлкені болған соң саған ұрса берем. Тілім тиіп кетті ме, қолым тиіп кетті ме, кешір, құлыншағым. Өжеңнің ауруының түрі жаман. Атаң мен нағашы ағанның күйігі қояр дейсін бе? Ұш моланы қатар салып мен анырап қаламын ба деп қорқамын, құлыным. Ең болмаса кенжесінің әскерден келгенін көзімен көріп кетсе екен.

Шеше сөзіндегі аңы заһар жүрегіне төгілген Алтынайдың иегі дірілдеп кетті. Апасы өз шешесін, қызы өз шешесін аяп егіліп қоя берді.



— Апа, — деді өкси тұрып, — мен өкеме барайын. Тамағын істеп берем. Дәрісін ішкізем.

— Өжең жатып қалды ғой.

— Түргышып алам!

— Құлыным, жүргегіңен айналдым Сенің!

## “ЖАМАН” КЕЛІН

Қанымша кемпір Алматыдағы туысқаны қайтыс болып, бата оқуға келді. Қеліні де қарсылық білдірмей: “Барсаңыз барыңыз. Өрі маған самаурын мен қасқан сатып ала келерсіз”, – деп тапсырды.

Биылғы жаз жаңбырлы. Шөп қаулап өскен. Бірақ малдың қоны жұқа. Білгіштер ылғалдың көптігінен шәптегі бактерия өлмей, қүннің ултракұлгін сәулесі жеткіліксіз болғандықтан деседі. Қойдың ауызы жас баланың ауызындай үылып тұр. Ашудаспен сұрткен болады. Тұяқ арасын жара басып кеткен. Оны каралинге малып өуре. Соның ішінен тәуірлеу біреуін сойып, тұздап жеткізген.

Қырқын өткізуге туралап келген-ді. Қаласының салты – үй тарлық етеді деп кафе жалдайды екен. Онысын да көрді. Арағы жоқ демесең тойға жайғандай жайнаған дастарханнан дәм татып, бет сипады. Енді келіннің тапсырмасы қалды.

Оның да орайы келе кетті. Осылардың туысы – қалбақтаған Қигаш дейтін жігіт базар аралатты.



Кешіне шаршап, шөлдеп соның үйіне келді. Есіне енді тұсіп жатыр, ел осы үйдегі келінді мактамайтын. Сынап қарайды. Амандасуы жаман емес. Ылдым-жылдым шәй келді. Сұтсіз. Өзі кара, өзі ыстық шәй күйдіріп барады. Шыны аяқ сұрады. Өдемі шынының тайпиган тәреңкесі ынғайсыз. Түү, тірліктері бар болсын!

Інкәлі мен тұздығын мол етіп шекімдей ет асыпты. Жаздың жуан ортасы болса да көк-сөктен ештеңе қойматты. Саран ба, әлде мұны кемпірсініп жемес деді ме? Өсіресе, келіннің ертеңгі қонақасыға бармайтының естігенде жағасын үстады.

Қанымшаны елінде ақылды, тапқыр, жөн білетін кісінің қатарына қосады. Бұл келінгі де ақыл айтқысы келіп, аузызы қышып барады.

– Жасың біразга келді. Ағайын-тумаға араласып тұру керек, – деп бір қойды.

Келін бір езулей жымиды. Қанымша “кәпір, аузы қисайып, жын үргандай” деп жақтырмай қалды. Бірдеңе айтқысы келген, үмсынған түрін көріп:

– “Ағайын бір өліде, бір тіріде” деп мақалдады. Араласқанның жақсы екенін дәлелдеді. Ақыры келін де ашылып сөйлей бастады.

– Олар үйіміз тар, атаулы кісіміз көп, сыймайсың. Келмей-ақ қой деген өздері, сосын... сондықтан...

Мұны естіген Қанымша: “Қап, сонша көсемсіп нем бар еді?” деді іштей, сонда да сыр бермей:

– Ал елге неге келмейсің?

– Барғанбыз. – Аз-кем тосылды. Әрі-сәрі ойдың көлеңкесі қабағы бір шытып өткізді. Сөйлемесіне қоймай тақымдаған Қанымшаға қарап бір жұтынып алып, келін ұзақ-сонар сөзге кетті.

– Елдегілер біздің тойымызга келе алмады. Жер шалғай. Сосын ұлымызды мектепке берерде тойға шақыру сылтауымен өзіміз іздел бардық. Осы босағаға келін болғаныма сегіз жыл дегенде өзім іздел... Қона, түстене жүріп күйеуімнің барлық туысын аралап сәлем бердік. Ақ жарылыш қуанған ешкім есімде қалмапты. Қайтарға алған билетіміздің күні жақындағанша зорға шыдады. Біз өдейілеп бардық қой...

Тіпті ортанышы қайнағаның келіншегі: “Жолымнан қалдым. Емшіге кетіп бара жатыр едім, қайдан келе қалдыңдар”, – деп жылап, шөт-шөлекейімізді шығарды. Қатарымыз деп жиендерінің үйіне үш түнедік. Телефонмен құрбысына шағынып жатқанын естіп қойдым. Өлде өдейі естісін деді ме?

– Мына бір сұмсіктер келіп алып кететін емес. Баласы ауру. Мазаны алыш бітті, – дейді.

Олардың екінші ұлы Жомарт біздің баламызбен жасты екен. Құніұзақ велосипед тепті. Құні бойы менің ұлым “бір тебуге берші” деп жалынып



великтің артынан далақтап жүгірумен болды. Бала неме қызығады ғой. Жомарттың мінезі жомарт болмаған соң не шара? Не өке-шешесі туысың ғой, бірге ойнай ғой демеген соң ба, ол бала бір минутқа да мәшинесін қимады. Алқынып келіп сұық су іше берген соң ба кешкісін балам қалпақтай түсіп екі күн ауырды. Қиғаш ақ көңіл, мұның бірін байқамады. Мен де туысын сағынып келген көңіліне қаяу түспесін дедім, ештеңе сездірмеуге тырыстым.

Бәрібір аяқтай барып шакырганмен тілашар тойға ешбірі келмеді.

Қанымша аузын ашып тыңдал қалыпты. Мұны елге айтса өсек, ал айтпай қалай шыдасын?

Ойға батқан Қанымшаны түгел актарылғысы келіп тамағын кенеген келіннің үні бұзды:

— Мұндағы туыска да қадірім жок. Бірде шәкірттерімді мұражайға апарғанда дәл іргесіндегі тетелестің үйіне кіріп, амандығын біле салмақшы болып бұрылдым. Абысын балконнан кілемшесін сілкіп түр екен. Мені байқай салып, ішке кіріп кетті. Есік ашуға кетті деп мәз болып күтемін келіп, күтемін келіп. Есіктің қонырауын басамын, басамын. Ашпайды. Кейін сұрасам: — Қонырау кейде естілмейді, бергі жағынан антресоль қағып едік, — деп ақталды.

Сондықтан елден біреу-міреу келсе, қарсы аламыз. Шама-шарқымызша күтеміз. Өзім

ұмтылғанды қойдым. “Сүйретіліп келіп қалдындар ма?” деп, кекеп-мұқап жақтырмай отырғаны. Тойына долларлап шашу шаша алмаймын. Қазы- картасын сірестіріп, жал-жаясын жайнатып дастархан жая алмаймын.

Мінім сол шығар, – деп, сөзін құмығып бітіріп, дастарханын шұқып отырып қалды.

Қанымша не дерін білмеді. Тұртпектеп келінді сөйлеткеніне өкінді.



## БАУЫР БАСЫП ҮЙРЕНСІН

Сәлима екінші келін түсірді. Дұрысында Дәурен – тұңғышы. Алматыдан оқып, дипломын алған соң бірер жыл қызмет істеп барып үйленді. Бұл кезде алдыңғы жылы шаңырақ көтерген Даданның кішкентайы былдырлап жүрген. Жас келін шай құйып отыр.

– Ал, аталар, апалар. Жастар баратын жеріміз күтіп қалар дейді. Вечер дей ме? Осы қызметіне риза болып рұқсат етейік, – деді Сәлима шай біраз ішілген соң.

Алды елуге ілігіп, соны қырықтан өкше көтергендерімен үлкендікті мойындей қоймай, қылтиып киініп, онды-солды әнгіме сапырган тойшылар:

- Япырай, ө? Біздің келін ондай вечерге жиналса, дастарханға жоламай-ақ, боянудан қолы тимей “шау, мен кеттім”, – дер еді.
- Барсын, барсын. Біз де жас болғанбыз.
- Иә, келінің тәрбиелі бала екен. Алдынан ак күн туғай, – десті.

Ендігі әнгіме келінге, одан немереге ойысты.

Немеренің тілі шыққаны тіпті тәтті. Үй иесі Қөнілшаттың қылықтарын айтып тауыса алар емес. “Бірде Даданым даладан кіре сала:

– Алши мына “қайыршы” қызыңды! – деп, баланы қолыма ұстата салды.

– Қойши, “қайыршың” не? – деп ренжісем. Бір топ достарыммен әнгімелесіп тұрсам, сенің қызың алақанын жайып өркімге “бейші-бейші” деп ұмтылады. Жас сәбидің титімдей саусактарын тарбитып “бейші” деген нәзік үні құлағына естілгендей елестеткен көнілді топ тағы күлкіге көмілді.

– Сәлима, сен ғой “алшы-алшы” дейсің. Бұл дәу де болса атасы Інірбайға тартқан қыз еken деді күшкештеуі.

Мәкеннің ойына Қарлығаның:

– Апа, сіздің құрбыныз Сәлиманың үйіне ауылдың студенттері топырлайды да жатады. Ас үйге өздері кіріп-шығып шайын қойып, ішіп кете береді дейтіні рас па? – деп сұрағаны оралды. Қиялдаپ кеткен еken:

– Қой, неге бөлек шығарам? Бөлме жетеді. Келген қонағымды күтіссін. Ата-енесіне аз-маз қызметтің істесін. Екі келін екі бөлек отбасында тәрбиеленген. Күні кешегі жас қыздар. Бір-біріне бауыр бассын. Білмегенін үйренсін. Сосын да бөлек шығару қашпас. Қазір бір-біріне жақындаспай жатып бөліп жіберсем жат болып



кетпей ме? Әрқайсысы жеке басының қамын күйттеп тек өзім деген жекеменшілдік қалыптаспай ма? Ақылдасып, шұңқілдесіп шаруасын бірігіп істесін. Қанаты талғанға қамкор бола білсін. Осының бәрін бір есіктен кіріп-шығып жүргеген соң қалай сезінеді?

Сәлиманың сабырлы үнінен соң алды келін түсіріп, соны соған дайындалып жүрген тәжірибесіз “енелер” мен “аталар” ойланып қалды. Рас-ау, бәрі тәрбиемен келмей ме? Осы өздері келін-баланың ығымен кетіп жүрген жоқ па еken? Не өнеге көрсетіп едік дегендей бір сөт үнсіздік орнап, әркім өз ішіне үнліп кетті.



## АЛЛАНЫҢ ҚҰДІРЕТИ

Салиха иығынан өлдекім тұрткендей оянып кетті. Бұл бір сергек ояну еді. Өдеттегідей қолаяғы сырқырап қақсан ауырғаннан емес. Сіңірі құрысып бебеу қақтырған мазасыздықтан емес. Үйқысы қанып мамыражай оянған баладай бейқам.

Әйгерім бүк түсіп бүрісіп үйықтапты. Тоңып жатыр ма екен, жарығым? Қызын қамқорлап көрпесін жаба қою Салиха үшін арманғана. Өзі біреудің көмегінсіз тәсегінен арбасына ауысып отыра да алмайды. Сексеуілдің шорланған бұтағындай сірепсек буындары, керек емес бағытқа қисайып тарбиған башпайлар мен саусақтар. Қол-аяқ өзіне бағынбайды. Денені қойып тіпті қиялды да бас білмейтін асаудай алыс қыырларға ала қашады.

Балауса балалының балалығы өткен жасыл жайлау елестейді. Тау-тасты қағып аң аулаған әкесі Қайырбай, ақылшы анасы Дәрітай. Зенгір көк аспан. Сылдыраған кәусар бұлақ. Аспанға шаншылған аппақ сәлделі қарт Алатау. Қозылақпен жарыса құлдыраңдай жүгірген сәби



Салиха. Сыландаған сұлу студент Салиха. Алғыр, өжет, ақ алмастай жарқылдаған аспирант Салиха – көз алдынан бір-бір сырғып өтті.

Жок! – деді жігерлене, – келместі ойлап кеміріле бергенше күнде алдымға бір кішкене мақсат қойып, соны тындырганша басымды жастыққа салмауға серт етемін!

Таңғы мөлдір ауадай санасы сергек. Сак құлағына тепкішекпен көтеріліп келе жатқан аяқтықыры естілді. Кім болды екен? Өздері екеу сияқты. Үшінші қабаттағы мұның пәтерінің алдына тоқтағандай ма? Сөйткенше болмай есіктің қонырауы шырылдай жөнелді.

Өуелі акырын “Әйгерім” деп дыбыстады. Дауысын көтеріңкіреп тағы шақырды. Үйқыдағы қызы қапелімде оянар емес. Жан жағын қарманып ештеңе таппады. Жастығын лактырып көріп еді – жетпеді. Жок, бұл келген кісілерді қайткен күнде де кіргізу керек! Есік ашу керек! Осы кісілер бұған бір сөулелі жаңалық өкелетіндей жүрегі өрекпіп есікке үмтүлды.

Табалдырықтан аттай бере, осыдан екі жеті бұрын Мекке Мәдинеге қажылыққа кеткен көрші түрік әйелі екі қолын көкке көтеріп, көзінен жас парлап:

– Иә, Аллан! Тілекті бергеніңе шүкір! Мың катте шүкір! Көргеніме разымын, иә Алла! – деп тәкпір айтып жатыр.

– Иә, сапарларыңыз сәтті аяқталып, елге аман-есен оралуарыңызбен! – деп, самбырлап Салиха да шын қуанып сөйлеп жатыр. Шешесінен жасы кіші, ал өзінен үлкен осы бір мейірман әйел қажылыққа жүрерде ұлы екеуі өдейі үйлеріне келіп амандасып-қоштасып кеткен. Қөптен бері араласады. Ортанышы ұлы Ғұрыпмас Салихага дін әліппесін үйретіп жүрген. Тілеулес жақсы жандар.

– Менін, Салиха-ау, Арафат тауында мінажат етіп дұға жасағанымда әуелі аузыма түскен сенің есімің болды. Алладан біз оралғанда есікті өз қолыңмен ашуынды тілеп едім. Тілегімнің қабыл болғанына, құдіретті Аллаһ тағала сені жүру бақытына ие қылғанына жүрегім жарыла қуанып түрмyn!

Салиханың санасына есікті өз аяғымен жүріп келіп ашқаны сонда ғана жетіп, қорыққаннан ба, қуанғаннан ба буын-буыны балауыздай еріп төмен сырғи берді. Ғұрыпмас жерге жеткізбей көтеріп алып орындыққа отырғыза койды.

Басы осы болды.

Қазір ауруды женген Сәкең көшпеде балдаққа, үйде аяққа мініп шауып жүр. Алланың құдіретінің шексіздігіне бас иіп, өзі де айналасына сенім мен иман нұрын шашып отырған Салиха Жайсекеноваға Аллаһтың шапағыта мол болғай.



## СҮЙІНГАЛИДЫ ӨЛТІРГЕН КІМ?

Тұла бойы тарамыстан ғана тұратындей көрінетін қатпа қара келіншек бүгінгі саудасына көңілі жай. Ақшасы томпиған қалтасын тоқмейілдене сипап қояды.

Бірақ үйіне жақындағанда жүрегі алабұртып бір аяғы екінші аяғын шала жаздал, жүгіре басып тәртінші қабаттағы пәтеріне ентіге жетті. Ал-ауыр ала сөмкені тастай салып есіктің кілтін құлпына сұға алмай, дірілдеген саусақтарына ие бола алмай састы. Іштен араша сұрап шырылдаған дауыс одан сайын дегбірін қашырды. Бөлмеге кіргенде көргені – естен танарлық сүмдыш.

– Ойбай, ол өз қызың Ақбота ғой!

56

Айқай құлағына кірмеген күйеуін аударып тастауға тырбанды. Қайдағы. Алпамсадай дәу сары жігітке қүші жетпесін білген сон қару болар нәрсе іздеді. Қолына бөтелкө ілікті. Қарақұстан бір періп қимылсыз қалған Сүйінгалидың астынан қызын жандәрмен құн суырып алды. Қөзіне түскен өзінің қызының киімдерін ала салып, үйден қашып шықты.

Көлденендей қалған машина:

— Вокзалға ма? — деді.

Бұлық – бұлық көшелермен зырылдап тез жеткізді. Ауыз жаппай сөйлеген жүргізушінің сөзі құлағына кірмеді. Көзі көріп отырып ештепе ұқпады. Бейне тірі өлік сияқты.

Өзіне дән риза шофер: “Үлгерттім ғой! — дегендегенде, жауап қатпастан көліктен түсे берді. Ө, бұның абыржұлы кейпімен поезга үлгермеймін бе деген қауіп ойладап, бағдаршамсыз көшелермен қуалап тез айдаған екен де. Және соңынан қуа келіп үлкен ала сөмкесін ұстадты. Бұл есінгіреп оған бір, сөмкеге бір қарады. Иә, 5-10 тенгесіне бола көтерме саудаға алған тауары ғой, мұны жоғалтса қарызға белшесінен батпай ма? Өзі үйден шығарда іле кеткен болды. Вокзалда күтушілер залының бір бұрышын иемденгені сол еді қызы “құсамың” деп әжетханаға жүгірді. Қайтып келіп отырар-отырмastaн “ішім” деп тағы безектеді. Сонда барып ес жиып, қызына сұық су ұртатып, беті-қолын шайғызып, таңдайын басқан болды.

Ойбу, нағыз зорлыққа тап болған қызы ғой, өзі емес. Жас сәбиге пана болар деген әкесінің қылышы анау, өзі мынау – есалан жандай болып отырған...

Бойы өзімен бірдей, он үшке келіп қалған Ақботаның басын кеудесіне қысуы мұң екен, екеуі бірдей егіліп қоя берді.



Ұзақ таңға кірпік ілмеді. Басында үйі, қойнында бойы бар өйелден бір-ақ сөтте қанғырған бейшаралық күйге түскеніне сене алмай отыр. Алдағы тірлігі не болар?

– Билетің жоқ болса, кет! – шегірткенің айғырындай шақ-шақ етіп қуалаған кезекші жігіт, қызын әжетханаға жібермей шу шығарған аңы дауысты әйел-көз алдынан елес беріп өтті.

Өуелі құжат сұрағанда қолы ішкі қалтасына барып қалып бөгелді. Ау, онда “барап жерім жоқ, жолаушымын, билет күйеуінде, қазір келіп қалар”, – деген өтірігінің беті ашылмай ма? Жоқтан танбай, ақша беріп 5-6 сағат аялдауын сұрады. Баратын жері жоғы рас. Қайнағасына қай бетімен барсын? Құрбы сөудегерлер acca 2-3 түнeter.

Таң атса екен тезірек. Атыраудың поезын күтеді. Алтынзер келсе.

Бұл әйелмен жай таныс. Ешқандай туыстығы жоқ. Нені дәметіп отыр? Өзі де түсінбейді.

Қара базарда бір құрбысының інісі қаза тауып, бәрі соған көніл айтып отырған. “Прими мои соблезование” дегендеріне көнілі толмай жаңағы әйел:

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,

Қияғы бүтін сұңқар жоқ, – деп, – Әй, қатпа келіншек, ауылдың баласы сияқтысын, – деп қасына шақырды. Құнге күйіп майдайының дәл

ортасынан ақ жол әжім түскен Гуля қарсыласпай білгенінше аударып бақты, Алтынзер бәрін жылатты. Сосын күлдірді. Қөп әңгіме айтты.

– Бұлығып іштен тынба. Айқайлап жыла. Түк айта алмасаң ініңнің атын айт. Қайғың ішіңе түсіп кетсе, не қылтамақ боласың, не язво желудок боласың. Әйтеуір бір жеріңнен шығады. Қайғыны бөліссөң-азаяды, қуанышты бөліссөң-көбейеді. Алтынзер айтты деп көп те жылама. Мен байғұс ағам өлгенде соның қадір-қасиетін қоймай қақылдаپ айта бердім. Жұрт айтқыш екен дегенге еселеп айттым. Түсімде аян беріп, қара орамалды қақ бөліп, жартысын маған ұсынды. Сол түс айнымай келіп, мектебіне бара жатқан жерінен қызыымды мәшине қағып өлтірді. Сабыр қыл. Белді бу.

Базаршылар аузын ашып тыңдады. Әңгімесін қызықтап Гуля үйіне шақырды. Ваннасына түсіріп, қою шәй дәмдеді.

Өзінің саудасы да қызық. Хан базардың қак ортасында тұрып алып: “Маған анау керек, мынау керек. Кім арзан береді?” – деп айқайлайды. Саудагерлер шулап тауын мақтайды. Ішінен таңдал алып, келесі жолы сенен алам деп жұбатып қойып, әңгімесін сапырып аулына қайтады. Апарғанын келін-кешшіктері сатады білем. Алғашында жастар жолдан желіне берген соң белсеніп өзі шыққанга ұқсайды.

Қанбак жортқан құба жон, жеміс ағашы өспейтін сор, еспе құмның қыстайғы сұғының сорып алар кереметі, қара балшықтың құянды қағып тастар қасиеті – әңгіме етпейтін тақырыбы жоқ. Ести келе Атыраудағы елдің бәрі Алтынзер апасындей данышпан, аккөніл әрі қамқор болып елестейді. Атырау аузына сондыктан түскен болуы керек. Алтынзер келсе тастамас, сол өлкеде тауық күркеге кірсем де далада қалмаспын деген қиялғана. Алтынзерді ойлағанда көнілі саябыр тауып, тынысы түзелді. Сол келсе мына оқиғаның түйіні өзінен өзі шешілердей ынтығады. Жоқ, мандайынан сипар жұмсақ алақанды іздейді білем.

Көз алдына шеті жырымдалып иленген бір парап қағаз көлбендейді. Сол – Гуляның балалық шағының ескерткіші. Онда да өз қолымен жазылған:

“Басы успеген ата иди. Улдин бири три булса баурымызга салип алармиз дп келген идик. Мунинукимат асрайд гой. Тесик муншак иерди калмис. Бәрибир бутен фамилияга утип кетет”.

Жол апатынан қаза тапқан ата-ана, үлкендікішілі екі ұлды ізделеп келген туысқандардың айтқаны-мыс. Онда араға жеті жыл салып паспортын алған соң ізденгендегі тапқан дерегі осы болды. Аурухананың мейірбекелерінің туысың айтқан сөзі еді дегенге кайта-қайта айтқызып қағазға жазып алған. Бойтұмардай сактаған.

Жүрегі сыздал өлденені аңсағанда әлдекімді сағынғанда алып оқып жүрді. Сөз мәнін үқкан кезде іздеудің қажетсізін пайымдады. “Жетім қозы тас бауыр, тұнілер де отығар”.

Көз ілмеген күйі таң атысымен қызын ілестіріп алып базар сөмкесін жайғастырды. Ешкімге өз халінен жарты ауыз сөз қатпады. Тек Алтынзерді вокзалда күтетінін, егер көрсе бір дерегін білдіруді өтінді. Бірыңғайланған соң санаса – бар жиганы Атырауга дейінгі екі билетіне жетпейді екен.

Тұнемеге вокзалдағы үйреншікті орнына келді. Бір тәуірі бүгінгі кезекші басқа екен. Осы жерде ертеңгі поезды күтеді. Алтынзер келіп қала ма?

Ақбота екеуі өжік-күжік сөйлесіп қояды. Кешегідей емес қызы дірілдеуін қойып, бір-екі сөзben тіл қатуға жарады.

- Үйге кім келді?
- Арынғазы аға.
- Өйелін өлтіріп, тұрмеге түскен бе?
- Иә.
- Қанша отырды?
- Үш бөтелкे біткенше.
- Сен не істедің.
- Түшпара пісірдім.
- Жоқ, өлгі аға кеткен соң?
- Сабак оқыдым.
- Өкен ше?
- Телик қарады.

- Сен ше?
- Өзің қарама дейтін. Сосын қарамадым.
- Қарамасаң қайдан білесің?
- Дыбысынан.
- Секс кино ма? Құндіз?

Дауысының қалай шығып екенін анғармады. Жүрттың бәрі осыларға қарай анғарылған. Қызы шешесіне кінәлай қарады. Қап, әй-ә? Ақботасының іні-сінлілері шүпірлең ойнап отырса ·өкесінің көзіне қалқан, сезіміне сабыр болар ма еді?

Ақботаны босанарда дәрігерлер әрі-бері сабылған. “Таз маленький” дескен. Кесір тілігінсіз болмайды дескен. Тек бір қартан әйел үрланып келіп: – Дура, не соглашайся! Потом жалет будеш! – деген. Кейінгіні не қылады? Қазір жаны көзіне көрініп жатса. Стандартқа келмейді деп баланы операциямен алды. Алла бұйрығымен жарық дүниеге келерде нәрестенің бас сүйектері өзгеретінін, жамбас қуысының кеңейіп бейімделетінін кейін оқып білді. Кеш. Сөтсіз операция, ұзакқа созылған ем, жатыр сыртына біткен ұрық – қойшы, әйтеуір, жалғыз қызға қанағат тұтып қалуға тұра келді. “Сорлы, сорлап қаласын”, – дегені аумай келді. Сол жыл туған қазақ келіншектерінің бәрін жарып алу туралы ауызша бұйрық болыпты деген өсек журді.

Ал Гуля болса Сүйінгалиға дән риза. Баланы



шомылдыру, жаялық жуу, үтіктеу – бәрін өз мойнына алған. Ағасының – келін күшті малай тауып алыпты”, – деп кекеткені, жеңгесінің шымшымасы, құрбыларының қағытпасын да бойына дарытпады. Қамқорлығын өзгертпеді.

Сүйткен Сүйінғалиды өзі өлтірді ме?.. Иә, ол кезде әкесі де, ағасы да, жары да – жалғыз Сүйінғали болды. Бола да белді. Биік те берік қорғанның ішінде ойнақтаған алтын киіктей алаңсыз қундер-ай!..

Сүйінғалимен танысқаны да қызық. Көшеде гитара ойнаған топқа кіре алмай сыртынан қарауылдаш жүрер еді. Бірде атаманы саусағымен іліп тартып шақырды. Үйренгің келе ме? – дегені. Келгенде қандай. Соңша іңкәр көңілмен ұмтылғанымен бірі ойға, бірі қырға тартқан қынқылды өуендеуге келмес. Сүйінғали ұстаса-ақ болды өуені төгіліп қоя беретін гитара бұны тыңдамады. Мысы құрып жасыған көңілін жұбатайын деді ме, атын сұраған.

– Гуля.

Қыран-топан күлкі. Шырпының ішіндей шілмиген, төсі тақтайдай, тозығы жеткен джинси киген, қысқа шашты шынжау ұл дерлік тұлғасына қарап саусақ шошайтсын. Атаман ғана он жағына отырғызып қалай шертууді көрсете берді. Гулядан гитарист шықпады. Бірақ осы топтың өз мүшесіне айналды. Онда Сашка –



Сүйінғалимен тұрмыс құрамын деп ойлады дейсің бе? Сол қамқоры Сүйінғалиды өзі... өлтіріп...

Ұстамды еді-ау. Он күндей аға женгесінің пәтерінде оңаша тұрды. Тіпті бір тесекте үйшіктағандарын айтса құрбылары сенбейді. Кейін қойнында еркелеп жатып өзі де сұрады:

– Сонда неге тиіспедің?

– Енесінің бауырына тығылған қошақай құсан бүрісіп жаттық. Бұтаға қорғалаған торғай да тірі қалады. Бұта құрлым панам болсын дегенім фой.

Рас-ау. Қазір үйленбей жатып тесекте бас қосып, кейін бір сөзге келіспей шатұр-шұтыр міnez көрсетіп екеуі екі жаққа беле жөнелетіндер қанша? Сол ұстамды Сүйінғалиды...

Балғы бейнені санасында тірілтіп ойша тілдеседі өз қызына өзі шапқандай азғындыққа неге барғанын ұқпайды.

Сөйтіп, бұл таңды да көзбен атырды. Қызы мен екеуі жуынды тәрізді кофе ішіп келіп, үйренішкі орнына жайғасқаны сол еді – анадай жерден Сүйінғалидың таныс бейнесі көзіне оттай басылды. Гуля өз көзіне сенбей үңілді – “тірі еken-ау, құдайым-ай!” Тұра жүгіруге қуаныштан ба, қорыққаннан ба – аяғы жүрмейді. (Өзінің не үшін осылай қаңғып жүргені есінен шығып үлгерді).

Бұларға көзі түскен Сүйінғали тұрган жерінде жалп етіп тізесіне отыра кетіп, сол күйі бұларға



қарай жорғалады. “Қап, тойда асаба болғанда ғана киіп жүрген жалғыз костюмнің акшыл шалбарының тізесінен не қалады?” деп ойлап ұлгергенше тізерлеп келген әкесі Ақботаның аяғынан сүйіп кешірім сұрап жатты. Қызы ытқып өзінің артына тығылды. Ал Гуля екі тәуліктे көрген қорлығы есіне түсіп Сүйінғалидың мойнын құшақтай егілді.

Есін жиса, өздерін шенберлеп қоршаған қалың жұрт тырс етпесі Сүйінғалидың бебеулеген жырын тыңдал тұр. Ол тәкпектетіп келіп “кешір мені, Ақботам” деп қояды. Со-нау қызыл табан қар кешкен жетімдігінен қазіргі міскіндігіне дейін қалдырмай жырлап отыр екен.

“Міне кілт, үй сенікі Ақботам, қаласаң ол үйдің есігін мен ешқашан ашпайын, кірмейін”, – дейді.

\* \* \*

Қызықтың көкесі үйге келген соң болды. Қызы бұрқыратып қағаз ақша шығарды. Гуляның көзі атыздай болды. Он, жиырма, елу, жұздіктер.

- Қайдан алдың?
- Көкем өлең айтқанда кісілер берді.
- Құрт көзін! Арам ақша.
- Жоқ! – деп, шақ ете түсті Ақбота – Менікі.

Саған керек болмаса өзім алам. Апай мектеп

фондысына ақша әкел деген. Өзің көкемді кешірдің гой.

Гуляның денесін сұық тер жуып кетті. Япырмай, солай екені рас. Тек қызына мінез пайда болғаны қын болды, онымен қоймай:

— Міне, күйеуіңдің телефоны, — деп бір жапырақ қағаз ұсынды. Бұл алды да жырта салды.

— Мен бәрібір жатқа білем. Одан да жуына бер. Мен дүкеннен наң, сүт әкелейін.

Енді ештеңе айтпастан ваннаға бетtedі. Екі күн жуынбаған өз денесінен өзі жиреніп тұр. Өрі асықпай ойланар. Қызы есіктен шығысымен жыртық қағазды құрастырып Сүйінгалиға телефон шалды.

\* \* \*

Сүйінгали телефон тұтқасын ұстаған күйі ойға шомып кетіпті.

Алматының жұмсақ қысы. Көшеде өлдекім шақыргандай болған, іле-шала мойнын қылғындыра біреу құшақтай алды. Таскенеше жабысып жіберер емес. Көтере салақтатқан күйі аялдамадағы ағаш орындыққа әкелді.

— Я бояласъ, больше тебя никогда<sup>2</sup> не увижу, — дейді карақат көзі мөлт-мөлт етіп, жазда осылардың тобына қосылған Гуля дейтін қыз екен. Жолдастары қазақшаға шорқақ қызды мадақтап:

– Сашкога тиесің бе? – десетін.  
– Атжал мандай (крыса) шұлғуын?  
– Үржияды, қасқаң, – деп ажуалап мәз болатын. Жұка күртеше, жыртық етікпен жүрген Гуляны аяп “барқытный сезондатып” курортта жүрген аға-женгесінің үйіне өкелді. Өзі солардың үш жасар қызына қарап осында жүрген. Он күннен кейін Қыр Балтабайдағы Жұпар тәтесініне жетектеп өкеліп:

– Тәте, алты айдан кейін келіп өз қолынан алып кетем. Жетімханадан шыққан қыз. Өзің тәрбиеле. Өз қолыннан ұзат.

– Серім-ау, артынан қыз қора-корасымен өріп жүр. Сол дайын қалындықты алмайсың ба? – деп тан қалды.

– Жоқ, өзінді сүйгенді ал деуші едіңіз. Маган да ана орнына тәрбие берген өзіңіз. Сізге сендім.

Апамдай деуінің мәнісі – ана сүтінен басқа тәрбиесі түгел осы тәтесінікі еді. Тіпті атын да өзі қойған. Сүйіншеліп келген көрші қыздың аузы уәлі болып Сүйінғали атанған. Өнге де, домбыраға да үйір қылған Жұпар еді.

Қыры шығыста он бес жыл айдауда жүріп келген әкесі бір баламен тәркінін паналяған өйелін тауып алып, Жиенғалидан кейін де екі үл сүйген. Бірақ Сүйінғали туысымен әкесі өліп, шешесін күйік қағып делбе болып кеткен. Емшектегі Сүйінғалиды,



Жиенгалидың әйелі бәлекей Жұпар бағып өсіргені сол еді.

Ал ана әлдінің орнына күтумен өткен ғұмырының елесіндей:

*“Бибатырды көрдіңдер ме,  
Әйдім бе екен, әйдім-ай” –*

деген жалғыз ауыз өлеңі ғана есінде сақталыпты. Қүйеуінің моласына жиі барып жүріп, сосын қонып қалып, соңынан ел кезіп, кездескен жүрттан бір ауыз өлеңдетіп сұрап, талай қыр асып кететін. Тағы бір он бес жылда қүйеуі жарқ етіп алдынан шыға келердей көрді ме екен, жарықтық?

Арада алты ай өткенде Гуляны танымай қалды. Төсі түртиіп, бөксесі бұлтиып қыз болып қалыпты. Қайнисының көзі қайда түскенін сезіп:

– Ал, алты ай баққан арығынды, – деп күледі женгесі, – Майын қой құйрығына, түье өркешіне, жылқы жалына жинайды. Әйел төсіне жинайды. Өлде тағы алты айға қалдырасың ба? – деп қалжындаиды.

– Болды, болды. Тоқты емшек те жарап жатыр. Ибасы аздау ма, немене, әлі де мойынға секіргенін қоймапты.

– Қой, Серім. Ол өзіңе деген ықыласы дағы. Аузына атынды бір алмаса ас батпайды өзіне. Не кыл дейсің енді?

– Маган да сондай – менен басқа ерек жоқ дейтін келіншек керек.



Жиенғалидың кербезінің (кейінгі әйелі) “тырнағымды сындырып қойдың” деп күйеуіне он құн сөйлеспейтін, Тілеугалидың тәлпішінің үнемі “не так!” деп ағасын түзетуден аузы босамайтыны тіл ұшына оралды.

Іә, Гуляның өзінен басқа сенері де, сүйенері де жок Құралайдың жөні бөлек. Оқыған, тоқыған. Қызметі де бар. Өзінен он бес жас кіші. Ақботасынан аумайды. Тойда танысты, қытықсыз араласты, ұл туам деп отыр. Ұл! Сүйінғалидың өзі де осы жүрісіне түсінбейді. Арақпен қеудесіндегі қыжылды басып қойып екі жұзді өмірге үйреніп келеді. Гуляға айтуға ұмынады да, ертең де құн бар гой деп соза береді. Арақ ішпесе айта алмайтындей, ол ішсе ұмытып кете береді.

АЗТМ-ның жұмысы тоқтағалы бергі тірлігі – тойда асаба болу. Қолынан өзге ештене келмейді еken. Күнде бір үйден түстік, біреуден қонақасы жең, гитарасы мен домбырасын өңгеріп ел ақтап кетті. Түйреуіш алса да аңы суды қөлдетіп жуатын қазақы ортада өнері барда аш қалмасын біледі. Гуляның 5-10 теңгесіне ортақ болмай осы жүрісін жөн санаған. Алпамсадай денесін арақ билер-ау деген үш үйықтаса түсіне кірмеген. Арынғазысы түскір арағына апиын қосып жіберді-ау. Енді оған жасамас-ау. Бірақ өзі ес-түссіз жатқанда қол ұшын берген де сол. Жолдастарасынан қалмаған...

Әрі-сәрі күйде жүргенде төрт – бес жыл өте шықты. Құралайдың үйіне, дұрысы өзі бір министрдің тойын басқарған қызметіне алған бір бөлмелі үйдің кілті еді – үйіне теңселіп зорға кірсе, зинақорлардың үстінен тұсті. Құнде бөтелкे көтеріп келіп, “агашка-агашкалап” жүретін бұйрабас. Өйелінен, Құралайынан бір-екі жасы кіші. “Ойбай-ау, айтса айтқандай некелі әйелі емес, мұнықі де зинақорлық! Сонда дейім-ау, ұл кімдікі! Дұ-ұрыс айтады, ұл тәрбиелеуге құқы жоқ! Құнде мас. Не өнеге берсін? Ия, Құралайдікі жөн-н, балконнан секіріп өле салу керек. Жоқ, жоқ, бұл үйден емес. Бұл үйдің балконы да жоқ. Бас-басқа жерден!”

Райымбек даңғылышының қақ ортасында екі қолын ербендетіп өлең айтып жүрген мас еркекті Вера Васильевна айықтырығышқа өткізбекші еді “Ниваның” жылы салонында “өле алмай жүрмін, машинасы түскірлер баспайды” деп мұн шаққан дәу сары қазақ кор етіп үйиқтап кетті. Вера рульді үйіне қарай бұрганын өзі де байқамады. Бірак, екеуінің одағы ұзаққа созылмады. Ақпанның ұзақ түндерінің бірінде таңғы 4 пен 5-тің арасында өле мас Сүйінғалиды аурухананың есірі алдына теуіп түсіріп, қызыл “Нива” жөніне кетті.

Жарты айдай емделіп қан құсуы сиреген кезде Сүйекең қалың дәптерге сүйкектетіп жыр жазды



Гулясына, Ақботасына: Адамдықтан кеткендігін, екі аяқты басып тік тұрганы болмаса, төрт аяқты хайуаннан жаман екендігі, өзінің баяғыда-ақ өліп қалғанын, қазіргісі тек баяғы Сүйінгалиды еске салатын тұлып екендігі. Бұл дәптері өмірге хош-хош айтуы екендігі, қолынан келсе кешірім етуін сұрады.

Гуля берген Сүйінгалидың дәптерін оқыған.



## “РЕКЭТ” ӘЙЕЛ

Айман үлкен ұлын ілестіріп күйеуін қуа шықты. Жеме-жемге келгенде бозбала намыстаннып “өзін бар” деп үйге қайтты. Айман бейшара мас еркекті бақылап артынан кетті. Ии, бұл байғұс сөз ұға ма? Троллейбусқа мінгенін көріп артқы есіктен әйел де жармасты. Құздің сұық желі өңменнен өтіп барады. Не де болса тәуекел. Бұгін бір жағына шығу керек. Жемпірінің омырауын бүре ұстал өзін қайрайды. Күйеуінің түскен жерінен бұл да түсті. Айманды көлікте-ақ көргенімен Балтан байқамағансып маңқынып жүре берді. Балтыры шидей болып әйел де қалысар емес. Әйткенмен биік үйлердің ауласына келгенде кешкі қаракөленкеде қайда кіргенін байқамай пүшайман болды. Аңырып тұрганда күйеуінің жырқ етіп күлгенін естіп жуан теректін тасасына батыл жақында:

- Бірге кірейік! – деген.
- Күйеуі ұрсып берсін.
- Бұл қатын араласатын іс емес.



— Ау, жеті ай болды гой салпақтағаның аллақаныңа салсам болмай ма?

Көшеде ұрыссы мәнсіз. Манағыдай емес, мастығы азайған сияқты. Мейлі, өзі барса — барсын. Мына скамейкада отыра тұрар. Әдемі гүлзарлар, әсем үйлер.

Балтан тез шықты. Әлі келменті. Құту ұзакқа созылды. “Аузын артына қаратып, бүтін ақшамды алмасам. Балтан атым өшсін!” деп боқтанған күйеуінің ішкен арағы тарқап, күзгі сұық жаңбыр сіркіреп қызуын басқан соң жұнін жұлған тауықтай үрпіп қалыпты. Үйдегі екпін жоқ. “Полиция ұстап жауып қойса қайтеміз”, — деген қорқынышы сейілген Айман осы отырысына өкінуде.

Осы ынжық неме не бұлдіреді деп қорықтым екен? Кенет ұшып тұрып, Балтанның қарсылығына қарамай үйге ұмтылды.

— Бақыттың үйі осы ма?

— Мам, біреу папамды сұрайды, — деп 4-5-тердегі қызы есікті аша салды. Арғы жактан әдемі халат киген сұлу келіншек ожауын көтеріп бері жүрді.

Бұл жөнін айтып, әжетханага сұранды. Аппак кафелмен сөндеп-ак жасапты. Алтын түстес нөзік өрнектер көз арбайды. Ас үйден бұрқырап қыырган еттің иісі Айманның сілекейін шұбыртып жіберді. Тісінің сұын сорып аш отыргалы қашан...

Есікке бұрыла беріп, сәл кідірді. Су сұрады. Екі ортаға жалбырап жүргіріп жүрген құрттай қызды сонша жақсы көріп-ақ тұр. Жылы жерге кірген соң, күні бойы ала шапқынмен жүргенде шаршаған денесі болбырап тыныштықты қалайды. Шыққысы жоқ. Өмірі су көрмегендей кесені басына бір-ақ көтерді. Рахметін айтқалы көзін көтергені сол еді, сұлу келіншектің өзіне жирене қарап тұрганын андады. Сүйрік саусақтар қыса ұстаган алтын жалатқан көрлен кесенне істерін білмей дағдарып тұр: “Жұып алса ма, лақтырып тастаса ма?” Айманның көкірек түкпірінен әлдебір карсылық бас көтеріп келе жатыр еді.

— Асхат, Сапар! Мынаны шығарып жіберіндер! “Мынаны!” Өзін – Айманды. Шығарып жіберетін бақа-шаян ба бұл, мал ма? Өуелі, неге шығуы керек.

— Орындық өкел. Не де болса Баханы күтем! – нық айтты.

— Әй, қатын, бар, кет! Көріп тұрсын – Бақыт жоқ.

— Кеше Балтанға 7 мен 8-дің арасында үйге кел, ақшанды беремін деген. Телефонмен.

— Біз айырылышып кеткенбіз. Ол жас қызы алған. Басқа үйде тұрады.

— Бәрібір күтем. Ақшамды алмай кетпеймін.

— Білмеймін. Менде қара бақыр жоқ. Үйді босат. Әй, не қарап тұрсындар. Қайтеді, әй мына



қатын біреудің үйіне кіріп алып, көргенсіз! Асхат!  
Сапар!

Айманнан екі есе биік екі жігіт төніп келеді.  
Біреуі аяқ-қолын сермелеп карәтенің приемдарын  
көрсетіп қояды. Айман да дауысын көтеріп:

– Көргенді болсандар жеті ай жұғіртпей  
Балтанның істеген еңбегінің ақысын төлеңдер.  
Тарт қолынды! Үлкен сыйласп көрмеген өзің  
көргенсіз.

– Әй, полиция шақырмай тұрғанда шық үйден!

– Маган да керегі сол. Шақыр. Ақ-қарасын  
тексерсін.

– Қайным карәтист, дымынды қалдырмайды.

– Үр! Көрінетін жерден үр! Көгеріп тұрсын  
ертең сот алдында көрсетуге жақсы!

– Айғайламаңыз. Бұл базар емес көршілерден  
ұят болады.

– Естісін. Баханың – мақтаулы көршілерінің  
қанаушы екенін көрсін!

Айман алыш деңелі екі жігіттің  
қоқанлоққысына қырсығып:

– Мен неге есіктің алдында қатты орындықта  
отыруым керек? – деп төрге өтті. Жұмсақ диванға  
отырмақшы еді жаңағы жап-жас жігіттер мінгесе  
отырып қүйрық сиятын жер қалдырмады. Айман  
дивандагы кішкентай сөндік көпшікті жұлышп  
алып түгі бір қарыс кілемнің үстіне тастай салды.

– Түү, таң атқалы бел суытпап едім, диванда



шоқиғанша жантайып жатайын, – деп ұзыннан түсіп, теледидарға көз салды. Екі жігіт мысқылдай құліп, ұятсыз кадрлар көрсете бастады.

– Тіпті жақсы. Үйде балаларымнан ұялып қарай алмайтын едім, дұрыс болды, – деп рахаттана қараған түр көрсетті. •

Сұлу келіншек телефонмен әлдекімдерге шағынып. Әлдебіреулерден кеңес сұрап жатты. Айманның көзі теледидарда, құлағы телефонда “Рекэт өйелі” кім болды екен деп ойладап жатыр.

- Мә, сөйлесініз, сізді сұрайды.
- Кім, Баха ма?
- Жоқ, Баханың әкесі.
- Ол, мені қайдан біледі? Менің онда жұмысым жоқ. Сөйлеспеймін.

Трубканы алмай қойды. Біраздан соң тағы келді. Дауысы мап-майда. Сызылып тұр.

– Сөйлесеңізші. Сізге керегі ақша ғой. Сол ақшаны берем деген кісімен сөйлеспейсіз бе?

Айман таң қалып жатыр. Қызық. Төменшектеп иіліп еді – өктемдік көрсетті. Адамсынбады. Қорлады Дәл өздері сияқты дөрекілік көрсетіп еді “сіз” деп сызылып қалыпты.

– Балаларыңыз жылап қалған шығар. Тұн болды. Берген ақшаны алып үйінізге қайтпайсыз ба?

Айман жатып сөйлесті. Әкесі.

– Бақыт біздің үйде, жолдастарымен отыр. Өзіне ұрып жатырмын. Балтан өзіміздің елдің жігіті. Үят болған еken сонша жүгірткенің деп жатырмын. Келін, шырағым, мұнда келе гой. Өңгімелесейік. Келісейік. Адресті жазып ала гой. Жә, жә келе қойындар. Сөйлесейік. Шын ба? Бәрінен ұлken ұл қуанатын болды. Аяқ киімі жок еді. Балтанның 5-6 ай жүріп, жаңбырға – қарға ұрынып, түней жатып істеген еңбегінің ақшасы қолына тиетіні рас па? Жеті ай есік күзеткені; күнде “ақшамды өкелем” деп соңғы тыныңды жолға жүмсайтыны, салы суға кетіп сүмірейіп оралатыны, өзінің ішкені ірің, жегені желім таң күзеткен түндері – шынымен артта қалғаны ма?

Әлде осы үйден далаға шығару үшін жасап жатқан мәймәнкесі ме?

Қой, шын шығар. Ата сақалы аузына біткен шағында алдай қоймас. Балалар да екі көзі төрт болып зарығып күтіп отырған шығар, қайтайын.

Сырқылдақ автобуста теңселіп келе жатып күйеуінің кес-кестеп элаватордың бастығы Бақыттың үйіне кіргізігісі келмегені, бұған қайынағасының атын айтып ұялтқаны, коркытқаны.

– Ол сені қамқорласа осы жұмысты, осы Бақытты тауып берген сол қайнағам емес пе? Иегін бір көтерсе бітіп жатыр. Салпақтап сонша жүгірмес едін, – деп тәжекелескені. Тіпті

ертеректе күйеуінің көзін ала берे абысыны Раузаға телефон шалғаны, оның:

– НЕ-МЕ-НЕ! Францияға жол жүріп барамын. Бос сөзбен уақытымды алма! Сендердің несчастный енбекақыларыңды мен даулап аузымды ауыртуым керек пе? Не оттап отырсың, – деп зекіргенің өз алдынан өткізді. Өзінің күйеуімен жағаласып болмай кіргендігінің арқасында бес жұз тенге мен уәдесін алып келеді. Ертең екі қап үн әкелетін болды. Бір жеті де жеткізетін үш мыңға балаларының киімін бір бүтіндең алар, қарызынан құтылар.

Таксиге деп берген бес жұз тенғені үнемдесуі, жаурағанына, уақыттан ұтылғанына мойымады. Тек дүкен жабылып, базар тарап кеткеніне өкінді. Мейлі, таңертең Гаунар мен Меруертіне бір-бір балмұздақ, жоқ сникерс өперер. Ау, бойы әкесінен ұзын болғанымен 14-тегі Алмасқа да, ол да бала... қолғанаты, көмекшісі. Осы ұл ғой жанын тындырып отырған. 460 тенгені алақанына қыса ұстаған Айманда өзіне ырза, масайрау сезімі бар ма, қалай?

“Рекэт әйел” мұның уақытша женіс, тіпті түптең қараса женіліс екенін пайымдаған жоқ. Мұндай әдіспен ешқашан күннен күнге есе беретін шығынын жаба алмайтынын, жыртығын бүтіндей алмайтынын білмеді. Ең қауіптісі – өз сөзін өткізу үшін күйеуінің ұрттап алып сөйлесу керек деген пікірінің берік орнығары еді.

## ДУАҚАН КЕМПІР

Бибіхадиша қала сыртындағы інісінің үйіне асығыс жүріп кетті. “Қарашы-ай, бұларды! Мені бір жөн-жосықты білмейтін иісалмас біреу дей ме екен!” – деп кіжініп қояды. Ауруда шаншу жаман. Сөзді қанқу жаман. Бәлемдерді орнына қойып келейін!

– Әй, келін-әй, 115-ші үйді көрсетіп жібер, – деп, бір келіншекті көшеде тоқтатып, соның сілтеуін басшылыққа алып асфальттаған аулаға кірді. Пысық бола бастапты деп ризалықпен жымызып қойды. Төрт бөлмені түгел аралап ешкімді таппай аңырды. Әй, қонаға бір келерсіндер деп орнығып отырды. Іші пысқан соң теледидарды қости. Көп болса бүгін осында қонып қайтар. Інісі жүргізуші, тағы алыс жолда жүк тасып жүрген шығар. Балалар қалада оқуда. Қайта келініне оңашада өкпесін айтуға жақсы.

Қараңғылықпен бірге мазасыздық кірді. Түннің бір уағында терезеге автокөліктің жарығы түсті. Бибіхадиша қуанып, інім келді деп есікке



жүгірді. Бет-аузы жұн-жұн бейтаныс ұзынтура еркектен шошып есігін іліп алды.

– Аш, үйге кірем.

– Сен кімсің?

– Өзің кімсің? Мені үйіме кіргізбейтін не ақын бар?

– Кет! Келінім үйиқтап жатыр. Басы ауырып, массаж жасап өзер тыныштандырдым. Есікті тарсылдатып мазасын алма! (Үйде жалғыз екенімді сезбесін деп өтірікті соғып жіберді.)

– Терезені сындырып кірем!

– Сындырып қара! Қазір полицияға телефон соғам! – Онысы шнуруы салақтап бос жатыр.

– Полицияны мен шақырам. Мені өз үйіме кіргізбейтін қандай кемпірсің? – деп, жұн сақал да бұрқырап боқтап қояр емес.

“Жетпіске келгенде қақаңдал жалғыз жүріп нем бар еді?” – деп, Бибіхадиша да жанынан түніліп отыр. Әй, осыдан біреуі келсінші, түге! – деп тісін басып қояды туыстарына.

Таңғы уштер шамасында жұн сақал шаршады білем, тыныштанды. Қорыққаннан қуығы ұстамай мазасы кетсе де қазандықтың астындағы күлдікten жол тауып есікті ашпай шыдаған Бибіхадиша да дірілдеген қол-аяғын созып алласына сиынып, таңың тезірек атуын тілел киімшеш кисайды.

Алғашкы автобус жүреді-ау дегенде тәрт



бөлмелі тас қамалды тастап шықты. Сақал есік алдындағы жеңіл мәшине ішінде ұйықтапты. Кемпір балаларына бұл оқиға туралы тіс жармауға бекінді. Қорқыныштан сал болып қалмағанына аллаға мың тәубе деп үйіне қайтты.

Келіні телефон шалғанда аңы танғы тұмандай ыдырап үлгерген қайынбикесі:

— Өй, кеше қайда болдыңдар? — деп жеки сөйлегенсіді.

— Үйде, апатай.

— Қой, мен үйлерінде отырып тұнімен күттім, келмедіндер, — дауысы бәсексіп, есесіне құдігі зорая берді. — Видик алышыңдар. Айтпайсыңдар. Не мен көрімдік бере алмас дедіндер ме? — даудын шетін қылтитты. Жұн сақалдың тұнімен есіктерезе қағып зәресін алғанын айтпай іркіп қалды.

— Апатай, қозғалмай үйде отыр. Өзіміз барып алып кетеміз, — деп келіні шегеледі.

Кеше ашумен жұлқынып шыққан Бибіхадиша:

— Сенің балаларың оқу орнына екі-үш көлік ауыстырып, уакыттың бәрі жолға кетеді. Жақын жерден пәтер жалдаймыз деп өздері кетті. Мен үйіме сыйғызбаған ештеңем жок, — деп ақталып, есек таратқаны несі деген өкпесін айтпақшы еді.

Аяғы алаңғасарлығынан бөтен үйге түнеп, көпке шейін күлкі шақырап өнгіме тауып алды. Іні-келінімен татуласты. Ең қызығы 115-а үйде тұратын түрік әйелі:

— Мен байыммен ұрыссып кетіп қалсам, үйімді бір қазақ кемпір түнімен дуалапты. Бірақ ештенемді қозғамапты. Тек өз үйіме өзім кіруге корка берем, — деп жүр екен.

Жоқ жерден дуақан кемпір атанғанына күле жүріп, оларды татуластырды.



## ЖҮРЕКТЕГІ СӘУЛЕ

Ақсөule бетін қол орамалмен бүркеп алып әлі жылаш жатыр. Наташаға өкпелі – тола төрелке сорпаны қоя салды; өзінің қолапайсыздығына – төгіп, кеудесі күйді; тағдырына, тіпті осы ауруханада жатқанына... Ашуланып, теріс аунап, ойбай, қайдағы аунаған?! Оң аяғы жауырын астынан сонау қара тырнаққа шейін гипсте. Сол аяғы тізеге дейін. Іргеге бетін бұрганы болмаса. Ап-ауыр жуандығы бармақ елі гипспен әлі төрт ай жатуы керек. Т-ө-р-т ай! Ау, енді бұл жыламағанда кім жылайды? Өуелгі кезде палаталастары шулап басу айтатын. Қазір қойды. Шаршағанда өзі басылады. Төсегіне біреу келді. Дәрігер емес. Бұл палатада “ходящий” жоқ. Бөрі өзі сияқты гипске танулы. Кім еken? Ұрсар? Ақыл айтар. Тым-тырыс күтіп жатыр. Ол да үнде мейді. Аңдысып жатып ұйықташ кеткенін байқамады.

Ертеңінде тағы жылауга кіріскен. Өзін аяп. Келді. Біліп жатыр. Көрші палатадағы жуан сары өйел. Өксігін тыя қойып, үнсіз қалды.



– Үйінді сағындың ба?

\* \* \*

– Мен де балаларымды сағындым. Түнде, елдің бәрі үйиқтағанда жылап, ішімді босатып алам.

Ақсөule таң қалды. Қызық кісі екен. Жайлап қол орамалын бетінен сырғытты.

– Көзің тұра менің Қемшатымның көзіндей тұнық екен. Нешінші класс оқисың? Түү, үйренген ауыз, сынып дегенім фой.

– Мен колледждің II курсын бітірдім (уніnen ептең мақтаныш сезіледі. Түгел беске оқитынын айтса ма?)

– Пәлі, онда менің Айнұрым жасты екенсің.

Сол әңгімеден кейін Зәуре тәтесі күнде келіп сөйлесіп жүрді. Асқазаны ауырады екен. Туберкулез деген пәле өкпе мен сүйекті ғана жейді деп ойласа, оның жүрмейтін жері жоқ екен-ая?

Ақсөule енді жыламайтын, шалқасынан жатып-ақ сорпаның бір тамшысын шашпайтын болып алды. Зәуре тәтесінің әңгімесінің өсерімен өзінің келін болып босаға аттағанын елестетіп тәтесін операцияға әкетті. Жастығының астындағы табылған қағазда “Егер ... мені оятпаңыздар” деген өтініш оқып денесі түршікті. Шынымен Зәуре тәтесінің асқазаны емес үлтабар,



ішектерінің сау жері қалмапты. Байғұс әйел өзі де сезген болуы керек.

Содан соң дәрігері Клара Төлеухановна бұны балалар бөліміне ауыстырды. Олар у-шу болып мұның келгенине қуанды. Тіпті аяғына “Илизаров” аппаратын киген біреуі балдақпен шоқақтап келіп амандасты. Бірақ шыға бере – Зәуре тәтей емес, бөтен, – дегенін естіп тағы жылады.

Иә, Зәуре тәтесі өзіне келген алма, өрік, құрт, кәмпітті жемей жағалай үлестіріп жүретін “Өмір сұру деген ішіп-жеу емес, айналаца жарық сөуленді себу”, – деп отыратын. Қорсылдағын мұның басынан сипап, бойы темір кереуетке зорға жететін орыс қызы шетін тістеген алмасын берді. Ақсөule ұялып қалды.

Бұларды төрт дәңгелекті темір кереуетте жатқызып емдейді. Түрлі ем-домға итеріп апаруға қолайлыш. Ішіндегі ең үлкені өзі. Балалар бөлімінде сұракқа жауап беріп, өуелім ақыл айтуға көшкенін өзі де аңғармай қалды.

Аңырап жылай беретін екі жасар ұлды итеріп әкеп қазақша сөйлесіп көр дегенде не айтарын білмеген.

– Мамаңды сағындың ба? – деуі мұң екен одан әрмән бақырды. “Екі жылауық енді үйлестіндер!”

– Наташа тілінің бізін түйреп кетті. Ақсөule састьы. Клара Төлеухановна “қазақша сөйлесіп



көрші” деген. Білген өлеңін әндептіп жұбатуға кірісті.

*Әлди, әлди, баладан  
Тауып алдым даладан.  
Дала да бала жата ма?  
Түсіп қалды шанадан.  
Қанат бала қайда екен?  
Қыздарменен тойда екен.*

Қанат құлағын тігіп, ыңылдауға көшті. Біраздан соң тыншып үйқыға кетті. Ақсөule де білгенін айтып тауысты. Сол сол екен, тускі тамақтан соң кішкентай Қанатты мұның қасына әкеп тастайды. Өкелмесе “Төтте!” деп кішкентай алақанын ашып-жұмып жылауға кіріседі. Дәрігер риза. Құлактары тыншып мейірбике мен күтушілер де риза. Бәрінің ішінде Ақсөуленің өзіне өзі риза болғанын айтсаншы.

86



*Мә, балам, істеп берем жіптен ноқта.  
Қамши қыл, мына талды, қалқам, тоқта!  
Есейсөң өкеңдей боп шаруа қуып,  
Сендағы жарбиярсың мініп атқа, –*

деп, өжесінің әлдиінен құлағына қалған өлеңді айтуы мұн екен, Қанат “Ат! Ат!” деп қомпаңдап кетті. Бұл кезде Қанаттың қолы ғана гипсте екенін

көріп, дәрігерлерге жалынып жүріп, күндіз фиксаторын (жіп таңғышты) алғызып тастап жүрген. Төсегінде басын көтеріп отырган ойын баласы өжептөүір оңалып қалып еді. Ендігі Ақсөуленің ермегі аттың суретін салу болды. Бар өнерін төкті. Суретші болды. Қанаттың тілі шыға бастағанын қызықтады. Артынан ешкім ізденеп келмейтін екеуі бір-біріне бауыр басқан. Оксана сияқты “отказной” емес. Оның шешесі “өмір баки оstemелит баланы” бағып азаптанғанша, дені сауын туып алам”, – деп қағаз жазып беріпті. Талғардағы диспансерден мұнда өкелінген Қанаттың да бастапқы диагнозы сол. Заман бұзылған ба, пейіл тарылған ба? Ал өзінің дәл осы Қанаттай ұлы болса арманы болмас еді.

– Ақсөule!

Кім шакырғанын білмей, таң қалып ұзын сапты айнасымен балконды барлады. – Сіз біздің баламызға қарапсыз. Көп раҳмет. Мына жеміс-жидекті сізге өкелдік.

Ақсөule суреттей сұлу ерлі-зайыптыларды көргенде іші үдай ашып қоя берді. Қанатты ертіп жүрген қиялдындағы суреті быт-шыт болды. Ауыз ашуға жарамай бетін бүркеп алды. Екі-үш күнде Қанатты өкететінін естігенді одан өрмен құлазыды.

Наташаның қолындағы конверт ересектер жақтан жеткен сөлем хат па деген. Біраздан бері



арғы беттен “Ақсөule деген мейірімді бойжеткенді” іздең системадан жасалған алтын балық, картоннан тігілген қобдиша, өлеңге толы блокнот тәрізді жігітердің сәлем-сауқаты келіп тұратын. Жоқ, бұл хаттың жөні белек.

“Қанат киіндіріп жатқанда Сізді бірге әкетейін деп жылады. Біз ұялып қалдық. Сосын жазып отырмыз. Мына ақшаны қажетінізге ұстарсыз. Тәуір болған соң үйімізге қыдырып келіп, бір қозыға ен салып кетініз. Біз қойлы ауылдың адамдары, туған баламызды іздең табуга төрт айда зорға жеттік. Шаруадан мойын бұра алмаспсыз. Өзініз іздең келініз. Қутеміз. Сіздің Қанат баламызды сүйген үлкен жүрегінізге бас иеміз. Қанат сізді өлден сағынып қалды. Қутеміз”, – деп жазған екен. Ақсөуленің жүрегі жиі соқты.

Ұзак ойланып хат жазды.

Қымбатты ата, әже!

Бұл Алматыдан хат жазып отырған жиен қызыныз Ақсөule. Мектепті бітірісімен жөнімді айтпай тұра қашқан балалығыма енді өкініп кешірім сұраймын. Сіздерді қатты сағындым. Атамның күпісіне оранып ұйықтайтын кезімді аңсаймын. Тіпті Мәлдірдің титтей қолдарымен итеріп: – Кетші әрі, сасымай! – деген былдырын да сағындым. Өзі дәу қыз болған шығар? Биыл мектепке бара ма? Одан бері үш жыл өтіпті гой. Айтжан нағашым қаладан жиі келіп тұра ма?



Сапар нағашым елге жакындасты ма? Темірболат көкемдер аман ба? Бәрінді сағындым. Тіпті ұрыскандарыңызды сағындым. – Осы сөздерді қағазға тізбектеген Ақсөуленің жүрегін тек сағыныш кернеп түр еді. Ыза, өкпе, реніш дегендер атымен болмағандай. Өзінің оқуын, орыс кемпірлерге ине салып аз-мұз қаражат тапқанын, былтырғы жалдаған үйі сүйк болып ауруы асқынғанын. Қазір туберкулез зерттейтін институтта аяғын түзетіп жатқанын, гипсін алса ақсамай жүгіріп кететінін, кейін оқуын бітірген соң жақ сүйегін де жөндөтетінін – бәрін қалдырмай жазды.

Бала кезінде ат сүйреп кеткен Ақсөулені шешесі жаяу көтеріп аудандық ауруханаға жеткізгенде дәрігерлер баланың дал-дұлы шыққан етін жамап, жарасын жуып, қан құйып “uh” деп далаға шықса, көленкеде отырған шешесі өліп кетіпти. Байғұс ана балам қансырап қалар деді ме, көлік тоқтамай қойды ма, әйтеуір жеті жасар қызды жаяу жеті шакырым көтергенге жүрегі шыдамады ма, күн өтті ме, – орындықта отырған күйі жүгіріп кетіпти. Содан қыздың есі кіріп, атының Ақсөуле, шешесі Қалпұрыш, Қоскөлде ата-әжесі барын айтқанда ғана хабарлаған әжесі аңырап:

– Асырап отырған қызым өлгенше, сен міскін неге өлмедін! – деп зарланғанда, әжем мені жек



көреді екен деген ой санасына темір таңба боп басылған. Кейін айнадан қисық біткен аузызын, батып-шығып аксандаپ жүргенде, колындағы тыртықтан қорынып қысқа жең көйлек кие алмағандағана өжесімен келіскең. Іштей.

Конвертті аялай ұстап бар сағыныш сезімін “бәрінді беттеріннен сүйдім” деген бір ауыз сейлемге сыйғызып, шыныменен бар денесі алыш бір жүрекке айналғандай рахат сезім кешті. “Өмір сұру деген ішіп-жеу емес, айналаңа жарық сөүле түсіру” деген Зәуре тәтесінің үні құлағына келгендей. Өзін бір тал ақ қауырсындај җеніл сезінді.

Бірақ хатты өжесі оқымайтынын (өліп қалған), атасы кеңкілдең жылап талып қаларын, Темірболат нағашысы соңғы сиырын сатып Алматыға үшарын білмеді.



## ӘКЕ РУХЫНА АДАЛДЫҚ

Жетпісінші жылдардың аяғы. Ерте көктем. Өүбаста казарма, соғыс жылдары – госпиталь, қазір – санаторийге айналған жатаған ұзын түкпіріндемін. Алматыдан келген біздерді үлкен бөлмедегілер ерулікке шақырды. Таныстық. Тағы да менің есімімді сан-саққа жүгірте жөнелді. Қазақтың “Колясы” мен “Машасы” өріп жүрген кез-тұғын. “Оллаһи, орысшалағаным емес. Өжемнің өзі кітаптан қарап солай атадым деген”, – мен байғұс шыр-шыр етемін. Төрде отырған күн көзі түспей тасада өскен өсімдіктең жүзі босаң, қалың қабақты (өзіміз жінішкелеп жұлынған ай қабақпыз) аласа қыз бір иығын көтеріңкіреп қойып:

– Маркиза, Маркиза,

Маркиза Карабас, – деп түнімен ауыз жаппай айқайлап өн салып қарлыққан жандай көмекейден қырылдай шығатын үнмен әндете жөнелді. Көтеріліп келе жатқан ашуым лезде тарқап, актарыла құлдім. Өншейінде екпінді сонғы “а-ға түсіріп айт, кәдімгі қазақ құсан деп дауласа



кетуші едім. Қырылдақ өнші Дарига екен.

Осы әндектен үн мен күлкі екеуміздің арамызда көзге көрінбес, қолға сезілмес жібек талшық тартты-ау деймін. Жылдар өткен сайын сол нәзік талшық онайлықпен үзілмес алтын арқауга айналды. Шәйдан кейін екеуміз бау ішінде оңаша қызырдық. Дарига маған екі жыл қозғалыссыз қалған аяқтың бұлшық еті тез жетілуі үшін көп жұру керектігін баса айтты. Өзі де тамақ пен үйқыдан басқа уақытын санаторийдің территориясын шарлаумен өткізеді екен. Дариганың фамилиясын естігенде:

— Қазақта Қасым Аманжолов деген дауылпаз ақын болған, — деп, білімділігімді көрсетіп жатсам:

— Ол — менің әкем, — деп қа-рап тұр. Мәссаған, безгелдек!

Кілт тоқтап жүзіне үңілемін. Менің Қасымым апай төс, аршын кеуде, аяқты алшаң тастап өлеңді бүркүрата жөнелетін адудынды ақын ғой! Ал мынау немене, шүңкіген күп-қүйттай арық қыз. Сенбеймін. Әрі таңданамын. Құрметпен қараймын. Асылдың сынығы. Япыр-ау, мен өзім сондай даңқты әкенің қызы болсам әңгімемді содан бастар едім. Дариганың дегдарлығын қараши!

Алматыға келген соң анасымен таныстырыды. Соның алдында өз шешемді жерлеген маған мол пішімді денесі түгел мейірім шуағынан тұратын



Сақыпжамал апай ана махаббатының символына айналса, сүйген жары туралы оны-мұны сұрағыш қүйттай сары қызды Қасым ақынның өйелі де тәуір көріп қалса керек. Екеуміздің аузымыз жабыса кететін.

Сол үйде жүріп қалындық ойнап, тұрмысқа шықтым. Жасауыма Сәпен апай “Ағаң екеуміз Москвада жүргенде алған едік”, – деп Дариға сыйлаған сәнді сервисдің үстіне қалайы шәйнек қости. Қасым ақынның қолының табы қалған шәйнек қой ол!

Бұл – кірпіштен қаланған, алты пәтерлік үй. Бәлкім “Бермесең бермей-ақ қой баспананды, Сонда да тастамаймын астанамды”, – дегеннен кейін шығар, бір күні “осы үй біткен соң сендерге береміз” деп қаулыны қөрсетеді. Қасым аға екеудің қол ұстасып келіп сыртынан бақыладап жүреді еken. Құрылышты салушы – ФЗУ-дың балалары. Соғыс кезінде жетім қалған, он екі-он төрттегі бозбалалар. Бригадир қарап тұрса істейді. Түске дейін қалаған кірпішін түс қайта қолына алып бірін-бірі қуалап ойнап та кетеді еken. Ұрысса, жылап отырып алады. Баланың аты бала. Көпшілігі украин, беларустықтар. Сәпен апай не де болса тезірек біте берсін деп самса пісіріп әкеледі еken. Ол күні қабырға 20-30 см биіктеп қалатын.

Таяққа сүйеніп, онымнан өзім қорынып жүрген



шак. Дариғаның шақырганына бармай жүрдім. Осы жолы алдаң сокты. Тек өзіміз деген. Жаңадан жүре бастаған Дәуренімді көтеріп үшеуміз жетіп келсек, үш бөлме тола қонақ. Жоқ, тек өздері екені рас. Қасым тәрт ұлдың кенжесі, Сәпен апайдың туыстары, қызы, жиендер т.б. Мен шіркін өзіміз дегенді – Дариға, Жанна, Сардар мен Алмат деп ойлағам.

Бір таудағы бір киік болып оңаша ескен балам сонша халықтың еркелету объектісіне айналып жүре берді.

Сондагы Сақыпжамал апайдың балаға бар қатты айтқаны: “Ей, қайтеді өзі!”

Иә, миының сұры кеппеген жас балаға нені үлгі етсең, соны қағып алмай ма? Бала нені көрсе, соған еліктейді. Біз патефоннан “Алламыс”, “Қобыланды” жырын тыңдал өстік. Қазір теледидарды қосып қалсан, шетелдік клип. Және сондай бай сюжет. Кісі өлтіру, сүйіс – бәрі бар. Тілін түсінбесең оқа емес, суретіне қарап-ақ жобалай бер. Қөршіміздің 1-сынып оқитын қызы: “хәлүин-хәлүин” деп өндөтіп жүр. Сұрасам: “Үп-үлкен болып соны да білмейсіз бе?” – деп өзіме үрсады. (Өзім сияқтыларға түсінік – Американың көрдегі өліктері тіріліп, бетіне маска киіп бірін-бірі қорқытып ойнайтын түні). Міне, үгіттің күші.

“Өй, өйтпеші”, деп жалынсаңыз көне қояр бала жоқ. Бұл сорақылықты тек қана өзіміздің дәстүрлі



музыкамызды құлағына құю, әдемі әдебімізді қанына сінірумен ғана реттемесек. Сезімді жалаңаштай берген соң дөрекіленбей қайтеді?! Сондағы Сәпен апайдың сөзі әлі құлағымда. Осындай аталы сөзді айта алыш жүрміз бе?

Мемлекетіміз шынымен барысқа айналсын десек, рухани сілкініс керек. Ал оған Қасым Аманжоловтың әр елеңі сұранып-ақ тұр. Өсіресе, Ұлы отан соғысы жылдарында жазылған қуатты, өршіл женіс жыры – Абдолла ақынның аузымен фашизмге қарғыс:

*Ашуын бер арыстанның!  
Жүргін бер жолбарыстың!  
Күллі өлемнің ашу кегі  
Орна менің кеудеме кеп!  
Жау жолында атам сени  
Бомба бол да жарыл жүрек! –*

деп, мектеп радиосы санқылдаپ тұрса шіркін, оны құлағына құйып, санасына сініріп өскен ұлан жаман жігіт болмасы анық.

*Сен неткен бақытты едің келер үрпақ  
Қараймын келбетіңе мен таңырқап, –*

деген ақын арманына сай перзент тәрбиелесек... Біздің қатарымыз Қасымның өзім туралысын

толғап, “Ақсөулесімен” ғашығына назданып бой түзеді. Қасым Аманжоловтың әні мен күйі үрпағын әлі де тәрбиелей берері күмәнсіз.

Дарига әкесінен жастай қалған. Әкесін шешесінің және туыстарының айтуымен ғана біледі. Бірақ әке мұрасына Даригадай адал перзентті сирек кездестіресің. 1980 жылдан әке сөзін тырнакташ жинап келеді. Бір метр картотекасы бар. Бұл деген үшан-теңіз информация. Қай кезде қандай баспадан жарық көрді, қандай газет-журналға шықты және дауылпаз ақын туралы кім не айтты? Бәрі бар. Осы картотеканың негізінде бірінші библиографиялық көрсеткіш 1981 жылы жарық көрді. Одан бері де бұл жұмыс тоқтаусыз жалғасуда. Болашақта оқырман қолына толық өндөлген нұсқасы тиіп қалар.

Қасымның артында қалған мол мұрасын іріктең, реттеп тоқсан жылдық мерейтойы қарсаңында баспаға өткізді. “Жарылғап батыр” қоғамдық қорының президенті А.Ермегияевтің азаматтық көмегінің арқасында өлеңдері мен аудармалары (I және II том) той үстінде дайын болып қолға тиді. Ал биыл III том – Қасым ақын туралы естеліктер кітабы жарық көрді. IV томды күттедеміз.

Сол тоқсан жылдық мерейтойында 2001 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінде



өткізілген ғылыми-теориялық конференцияда Дариға да тұнғыш рет ел алдына шығып, әке өлеңдері туралы баяндама жасады.

Қасым туралы оқи және ести жүріп менің түйгенім – аға буын және кейінгі сез шеберлеріне Қасымдай әсер еткен ақын жоқ. Ол өлеңді бір отырғанда төгіп-төгіп тастайды екен де, “черновик” дегенді білмепті. Сондықтан өз қолымен жазылған қағаз некенсаяқ. Дариға тіпті архивке өткізген әке мұрасының ішінде өз қолымен жазылмаған өлеңі кетіп қалмады ма деп қауіптеніп қояды. Себебі замандас інісі Баймұханбет Токтаров деген жазушы жас кезінде Қасымға еліктегені сондай, киім киісі, шаш қоюы, сөйлеу мәнері – бәрі-бәрі, қыл аяғы қолтаңбасын да айнытпай салады екен. Осынысының қаржы жағынан қатты қиналған Сақыпжаман апайға септігі тисе керек. Қайтыс болған кісінің жинақтаған ақшасын алты айға шейін бермей қоятын зан бар той. Жерлеуге ақша таппай қиналған апайға Баймұханбет Токтаров Қасым болып қолхат жазып беріп, кассадан сол қолхатпен ақшасын алыпты. Бір әттеген-айы, сол кездерде барлық кітапханаларды шарлап, зыр жүгіріп Қасым шығармаларын жинақтаған Б.Токтаровтың есімі 1955-56 жылдарда жарық көрген үш томдық жинақта аталмай, ұмыт қалыпты деп

өкініп кояды Дариға. Ал Қасымның өртөлеңдері жүргегіне от жағып оятқан қанша жас ақын атанды, қолына қалам алғып еліне қызмет етті.

Шындығында библиографтың жұмысы инемен құдық қазғандай. Әсіреле, қазір. Алыс-жақын шет елдермен байланыс бұрынғыдай емес кезде. Ол елдерде Қазақстанымыз туралы қандай хабарлар басылып жатқанын қалт жібермей тіркеп отыру, оны кең байтақ отанымыздың түкпір-түкпіріндегі кітапханалар хабардар болатындей жеделдікпен үйлестіру – сөйтіп ел үшін, білімдар үрпақ үшін еңбек ету Қасымқызы Дариғаның үлесіне типті.

Кейінгі барғанымда:

– Дариға, мен саған “Ақ босағаның” қыздарының тапсырмасымен келдім. Интервью аламын, – дедім. Содан ойландық. Шын Қасымды ол да білмейді. Мен де білмеймін. Қалай жазу керек? Екеуміз де журналист емеспіз. Өмірбаянын тізу, шығармаларын талдау мақсатымыз емес. Қасымның ақындық қуатты динамикасын, нөзік лирикасын, гүлтәжді жырларының ерекшеліктерін зерттеуді әдебиетші ғалымдарға қалдырыдық. Қайтсем екен. Бұл тұйықтан Дариғаның өзі құтқарды:

– Пиши. Был холодный апрель 1979 года. Санаторий. И как я тебя рассмешила.

Мен Қасымды оқырман ретінде сүйемін.



Ол Қасымды әкем деп сүйеді.

Екі жақсы көру сезімін бір түйінге байлағанда  
Қасым ақын сөзімен айтқанда “үй ішілік” мөлтек  
еске алу өнгімесі туған еді. Қасымнан қалған бір  
ұлгіні елестете алсам мақсатым орындалды дер  
едім.



## РАХМАН НҰРЫ

Рамазан айы еді. Әуелі абысыны: – Біраз ораза ұстаған кемпір-шалға ауыз ашар берейін деп едім, қолғабыс жаса, – деп шақырды.

Мұртты шал көп кемпірге құнірентіп құран оқыды. Дастархан басында Аллаһ тағаламыздың құдіреті, қазіргі заманның бұзылған жастары, обал-сауап сөз болды. Әлима түк түсінбесе де, бойы балқып, әсіресе, 55-ші сүрекі қарифаттаған үн тамыр-тамырын қуалап жүрегіне нұр тамғандай күй кешті. Құранға байланысты нәзира сөзді құлағымен емес бүкіл болмысымен еміне, құмарта тыннады.

100  
 Өзі де сол үлгімен ауыз ашарға біраз кісі шақырды. Азар болса бір құнгі қолдың кірі кетер. Қонақ бөлменің есігіне келе бере абысынының өзі туралы айтып жатқанын естіді. Мақтайдынына сенімді болса да не дер екен деп токтай қалды.

– Әлима келінім асыл бала, көркін ғана айтпаймын – мінезі сұлу. Бетіме бір келмейді. Инабатты, кісінің ала жібін аттамайды. Қонақтар қауқылдасып өзін мақтай жөнелді.

Әлима ыдысқа тамған мөлдір тамшыны көтеріп кері, ас бөлмеге жүгірді. Көз жасын тыя алсаши. Жер-көкке сыйғызбай мақтап отырган Әлиманың баукаспе ұры екенін білмейсіздер ғой!

Бәрі қарапайым оқиғадан басталды. Өткен жазда ауылға қыдырмақшы болып базардан ол-пұл базарлық алды. Қара базардың шуынан кенже ұл қыңқылдап тез шаршады. Әрі қыдырғанда кисін, әрі кезде мектепке оқуға барады деп туфли сатып әперген. Үйге келген соң киіп көрсө екеуі бір аяқтікі. Ертемен жол жүріп кетті. Араға апта салып баласының аяқ киімін ауыстырайын деп базарға келгенмен саудагер жолатсашы. Әрі жалынды, бері жалынды. Жолатар емес. Төрт баласы барын, жұмыссыз екенін ... тыңдамайды. Құрысыншы деп лактыра салайын десе, өзгесін алуға ақша жоқ. Қыркүйек иек астында.

Тауы шағылып, өкпесі қара қазандай болған Әлима ұзақ қияллады. Ертемен тағы базар жағалады. Бұл жолы дәл сондай аяқ киімі бар қатарды жағалап үстіне ақша ұсынды. Ауыстырмайды. Жолатпайды. Сосын ойлап келген құлығына көшті. Ақыры осыны аламын деп қорабына салғызып, сөмкеге тықты. Ақша іздегенсіп қорапты сөмкө ішінде алмастырды. Саусақтары дірілдеп “ақшасы жетпегендіктен” қорапты қайтарғансыды. Өзі тездетіп кетіп қалды. Әне-міне қуып жетіп: “Әй, ұры, әкел



бері!” – деп желкесінен ала түсердей зәресі кетті. Аялдамада сағат сұраған қызға “жоқ!” деп шәңк етті. Білегіндегі сағатты шұқығанда “жүрмейді” деп құтылды. Қез-келген автобусқа мініп, қала ішіне кірген соң өз үйіне бірден келмей өбден аптығын басты. Ұлының қуанғанын көргенде, ұрлағанына, сөудегерді алдаң соққанына, өзіне риза да болған.

...Сосын өзіне мерекелік көйлек үрлады. Қиүге батылды бармай танысына сатып жіберді. Ақшаны көрген соң құныға бастады. Басында үрлық дүниені үйіне өкелетін. Қүйеуі қандай ақшага алдың деп сұрай бастаған соң базардан таныс тауып соған өткізетін болды. Үй-ішіне “базарда алыш-сатып, біреулерге көмектесіп ақша тауып жүрмін” дейтін. Тіпті ересек қыздарына тіс жармады. Оларға арналған киімдердің ақшасын төлең алады. Осылардың бәрі көз алдынан өтіп түнде кірпік іле алмайтын болды. Таң қарандысынан тұрып жуынды. Ауылдағы өжесі үйреткенінен құлағында қалған өлхамдулласын айтып, өзі жайнамазға үйғарған ақ шүберектің үстінде тұрды. Мінәжет етіп жайған алақанына әппак нұр құйылғандай болды. Саусақ ұштары тәтті шымырлайды. Өуминің айтып бетін сипағанда тамыр-тамырын қуалай жүгірген мамыражай тыныштық халге үйып, өзін құнөдан пәк, жеп-женіл сезінді. Бұдан былай үзбей намаз



окуға, үрлік істемеуге, өтірік айтпауға өзіне-өзі серт берді.

Ыңылдай әндете үй тірлігіне кірісті. – Мама, бұғін үйдесің бе? – деп, таңырқай қуанған қызына:

– Ол “жұмыстан” шықтым деп көнілдене жауап берді (ішінен ең соңғы өтірігім осы болғай-ақ! деді күбірлей). Кіші қызы еркелеп құшақтай шыр көбелек айналса, жұмыссыздықтың не екенін ұғып қалған үлкені көзі дәнгеленіп үрпіп қалыпты.

Тұс әлетінде кеше қонақ болған әппак кимешек, биік жаулықты (сөлемі тұзу болғанмен көп араласа қоймаған) өжейдін немересі келді.

– Өжем айтады: “Сізге менің папама барсын, есеп-қисап жүргізетін қызметкер керек”, – дейді. Қапелімде аузына сөз түспей.

– Аллаh тағалама шүкір, шүкір! – дей берді. Бала бүртиып: – Менің атым Шүкір емес, Сапар! – деп тақылдаپ әкесінің тілдей визиткасын берді.

Әлима бас салып баланы сүйіп алды. – “Ақ жолға бастаған Сапарым сенсің меніңді” ішінен айтып, дипломын іздеуге кірісті.



## МАСКУНЕМНІҢ ШЕШЕСІ

Қайыршы кемпір нан сататын дүңгіршектің ығында бір уыс болып бүрісіп отыр. Сол алақанын жайып тізесінің үстіне қойған. Жұпарқұл берген пальтоны қымтанды болады. Бәрібір қаңтардың қарлы ызғары етінен өтіп, сүйегін шағып барады.

Тұла бойы тұнғышы дүниеге келгенде де күн осындай сұық еді. Өзен үстінде паром бұзылып бір сағат амалсыз тұрган. Онда он тоғыздығы сылқыған келіншек. Қүйеуі мұны, бұл бөпесін бауырына қысқан. Етегін қуалай сокқан сұық желді қаперге алмай, қызыл-шақаны қымтай берген.

Қайыршы кемпір асылы ештеңе ойламайды.  
104 Тек кейде көзіне үзік-үзік елестер келеді. Өткенін ойлай бастаса, екі шекесі солқылдан, басы зениді. Ертеңін ойласа, журегіне запыран құйылғандай қыжылдайды.

Тық-тық еткен өкше. Тоқ балтырлы келіншек үнемі үш теңгелік тастайды. Бұл христиан кемпірлердей, не ауғандық, тәжік қайыршылардай сарнап қоя бермейді. Қайыр

сұрағалы көзін жоғары көтерген емес. Қөретіні – аяқ, қол. Мына ескілеу бөтенкенің иесі зейнеткер болуы керек. Сирек өтеді, бірақ жиырма, не елу тенгелік үстattyп кетеді. Жазда бір рет 200-дік таstadtы. Қөзіне тақап көріп, “қателесті-ау, сұрап келіп қалар”, – деп, бұрымының арасына жасырып (баласынан тығып) еki-үш күн күтті.

Сапырылышқан аяқтар. Е, автобус тоқтағаны. Біреуі бері бұрылды. Тағы да үш теңге. Ойша есептейді. Өлі аздау. Бұл жерге күн төбeden кетеріле келеді. Ұлына ішкілік жөне бір нандық ақша жиналғанда қайтады. Кейде бір литр сүт, не айран алады. Әрине, артылса.

Шешесіне ілесіп бұлдіршін сағыздың фантигін мұның алақанына салды. Қызыл ала фантиктен шықкан жылу кәрі тамырын қуалап, жүрегін елжіретті.

Өз ұлы да кішкентайында қолындағысын мұнымен бөлісетін. Қүйеуі жасы үлкен болғасын ба, қызметі үлкен болғасын ба өзін балаша еркелетуші еді. Босанғандағы етектен соққан суықтың тас төбесінен ұрганын кеш үкты. Қаралмаған дәрігер, бармаған курорты қалмады. Ендігөрі құрсақ көтермеді. Бар аналық махаббатын жалғыз ұлға арнады. Ұлы ерке, өжет, алғыр боп өсті. Мектепті алтын медальмен бітірді. Алғаш түскені – Саратовтың үшқыштар мектебі. Екінші медициналық сараптауда бүйрегінен тас тауыпты.



Ұлы: “Бүйректен келген пәле емес, фамилиям Қазақбаев болған соң қуып шықты”, – дейтін күйініп. Содан оқудан шығып қалды. Сосын Москвада оқыды. Үшінші курста деканның қатесін түзетемін деп бәлеге қалды. “Барып, қойынды бақтан” басталған әңгіме әкесінің қызметтен қуылсуымен аяқталды.

Трактор табан етік киген бота тірсек қызы сөмкесін ұзак ақтарды.

– Тфу, гад! – деп бастап, бір взвод боктықты төге салды. Сірә, ақшасын алдырыған. Қайыршы кемпір қарала сөтен орамалынан иегін шошайтып еріксіз басын көтерді. Бұлдіршіндегі еріннен төгілген кір сөзден мұның денесі түршікті.

Беу, заман-ай! Қызылжардағы ортанышы қайнағасы өліп, жерлеуге барған. Баласы өзі қатарлы бозбалалармен ауыл сыртында атқа мініп жүр еді. Асау байтал тізгін бермей, ошаққа кимеледі. Қазан-ошақ басында жүрген әйелдердің қолындағы шеміштен жасқанған жылқы үркіп, ұлы ұшып түсті. Өлде құрбыларының мазақ күлкісіне, өлде қазаншының сөккеніне ыза болды ма, алды да жер ошақтағы бір қазан етті аударды да таstadtы. Соңдағы абысынының зарлай қарғаганы өлі құлағына келеді. “Аруақ атсын!” деді ме-ау, “тұқымың тұздай құрысын!” деді ме-ау.

Иә, тұқымы тұздай құрығаны рас. Орыс



келінмен екі қыз кетті. Қазақ келін балалар үйінде есті демесен, мамалап іші-бауырына кіріп тұрушы еді. Соны корғаймын деп ұлынан таяқ та жеген. “Жарығым, өлерінде баласын аманаттан жағы сембей кетіп еді. Қайтейін, ол шарана да үш тәулікке жетпей шетінеп кетті. Қу, өмір-ай! Қой, үйге қайтайын”.

Кемпір екі оқталып зорға тұрды. Тізесі құрғыр илікпейді. Галоштың аты галош. Әйтеуір, жоқтан бар. Бұгін ұлы елуге толады. Садакадан артығырақ жиналса тәтті-пәтті алмақшы еді. Ұлы араққа ақша жетпей қалса есікten кіргізбей қоятын нокайлығы және бар. Иә, сәт. Екі оқушының бірі бұрылышп, бес теңгелік темір берді:

– Неге бересің? Қазір компьютер ойнауға жетпей қалар?

– Қазақ апа екен.

– Соқпа! Қекем айтқан қазақ қайыр сұрамайды.

Баласы жоқ болса, ағайыны асырайды деген.

– Соқпасаң өзің соқпа! Тәтем айтқан қазақтың бәрі қайыршы. Әркімнің босағасында жүреді...

– Соқпа!..



## АҚЫРҒЫ СЕРТ

Мейрам хор қыздарының күйдіре суюінен оянды. Көлкілдеп ісіп тұрған қабағының астынан барынтасымен үнілді. Әй, жоқ. Бір құлағы тікірейіп шекелей қарап отырған өзінің кәрі тәбеті. Күйіп кетіп орысшалап шіреніп бір боқтап, басын бұрып өкетті. Өлдебір жылбысқы сасық сүйықты сүзе құлады. Тіфу! Осы аспан астында, жер бетінде тоқымдай таза жер қалмағаны-ау!

Мейрам үлкен ұлының 12 пүттық гір тасын қойғандай зіп-зілдей басын шидей мойнына өзер көтеріп түрегеп отырды. Иті мұның басын көтергенінен дәметіп итаяғын тістеп алдына келіп қонжиды. Ә, өйтекеір далада емес, өз үйінің ауласы болды.

 – Кетші-ей, өкең... өзімнің де тамағымды шылайтын бір жұтым... Бәрі қырылып қалған ба? Әй, қайсың барсың? Бізге бір жұтым. Итім екеумізге... Қолын бір сілтеп бар ашуын бойына жиып түрегелді. Дүние шыр көбелек айналып ұшып түсті.

Ортанышы ұлы мектептен қашан келуші еді?

Мұндай күйін көрсө, намыстанып сабап тастаудан тайынбайды. Ішсе, өзі де көзіне түспеуге тырысады. Кенжесі ондай емес, өйелі ұрсып жатса бұның бауырына тығылады. Қуса, үйден бірге шығады. Үш ұлы үш түрлі. Үлкені үндемейді, қолтығына қысып апарып, төсегіне сұлата салады. Арасына жеті жылдан салып үш ұл туып берген әйелімен танысқаны қызық. Онда отызға жетіп қалған нағыз сүр бойдақ. “Беларусь” тракторымен аудан орталығынаң газ баллон тасиды. Құздің жылбыскы жауының астында жаяу жүргіншіні көрші шал екен деп, қасына жақындей бере газды басып, шалшықты шашырата өте шыққан. Далбаңдап артымнан жүгірер деген. Не қол көтерген жоқ. Жұмбак жолаушыға сөл таңырқап өзі тоқтады. Мимырт жүрісіне шыдамай өзі шегінді. Сүр макинтош киғен қыз бала. Тракторға домаландай мініп жатыр. Жөн сұрасты.

— Ау, неге қол көтермейсің? Ауылға дейін он екі шақырым бар. Қалай жетпексің?

— Жаурап кеттім.

Кабинасы қыз-қыз қайнаған Мейрам даланың сүйк екенін енді есіне алды.

— Сұлығынды шеш.

Қыз сөз қайтармастан өрі-бері аунап, плащын шешіп алды. Қызыл ала гүлді көйлегі денесіне жабысып қалыпты. Бура саны көз арбайды.



– Түү, өбден су болыпсың, – деп, Мейрам күректей алақанын қыз тізесіне қойды. Қыз дір ете тұсті. Қолын қақпады. Не өрі ысырылмады. Мейрамның сол дірілден денесіне ток жүргендей жүрегі дұрсілдеп қоя берді. Ішінен “не қылса да осы қызды алып қашамын” деп серт берді.

Беу, қайда сол мұның оқыс қалжынынан алма беті алаулап шыға келетін үялшақ келіншегі. Орнына тығырышықтай арпылдаған алbastы пайда болды. Қит етсе “шемішке сатып асырап отырған мен!” – деп, кеуде соғып шыға келеді. Ортаншы үл әне, тоқпақтай жұдышығын ала жүгірген. Әлі он бесте. Ертең жиырмада жетсе, өзі айтқандай: “Арағын қоймаса өлтіріп, бір шұнқырға көме салатыны” рас шығар? Тіфу, ит тіршілік-ай! Осындайда әйелін жақсы көріп қалады: – Әй, әй, жайырақ. Әкең шал болды. Сүйегі қурап тұр. Сынып, бейнет шегіп қалар, – деп, ара түскенсиді.

Бұл ит ішпесті ішнейін деп ішесің бе? Сыйлап құяды. Достар. Таныстар. Бірдеңесін істетіп алғандар. Сыйлап отырған соң қайтесің. Ішесің, әрине, баудай түсесің. Не жыны барын, сонғы кезде бірер рюмкеге мойны былқылдай салады. Қайран жастық шақ. Бөшкелеп ішсөң де, ертесіне басыңа бір шелек мұздай суды құя салып, жұмысыңа кетесің. Қап, бір жұтым арақ-ай... Қар қылауладай бастағаны ма?

Үйде бір тұтатар жаңқа жоқ. Ертемен Асқарбекке барған. Ең құрымаса бір куб отын бер деп. Қарызға бер деп. Жаздай сенің гаражынды салдым деп.

Әйелі шықты шабаландап:

– Салсаң арағынды, тамағынды іштің. Тегін салдым дейсің бе? Ауызына құм құйылды. Жігері жасынды. Көше айнала бере арақ сататын Сөулеге соғып іштегі өртті сөндіру үшін бір стакан тастап алды. Қазір р-рахат. Екі үйдің бірі арақ өндіреді. Баяғыдай дүкен торып, сағаттап кезекке тұрмайсың. Үшінші іздеп тентіремейсің. Қарызға бартерге құя береді. Рахат. Ы-ым.

Мейрам итіне сөйлеп-сөйлеп, ақ шымылдықтанған кеңістікте әйелін екі қолынан сүйреп жүрген кіп-кішкентай бойы шишадай-ақ кіслерді байқамапты. Арашалап алмақшы болып үмтүлса тізесі бастырмайды. Майланбаған подшипниктей икемге келер емес. Әйелі де бір көнбіс байғұс. Қолын тартып алуудың орнына бұған жалтақ-жалтақ қарап қойып жетекте кетіп барады. Ие, ол баяғыдан-ақ солай еді ғой. Туыс, достары бұған ақыл айтып үрсып жатса: “е, елдің бәрі ішеді”, – деп ара түсуші еді. Өзі де сол көнбістігіне қызығып үйленген. Қатын кетсе не болғаным? Бар қайратын жиып тұруға тырысты.

Мынау аяқ қайтеді, ей? Өзінікі емес сияқты. Бірі екіншісіне шалынысып тағы құлап түсті.



Оңбай құлады. Содан шамалы есін жиган. “Қой, елес қой”, – деп, қолын сілікті. Анау жолы да осы мыртық сарылармен әжептәуір алысқан. “Белая горячка” деген пәлең осы деп түсіндірген “стажы” бар достары.

Қырбық кар улкейіп, жалпайып жапалақтай жаууға айналды. Айнала ақшылтым түске бөкті. Жел саябырысты. Аяздың зәрі сынды.

Мына қатын арақ деп заһар берген бе өзі? Буынбуыны жоқ сияқты, өлі құрып барады. Баяғыда өліп қалған шешесінің өні құлағына келеді. Атаң “халық жауы” атанып итжеккенге кеткенде келген хаты еді деп ыңылдан салатын:

– Қайық салдым, теңізге,  
Шамаң келсе, мені ізде.  
Басынан асып күнөсі-ау,  
Далада өлді-ау дегізбе.

Қазақ үшін далада қаңғып өлу қорлық болғаны-ау. Иә, солай шығар. “Басынан асып күнөсі...” Ау, біреуің көмектессендерші. Үйіме кірейін деп едім, ау...

Мейрамның буалдыр санасында тағы көрініс қайталанды. Бірак бұл жолы өйелі емес, кенже ұлы сары сапалақтармен жүр. Тек жалтақтамайды. Рazy, мәз. Қап, бокмұрын-ай, қайтеді өзі? Қайт кейін! Олар саған не опа берер дейсін? Өкене қарасайшы. Не дос жоқ, не туыс жоқ. Ақыр аяғы өздерін де сыйлауды қойдындар. Әй, Орақ, Мамай!

Қайдасындар! Ерсайынды әкетті ғой,  
араашаласаңдаршы!

Жандәрмен ұмтылып күрекпен үрып мыртық  
сарыларды құлатпақшы болды. Құлаған өзі. Іле  
аппақ қардың үстіне қып-қызыл қан шашырады.

“Ендігөрі, қу арак, саған жоласам ба! Ақырғы  
sertім болсын!” – деді Мейрам күректің қырына  
сокқан шекесін ұстап. Бұрын да талай серт берген.  
Шын ниетімен. Бірақ әйеліне. Бұл жолы өзінегі-  
өзі: “осыдан тірі қалсам...”

## АЙДАНА

### *Маскүнемнің қызы*

“Интеграл дегеніміз... Интеграл теңдеу... тең, дұрыс, көпбұрыштың көлемі екі еселегендегі...” Айдана қос алақанымен құлағын қатты басып отыrsa да, ас үй жактағы өке-шешесінің ұрысы естіліп тұр. “Кой, ереже миына кіретін емес, есебін шығарсын. Қолына қалам ұстаса құлағын ашуға тұра келеді гой. Жок, басқа пәннен дайындалсын”. Өзіне-өзі ойша бүйрық беріп, магнитофонның дауысын күштейтінкіреп, өзі де қатты дауыстап окуга кірісті: “Ересек адамда 206 сүйек болады. Адамның басында сексен мыннан жұз мынға жуық шаш өседі. Құніге жұз шакты тал түссе, осынша шаш өсіп жетіледі...”

Өке-шешесінің үндері бәрібір естіліп тұр. Ойының бәрі сол жакта. Елдің әкелері арак ішсе үйықтап қалады. Бұрын папасы “өзіме тартқан томпак қара қызы”, – деп еркелететін. Ең әдемі ойыншық, ең тәуір көйлек өзінікі. Ойыншығы жоқ көрші қызға “Барби” қуыршағын бере



салғанда шешесіндегі ұрысқан жоқ. “Одан да жақсысын өперемін” – деді. Өкесі дүкенде жұмыс істеп жүргенде жақсы еді-ау. Енді жұмыссыз. Арақ ішеді. Ішсе ұрсысады.

“Адамның бір тал шашының беріктігі...” Өзінің де шашы ұзын. Құрбы қыздары қатты қызығады. Мамасы да неше түрлі етіп өріп береді. Өсіреле “люстра” атаған, сөукеле сияқтанған шаш өрімі қатты ұнайды. Сабак кірмеген басын сипап бұрымын тарқатты. Қызық. Өз шашы өзін көтере алар ма еді? Төбедегі арқар мүйізденген үш тармақты электр шамға қарады. Қөп ойланbastan мінгескен екі орындыққа шығып, бұрымының бір үшін тармақтан асырып жіберіп өре бастады.

“Осы арақ деген пәлені папалар неге ішеді екен?” Өзіне конған шыбыннан қызғанатын өкесі мас болған кезінде балконнан лактырмақшы болды.

– Тырп етпендер! Бір-бірлеп тоғызынышы қабаттан жерге тастаймын! – деп, есікті сырттарынан кілттеп кетіп қалды. Інісі Айdos екеуі шкафқа тығылды. Шешесі телефон шалып, көрші Тамара тәтей есікті бұзып, үшеуі қашып шықты. Шешесінің құрбыларын паналады. Бір апта өткенде ағайындары татуластырып, бір айға шейін өкесі Айdos екеуін еркелетіп, үйде мамыражай тыныштық орнады. Онда жаз айы. Сабак жоқ. Бүгін түк оқымады. Оқыды-ау, түк

үқпады. Апайы “су мисың!” деп ұрсады-ау? Бұрын сынып сайын алған мақтау қағаздарды “сатып алғансың ғой” деп тағы кекетеді-ау!

Шешесі шақар. “Бұға берсең сұға береді. Айтып тастасаң айбынады”, – деп тайсалмай мас кісіге қарсы сөйлейді. Әкесі денелі, шешесінен екі есе зор. Әне, тағы тәрелкелер сынды. Бірақ баруға болмайды. Ана жолы екеуінің ортасында тұра қалып, бар пәрменімен шыңғырганы сондай – ауруханаға түсіп қалды. Дыбыс жарғағына зақым келіпті. Он күндей үні шықпады. Сосын сыбырлап сөйлей бастады.

Әйтпесе, осы Айдана үшінші сынныпта оқып жүргенде “Өнші балапанның” жүлдегері атанған өнші қыз ғой. Музыка мектебін бітірген дипломы да бар. Құйсандығын әкесі сындырмай тұрғанда күніне бірер сағат ойнап та қоюшы еді.

Шашының ұшына бантик емес, қолына түскен жіңішке шүберекті шиелеп байлады. Мойнынан бір шалды да орындықты теуіп кеп жіберді. Салдырға шешесі жүгіріп келер деген. Естімеген-ау, сірә? Тұншығып бара жатқан соң армақайға жармасты. Айқайлаған. Өз үні өзіне естілмеді. Тілі икемге келмейді. Ұзарып бара ма? Құтқарындар! Ас үйдегі айқай-шу үдей тусуде.

Әке-шешеден күдер үзген Айдана інісінің мектептен қашан оралатынын ойлады. Екеуі өте

тату. “Балабакшада бірге ойнайтын Анжелага мама-папасы құлгін парсы мысығын, Вадикке сабалақ жұнді дөг күшігін сыйлады”, – деп келгенде, шешесі:

– Кого тебе подарить? – деп сұрады.

– Братишку, – деген Айдана ойланбастан. Айдосты өте жақсы көрді. Кішкентайында қолынан тастамайтын. Қазір көтере алмаса да, інісінің аяғын өз аяғының үстіне қойғызып, құшақтасып алып бөлме ішінде адымдаپ жүреді. Көтергені. Сабағына көмектеседі. Айдос та бірінші Айданамен ақылдасып алып, сосын шешесінен сұрайды. Кеше шалбарын жуғанда темекі тауып алды.

– Папага айтам! – деп қорқытты. Папана демеді. Папама дей алмады. Өйтіп меншіктемегелі қа-шан?! Жат, бөтен біреудей. Тек шешесіне, бұларға тиіспесе екен!

“Ертең, мен өлген соң папам мен Айдосым арак деген пәлеге жоламайтын болса керек!” Өзі туралы, өлім туралы түк қорықпағанына сөл таңырқады. Саусақтары өлсіреп, жазылып бара жатты.

\* \* \*

– Жолдан былай тұр. Айданага бірдеңе болған сияқты.

- Сен қатын, балаларды бетке ұстағанды қашан қоясың, а? Мен сендерге...
- Жібер деймін, оңбаған маскүнем!
- Мен саған көрсетемін кімнің маскүнем екенін!
- Ай-да-на-а-а!



## ҚАШАН АЙЫҒАСЫН, ҚАЗАҚ?

### Маскүнемнің әйелі

Ақбөп мұғалімдер бөлмесінде ешкім болмауын тілеген. Қозі қарауытқан Ақбөп елеусіз бір бұрышқа отыра кетпекші еді:

– Апай, сіз зейнетакы аласыз ба? – деп жас мұғалима алдынан қарсы шықты.

– Апай! Сізге зейнетакы ала тұра қосымша өлі жұмыс істейсіз бе деп сұрап тұрмын! – Дауысы зілді. Ақбөп өзін кірпігін қақса құлап түсердей сезінгені. “Е-е, жастар мені зейнетакысын алып үйінде отырмай ма, аяққа оратылмай деп сөз қылған ғой тегі”.

Мұның меніреу халінен құрбысы 119  
құтқарды:

– Не болды тақылдал?! Көрмейсің бе, ауырып тұрганын, әкел дәрің қайда еді? – деп, мұның сөмкесіне жармасты: – Су әпер. Екеуміз құрдаспыш. Ақбөпенің жасын не қыласың? – деп, жас оқытушыға да жауап беріп үлгерді.

– Өлө, Сөуле Қамбаровна, сіз жап-жассыз, ал



мына кісі... Сөуле оны елең қылмай, Ақбөпеге тиісті:

– Қатты айтып тастамайсың ба? Өзінді өзің мужіп тәменшіктемей. Әй, сенің жасында Ақбөп апайың екі баласын жетектеп аспирантурада оқыған. Әдістемелік мақалалары газет бетінен түспейтін. Біліп қой!

– Ол баяғыда... – деп еске алды Ақбөп өткен күндерін.

Іә, баяғыда Жәдігер екеуінің қосылған алғашқы жылдары. Өмірі – думан. Алақандай ауылдың төрі өздерінікі. Қайда барса да:

– О-о, өншілер келді! – десіл төрден орын береді.

Жәдігердің өжептөуір дауысы бар. Ән айтудан да, арак ішуден де ешкімді жалындырып жатпайтын. Екі-үш рюмканы журдемелете тастап жіберіп шырқай береді. Жұрт дуылдал алақан ұрады. Е, заман-ай... Бірақ, масайып, теріс қылқ танытып көрмеген. Ауылдың ұлы Жәдігерге, қызы Ақбөпеге еліктейтін. Болған үстіне бола түссін деді ме, білімін көтеремін деп сол кездегі астана – Алматыға көшті. Үй алды. Жәдігер комбинатқа жұмысқа тұрды. Өзі оқиды. Едігесін қарайды.

Бірінші рет Жәдігердің мастығына Ақбөпенің намыстанғаны есіне түсті. Тамараның үйінде қонақта болған. Кілең орыстың ішінде жалғыз



қазақ өздері. Жәдігер ән салмақшы болып еді, даусы қарлығып әннің мәтінін сала алмады. Дастархандағы буылдыр бозасы түскірдің күші арақтан басым ба, кәдімгідей қызып қалды. Бөрі маймыл көргендей Жәдігерді тамашалауда. Өздері әйел-ерек демей сіміреді-ак. Ақбөпе аяғының ауырлығын сұлтауратып стаканға қол созбады. Әдетте әннен басқамен жұмысы жоқ күйеуі бүгін алабөтен ыржандап өзіл айтқыш, тапқыш бол алған. Ақбөпе “кетейік” десе көнбейді. Жаңа достарын кезек-кезек сүйеді. Ал оны жақтырып жатқан біреуі жоқ. Ақыры жалғыз өзі Едігесін жетектеп үйден шығып, такси тоқтатты. Тамара бұның артынан тұра жүгіріп, Жәдігерді дедектетіп бірге отырғызып жіберді.

Үйге келген соң Жәдігер есікті өзі ашпақшы болды. Құлышқа кілтті сұға да алмады, не бұған бермеді. Қантардың тұнгі аязы табанинан өтіп барады. Колындағы бала да қынқылдай бастады.

— Баланы тосшы, — деп алдарқатып кілтті алмақшы еді:

— Жоқ, ерек өз кілтіне өзі ие болуы керек, — деп, кілтті қалтасына салып алды. Нөресте жылауга көшті. Мұндай ыза болмас. Тұнғыш рет күйеуіне қол көтеріп, бар пәрменімен итеріп тастанап, кілтті алып, есікті ашты. Баласын шешіндірді. Суық көрпеге орай салып, от тұтатты. Күйеуін сүйрелеп жүріп төсегіне жатқызды.

Гүрілдей жанған отқа сүйсініп біраз тұрды. Тағы көмір салмақшы бол толы шелекті көтере бергені сол еді, ішінің төменгі жағы солқ етті. Төмен тартып қатты ауырды. Өз есебінше босануына әлі екі ай бар. Қүйеуін оятып еді, ештеңені сезер емес. Танға әлі біраз бар. Не істесе екен? Бұл маңайда телефон тек баба Соняда ғана.

Белі сынып шыдатар емес. Шынымен толғақ па? Құртік қарды омбылай басып көршіге жұғірді. “Әй, осы орыстың кемпірлері-ай, жау алатындақ қымтанады”. Жан-дәрмен алласа шарбактан қалай асып түскенін өзі де білмейді. Терезесін қағып, есікті зорға ашқызды. Құдай аузына салды ма: “схватка” дегені.

Есін перзентханады жиды. Шала туылған нәрестесін әлдилеп терезеге телміреді. Ешкім іздемегеніне таңданып, бойын қорқыныш биледі. Жәдігерді күтуде: “Есік ашық қалып, үсіп өлді ме, әлде иіс тиіп қалды ма?” Төртінші тәулік дегенде жан жары зорға жетті. Қызын жуып жүріпті... Содан бері Жәдігер аңы сумен айнымас дос бол келеді.

### Маскұнемнің қызы

Шала туган Сая да сыландал бой жеткен. Бүгін үшінші күн қызы үйде түнеген жоқ. Жаңа директордың бөлмесінде өзіне ұрсып жатқанымен

де ісі болмай екі құлағы сөйлеп тұрған радиода болды. Соңғы жағалықта: Ақсай мөлтекауданынан екі жас қыздың денесін тапты деген хабарды естіп, қызын ойлады. Жок, мұның Саясы басқа жаққа кеткен. Кеткен емес-ау, өзі жіберген.

Алдыңғы күні немересінің тұсау кесу тойын өткізді. Дастанхан басының берекесін ала бастаған әкесіне еркелеген бол ескерту жасаған қызына Жәдігер өре турегелді. Сая жылап жіберді. Конактар үрпісті.

— Ойбу, қызым, ұмытыппын. Саған Айгүл келсін деген. Манызды шаруа деген, тез хабарлас деген...

Сая тез жиналып, үйден шығып жүре берді. Баяғыда шешесі марқұм көшеде екі әйел ұрысып жатса: “Жаман сөзді естісең жаман болып кетесін”, — деп өзін үйге кіргізіп алатын. Сол есінде қатты қалған. Ақбөпे қызының әкесінің мас болғанын көрмесін, қатты сөзін естіп қөнілі қалмасын деп өуелі көршілеріне, сосын өскен соң құрбыларына жіберетін. Дұрыс па, бұрыс па? Өзі де білмейді.

Шешесі “бойжеткен қыздың бөтен үйде қоңғаны күнө” деуші еді... Қазір Сая қайда жур екен, аман журсе болды дағы.

Жүрегі жарылардай үйіледі. Қоңырау үнін естіп, орынан екі ұмтылып өзөр көтерілді. “Жок, бұл түріммен сабак бере алмаспын. Дәрігердің емдел

дегені қашан? Не емделуге, не дәріге ақшасы жетер емес. Жәдігердің де аракпен достасқаны, жұмысынан айрылғаны қашан.

“Қой қозгалайын. Нешінші сыныптың журналын алу керек еді?” Қара шкафқа жақындағаны сол еді, көзі қайта қарауытып, басы айналып кетті. Құлағына тау сұнының сарылы келді.

### Маскүнемнің ұлы

Ж-е-е-к көремін сені, көке! Жек көрем!

Неге ішесің?! Ішсөң, елдің өкесі сияқты неге үйіктап қалмайсың?! Достарымның көзінше арақ ішіп алыш, оларға тиісетінің-ай. Өткенде досым Саятқа тиістің.

– Что, твой пахан, ненормальный? – дейді. Оның орнында мен болсам тәбенен бір қойып, сенің балаңмен достықтан қол үзер едім.

Кеше туған күніме жиналған достарыма “концерт” қойып бердің. Түү, намыстан өлгенім-ай! Мамам маймыл деп бекер айтпайды екен. Масқара!

Динараның бетін енді көре алмаймын-ау. Ұзын кірпіктері жыптық-жыптық етіп маған тілсіз жәудіреп қарай берді... Сен болсаң оны кір-кір қолыңмен құшақтап, сасық демің бүркырап, сілекейің ағып, сүйген боласың. Ақ жібек орамалға



сіңбіріп тастағандай жиркеніш тудырдын. Жек көрем сені.

“Мойнынан түспейтінсің”, – дейсің, кішкентай кезімде. Ол кезде мен үшін сенен ақылды, сенен батыр, сенен алып ешкім жоқ еді. Қазір айтатының ақыл емес, боқтық, балағат. Өсіресе маған өшігіп алдың. Сөйтсем тәтем бір ұрысқанда:

“Ішкенінді қоймасаң балаңның өзі-ақ өскен соң мойныңды бұрап, басыңды жұлып ап қолыңа ұстаратады!” депті. Содан бері ішсең болды қаны сорғалаған басыңды мен ұстап тұрганым елестейтін болуы керек: “Өзім тудым, өзім өлтірем! – деп, тап-тап бересің.

Түү, түннің суығы-ай. Мамам жылап отырган шығар. Ақерке қарындасты мені ізден көшеде жүр ме екен?

Бәрібір барғым келмейді үйге. Қөргім келмейді көлкілдеп ісіп кеткен бетін өкемнің. Ыдыс-аяқты шағып, өзінше тәртіп орнатып жатқан шығар өлі.

Бозбала аяғын бауырына жинап екі тізесін құшақтай бүрісіп отыр. Кісі көзінен таса қаракөленке тактай орындықта қанша отырганын өзі де білмейді. Достарымен ілесе шығып, көшеде көп сандалды. Аяғы дуылдалап ашып жүргізбеген соң келіп отыра кетіп еді. Қаланың қай тұсы екенінде де шаруасы жоқ. Қанша бүріссе де суықтың ызғары сүйегіне жеткендей.



Қарсы алдында қаракөлеңке сұлба пайда болды. Мысықтың өнекті тырнағанындай жағымсыз үн:

– Пацан, грется хочешь? – дейді. Бұл не деп жауап берерін білмеді.



## ҚЫРЫҚ ЖАНДЫ КЕЛІНШЕК

(жындыханадан репортаж)

Айгүл күлкіден оянды. Шашы бүркыраған жас өйел балаша сықылықтайды. Бірақ көзінде күлкі жок. Одан өріде егделеу келіншек ілгерілі-кейінді теңселіп сарнап сөйлеп отыр. Айгүлдің көзі қызырып терезеге тірелді. Ұсақ қара төртбұрыш теміртордан күн сөулесі мол тәгіліп тұр. Айгүл өзінің қайда жатқанын, қашан келгенін де ойлаған сияқты. Мұның да көзі ойсыз, жанары нұрсыз шығар.

Кенет жас өйел күлкісін кілт доғарып өксіп жылап қоя берді. Долданып емес, қорлық көрген, жапа шеккен жас баладай шағына енірейді. Айгүл дір ете тұсті. “Ойбай-ау, балам жылап қалған шығар. Бұл не жатыс?!” Ұшып түрмакшы еді, қол-аяғын берік байлаған жіп босатпады. Ышқына бұлқынғанына болар емес. Айқайға басты. Қемекке шақырды. Жылады. Жалынды. “Өсемім! Құйттай ғана дәрменсіз құлышағым! Кім жұбатар сені?” – деп, екі

жастан үш ай асса да кемтарлығынан әлі сөйлей алмайтын, ауру қысқанда құрысқан қол-аяғына ие бола алмай қалышылдап талып кететін сәбійн ойлағанда жаны шығып, кереуетін селкілдетіп жіберді.

Мейірбикенің төбесі көрінгенде Айгүлдің бойына ұстамдылық пайда болды. Белгісіз үрей сейілді. Аз кем сөйлесіп, ол:

– Шыда. Мұнда шыдамдылар ғана дегеніне жетеді! – деп, қадап айтып шығып кетті. Айгүл сабырмен өзінің хирургтің мейірбикесі болып жұмыс істеген сөтін еске түсірді. Дәрігер өзін көп мақтайтын. “Тіпті менің аузым жаңылса да Айгүлдің қолы жаңылмай керек инструментті дәл ұстатады”, – деп, риза болар еді Павел Федорович.

Жауғашты сол арадан алып қашатын кезде он тоғыздан сөл асқан. Өзінен он бес жас үлкен жігітке тимеймін деп тулаған. Ақ жаулығын мұның аяғының астына жайып жалынған енесі, өсектен, жел сөзден қорықкан еді...

Жатқан жерінің жындыхана екенін түсінгенде түніліп кетті. Иә, “жаксымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа”. Ойбай-ау қайдағы ұят, қайдағы! Шыгарсың жындыханадан деу дұрыс! Жә, сабыр. Айгүл өзінің жынды еместігін дәлелдегендеге ғана бұл арадан тез шығады. Сондықтан тек сабыр,



төзім, ақылмен іс істеу керек. Қырық бұратылып жатып әйтеуір қолын шешті-ау. Өуелі қолын үқалап біраз отырды. Сосын тез-тез шешіп аяғын, бүкіл денесін босатты. Барып есікті қакты. Мейірбике таң қалды.

– Кім шешті!

– Өзім. (Тек шындықты айту керек!) Әжетханаға жіберші.

Мейірбике Айгүлге тесіле қарады. Бұл да көзін тайдырмай өтінді. Сенді. Бірінші байланыс орнады.

Содан соң кастеляншаға ертіп әкеп, жуындырып, аурухананың халатын кигізді. Қері кемпір Айгүлдің денесінен көзін айыра алмай:

– Какая красавица! – деп, ах үрды. Өзі қимылдының бәрін баяу, дәл істеуге тырысты. Сөзін қысқа, анық айтады. Дәрігер де мына өзгеріске мойынұсынды.

Айгүл мұнда қалай келгенін, кім өкелгенін қанша тырысса да есіне түсіре алмады. Жауғаштының үйге мас болып кіргені көз алдында. Үйде інісінің екі жолдас жігіті бар, етті енді жегелі жатқан. Өзінің қолында ет кескен пышағы болды.

Жауғаштының боқтағаны (ол қашан боқтамай сөйлеуші еді!) намысына тигені (өзіне кісі көзінше мейіріммен сөйлегені жадында жок!). Қой, есіне нақты ештеңе түсер емес. Қызыл ала қан болып



көшедегі су құбырын іздегені. Гагаринге, жок Дружбаға... Әй, ол өткен жазда еken ғой. Кісілердің шошып полиция шакыратыны. Бірақ, онда жаз еді. Бұл жолы не болды өзі? Бірі үште, бірі төртте екі қызы шырқырап жылап етегіне жармасқаны... Өзінің жарымжан қызын жарып тастамақшы болып үмтүлғаны...

Масқара-ай! Құлағына Жауғаштының қырылдаған жағымсыз үні келді:

— Сенің жатырыңдан шыққан...

Ой, алла, сабыр бере гөр! Екі қолымен шашын уыстап отырып қалды. “Подсознание. Блокировать!”. Әлден уақыттан көзін ашса орысша күбірлеп отыр екен. Төбесі қанап кетіпті. Жок, еске түсірмей-ак қойдым. Тек құлыншағым аман болса екен.

“Әкең келді” дегенде қуанып кетті. Әрі шошып кетті. Соңда мұның жындыханада жатқанына қанша болғаны? Кім хабарлаған? Алыс ауылдан бұл десе жанұшырып жететін жанашыры болғаны қандай жақсы.

Бірақ, әкесінің орнына күйеуін көргенде кейін бұрылыш палатасына қашып кеткісі келді. Сабыр. Төзім. Әкесінің мақалдалап отыратынын еске алды. “Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар үятқа”. Мейірбике қайдан білсін. “Әкесі?! Айгүлге тезірек үйге балаларына жету керек. Өзін-өзі қайрады. “Мықты болсан жердей бол – бәрін

шыдап көтерер, Таза болсаң судай бол – бәрін жуып кетірер”.

– Балалар аман ба?

Күйеуі есі ауысқан кісідей ыржандайды.  
Халатының жыртығын шүқиды.

– Өсем қалай?

– Сорняки долго живут! Ол өлуші ме еді! Мен болмасам сені сағынып өліп жүрген. Айгүл сол сөз шыкқан тіссіз опырайған, арақ сасыған ауызды жұдырығымен бір пергісі келіп өзін зорға тежеді. Денесін ұсак діріл билеп алды. Қолы қалыш-қалш етіп өзіне бағынбауға айналды. Дереу өзін-өзі сабырға шақырмаса болмайтынын санасының терен түкпіріндегі қорғау үні белгі берді. “Соның бәріне сен, сенің арақ құмар мінезің кінәлі!” – деп, іштей шыңғырған айыптау үнінің жетегіне ілеспеуге тырысты. Күйеуінің түссіз, мағынасыз көзіне, өлде соққыдан, өлде капилярлары жарылғаннан қанталаған көзінің ағына, көз күйрығындағы өлде былшық, өлде ірің – сарғыш түйіршіктеге, көлкілдей ісінген бетіне назар салмай Жауғаштының желкесіндегі терезеге көз тікти.

Көктем туды. Басы аппақ, бауыры жасыл Алатау көктемнің жұпарымен жаңа өмір бастап жатыр. Айгүлдің жиырма бесінші көктемі.

“Бұл дүниенің қоқысын сілкіп тастанап басқаша өмір сұру қажет! Анау аппақ қардай санасын



тазартуы керек! Ашу, ыза, өкпе керек емес. Өсемім тірі екен. Тірі. Иә, алла, қыздарыма менің тағдырымды бере көрме. Алдыңда бір ғана мақсатым – балапандарымды жетілдіру. Бұдан былай маган сенген үш балақайым үшін өмір сүремін”.

Айгүл сәмбі талдай нәзік денесін тік үстап, нық қадаммен жүріп кетті.



## ҚЫЗҒАНЫШ ҚҰРБАНЫ

Мен оны танымадым. Танымадым ғой!..  
Ауылда, қазаға жайған дастарханның төр жағында  
ол отырды. Есікке таяу мен отырдым. Келінім  
құлағыма сыйырлап:

– Апа, Мәрия апай сізге қарап отыр, – дегенде,  
әлдекім жүрегімді қанды шенгелімен аямай бүріп  
жібергендей болды.

Мәрия екеуміз он жылдықты бірге бітірдік.  
Мектебіміздің мандай алды шәкірті еді. Тана көзі  
жарқырап, дәңгелек ақсары жүзінен нұр тамған  
тығырышықтай пысық қызы болатын. Онсыз  
мектепте бір де бір жұмыс, жиналыс өтпейтін.  
Жластың старостасы, үнемі алда. Бәрімізден бұрын  
ең сұлу жігітке түрмисқа шықты. Бірақ  
қызғаныштың қызыл иті бұл отбасының  
шанырағын ортасына түсірді. Мәрия есік-терезесі  
бекітулі үйде сүйгенінен таяқ жеп ұзак жылдар  
корлық көріп, жындыханадан бір-ақ шықты.  
Арада жыл толар-толаста күйеуі ауру азабынан  
өлді. “Жазықсыз көз жасы жіберсін ба, қарғыс  
атты оны”, – деп ел гуледі. Кейін өйелі өлген



шалға жеті баланың үстіне барыпты. Сырттан тілеулемес бол, “бағы жанғай” дестік.

Отыз жыл кездеспеген құрбыымды есік көзінен күтіп алдым. Бірак құшактай алуға жүрегім дауаламады. Елдің “жынды” атап жүргені тоқтам болмаса да, менің әрекетім қалыпты өміріне соққы бола ма, әлденені бұлдіріп алам ба дедім.

Көп сөйлейді деседі. Ау, біз көп сөйлемейміз бе? Лағып кетеді, өз бетінше дейді. Ау, өзіміз ше? Біреуге ақыл үйретіп сағаттар бойы мылжындауға бармыз. Сол ақыл керек пе өзі? Қабылдан түр ма? Шаруамыз жоқ.

— Шалым қайтыс болған соң өзімнен туған екі үл мен үшеумізді үлкендерім үйден шығарып таstadtы. Мейлі, сол да дұрыс болған шығар. Қазір өзіммен өзім. Ауыл совет мына капрон үйден (қабырғасы жұқа, қыста сұық, жазда ыстық болған соң ел солай атап кеткен) пәтер берді. Қазір үлдарым жетінші және алтыншы сыныпта оқиды. Жақсы. Жылда мактау қағаз алады. Жағдайым жақсы. Кейде ауырсам Атырау барып емделем. Ауруыма байланысты жәрдемақы алам. Ел іші ғой, ептеп-септеп күнелтіп жатырмыз. Жақсы. Сенің кіші келінің тәрбиелі бала ғой. Кей кездері іздеп барып өнгіме айтып, ішімді босатып кетем. Жақсы.

Отыз жылдан кейін отыз минут бірге болдық. Ойша балалық шақты шарладық. Мәрия ешкімге



өкпелеп жарты ауыз өкініш, зәредей реніш білдірмеді, сол баяғы ешкімге қиянат істемейтін, бәрі жақсы болсын дейтін Мәрия.

Мен оны танып тұрмын. Бұл менің аузындағысын жырып беретін, қолындағысын бөліп беретін, жүргегіндегісін сығып беретін Мәрияшым.

Өзінің бір сәтсіз қадамына кінәліні үкіметтен, қала берді бетіне қарап отырған өйелінен көріп, бөтелкенің ішінен “жұбаныш” іздейтін еркектер кім сенің қасында?!

Тағдырдың тәлкегіне тәзіп, ауыр сынынан өр кеудесін тік ұстап өтіп келе жатқан Мәрияшымды ел таныса екен.

Ана болу бақытын көрген Мәрияшыма өже болу бақытын қиса екен тағдыр.



## БАЗАР. БАЛА. БЕЙБАҚ

Алматыдағы батыр Ақеділ Суханбаев атындағы шолақ көшемізде алғаш қазақ сөзі естіле бастағанда жүргіміз жарыла қуандық. Табағымыз берін тамағымызды көтеріп, “ерулік” деп жүгірдік. Пәтершілердің алды тұрақтап, үй сатып алды. Бөрі жақсы-ау, бірақ...

Ауылда жұмыс жоқтықтан нәпақаны нән қаладан саудамен айырған қандастарымыздың мінез-құлқындағы өзгерістер болмаса...

Төрт-бестердегі ұл қазақша таза сөйлейді. Жүгіргені қызық. Сөйтсем, ышқырының резенкесі кеткен шалбарын бір қолымен ұстайды екен. Шешеден жіберіп, кайқайтып тұрып боктайды өзі. Бір жетіден соң шыдамай, алда-сулап бауырсақ ұстатьп, резенкесін өткізіп бердім. Сол Нұркеннің шешесі жап-жас, базардан сүріне жетіп, құлайды екен.

Аралбайдың бұлдіршіндегі үш қызы бар. “Ата-апалап” біздің үйде жүрді. Тілдері тәтті-ақ. Келіншегінің қолында құман, алдында жайнамаз – иман жүзді адам сияқты еді. Базарға шықты.



Әуелі жылынамыз деп жұқалады. Сосын көлденен табысын жуды. Әйел арақтың соңына түссе, беті бері қарамайды деуші еді. Рас екен. Қәшеде өлді. Енді жетімдері дұрыс жетілгей...

Ақанның келіншегі де сол жолмен кетті. Оның баласының алды мектеп бітіріп үлгерді. Екі ұл, бір қызы.

Сөзімді оларға емес, тірілерге бағыштап айтам. Көрер көзге әп-әдемі, пысық келіндердің жұмыс орны – базар. Қебісінің аузынан арақ иісі шығады. Артық тыныш-тебен түссе жуады. Сөн деп темекі тартатыны бар. Сөздері “әй-әй” болып, боктық араластырып тұздықтап тұрапы бар. “Ақшаға бәрін сатып алуға болады” деген ұғым берік қалыптасқан. Адамгершілік, Ар, Иман дегеннің сөүлесін қойып, елесі де көздеріне шалынбайды-ау деп қаламын кейді. Дүниенің бәрін белінен бір бүктеп қалтасына басып алғандай астамшылық психология қалыптасып бара жатқаны қинайды.

Қәшіп келгенде тәтті сөйлеп:

– Тәт-те, қасқаныңызды бере тұрасыз ба? Мәнті жегіміз келіп еді... – деп сыйылады.

Қалтасы қалыңдаса:

- Мамам қасқан берсін дейт!
- Жарты сағаттан соң кел, айналайын, өзім пісіріп жатыр едім.
- Әй, қатын, мені темір жейт деп есіттің бе?



Әлде жаман қасқаның тозып қала ма? – деп шаптығады.

Бастапқыда өз өлшеміммен ойлап үгіттей беретінмін. “Мектеп жанында тегін үйірме ашылыпты”. “Мына балаңның музықаға бейімі бар екен”. “Мұражайға оқушыларды апара жатыр едім, Маратыңды ілестіре ғой” деп. Үлкен мәдени ортага келген соң сәби де көрсін, сезінсін, үйренсін дегенім еді.

Қазір 6-сыныпта болуы керек, Төлегеннің көзінде от, жүргегінде шоқ бар еді. Шешесіне арба сүйреп, сабақ оқуға уақыт тапшы. Көмектессін. Бірақ баланың бағы байланбасын. Мақсат ақша табуда ма? Меніңше, оны орнымен жұмсай білуде сияқты. Базаршылардың екіден, тіпті кейбірінің 4-5-тен балалары бар. Қигенге, ішкенге мәз болып өмір өте бере ме?

Кешке:

– Әй, сен катырдың-әй! Байғұс ақшасының қалай біткенін білмей де қалды.

– Әй, сондай “бұзауларды” қалтадан бір, таразыдан екі қақпасақ, несіне базарда тоңып тұрмыз! – десіп, дуылдастып, әйелдік нәзік үндегі дарылға ұласып, өтірік мақтасып, кеш сонына таман:

– Әй, анадағы екі жұз тенгемді қашан қайтарасың, қаншық?

– Соны да сөз деп, бетбақ! Мен саған алты



жұздің конъягін қойғаным қайда? – десіп, аяғы боктық, жанжалға айналып, одан араша, сосын татуласуға (тағы ішү) ұласып, күндер дөңгелей береді.

Үш жыл пәтерде тұрган Қайрат пен Меруерт те базар жағалаған. Қайрат дипломды қалтаға салып қойып, балабақшада күзетші болды. Құндіз базарға шықты. Келіншегі жас баламен үйде отырды. “Аға-тәтелеп” тонның ішкі бауындаі араласты. Біз де білгеніміз бен қол көмегімізді аямадық. Қазір үй сатып алды, әлі де келіп-келіп, байланысымыз үзілген жок. Біздегі жаңалыққа бірінші қуанатын – солар. Осындай өнегелі отбасын көргенде өмірге құштарлығың артады.

Кеше көшеде екі базаршы ұрысты. Дауыс көтерілісімен (ушінші-төртінші сыныпта оқиды-ау шамасы) ақсары жүқалтаң бала шешесінің жанына жетіп келді. Құлағы қалқып, аузын ашып тұра қалды. Бар болмысымен қабылдаپ тұр.

Балаға өз ата-анасынан білгіш, ақылды, күшті, әрі сұлу ешкім жоқ. Бала санасында баға беру тек ата-анасының призмасы арқылы қалыптасады. Әсіреке, шешесінің қылышы мен сөзін сорғыштай сініреді.

Сол ұлан ертең қандай болмақ?

Базаршы келіншектер-ау, кешке үйіңе



жеткенде беті-қолдың ғана емес, жүректің де кірін шайып, айнаға ғана емес, айналаңа, өсіресе, балаңның көзіне үцілші. Бес-ақ минут соның болашақта кім болатынын қиялдаپ көрші.

Бай болыңдар, тек бейбақ болып қалмаңдаршы.



## СӨЗ САЛУДЫҢ ҚИЫНЫ-АЙ

Шалбардың қырын қылыштай қайқитып, қыз көрсем мойнымды желмаядай созып жүрген кезім еді.

Елден жамағайын жеңешеміз қызын операцияға өкеле қалды. Лекциядан кейін үйге тاماқ тасу, балабақшаға барудың үстіне аурухана жағалау, міндегі қосылды. Ықылассыздау барып жүрдім. Бірде тұскі үйқының кезіне тап келдім. Сосын күтіп тұрғанша деп қарындасымың үйретуі бойынша балконға өрмеледім. Жым-жыртыныштық. Терезеден сығалап қарап тұрмын. Жөткірініп дыбыс берсем бе, өлде терезе қакқан дұрыс па? Мына төрт-бес өйелдің қайсысы менің қарындасым еken? Мен ойланып, толғанып 141 болғанша есікке таяу төсектен аппақ саны жарқ етіп бір қыз тұрды. Аурухананың келте ак кейлегімен баяу жылжып акқудай жүзіп киім ілгіштен қызыл жібек халатын алды. “Бойдақтың түске дейін есі бар, түстен кейін есі жок” деген. Кірпігімді қакпай қадаламын келіп.

Қыз шәйнек көтеріп суға кетті. Бері беттеді.

Мені сондаған байқап селт ете түсті. Мен болсам дұниені ұмытып, өйнекке жабысып қалғанмын. Көзім бақырайып, аузым аңқайып, құлағым қалқайып зөресін алсам керек. Терезе түбіндегі розеткаға ток шөйнегін қосып:

– Кімге келдіңіз? – деді. Дауысы сынғырлап түр.

– А-й-й-жан, – деймін қақалып-шашалып, тілім таңдайыма жабысып, икемге келер емес.

Қарындастым басын көтеріп сөйлеп жатыр. Абыржып жүргенде әкелген қарбызым жерге түсіп, қақ бөлінді. Сол жолы тек қыздың атын естігендеге мәз болып үйге қайттым.

Он жылдықты бітірген жылы трактордың артына отырғанмын. Мектептен соң екі жыл жұмыс істеу міндетті кез еді. Өр қызға бір сөз айтып жұтынып жүргенмін.

Бірге жұмыс істейтін Шағи шал:

– Бала, шалбарынды шайқама. Адамыңа әлі жолықкан жоқсын, – деді.

– Неге? – деймін өзеуреп, бірінен-бірі өткен ауыл қыздарын кезек атап.

– Өлі қайда... – бір өзі бір самаурынды сараптап тауысып, боразданың ізіндей терең өжімді маңдайын көлдей орамалымен сипап қойып, сол қолына шынтақтай керіліп: – Кездескенде денен өзі белгі береді.

– Қалай? – Білмекке ынтығам. – Кенжегүлді



көргенде журегім дүрсілдей жөнеледі. Сол ма?

— Жо-ок, одан да басқа мүшесң белгі береді, — дейді дауысын соза сөйлеп.

Сол шалдың айтқаны келді білем. Борбайым малмандай, үйге талтандап зорға жеттім. Ағаженгем қосарлана “қайда жұрсінгे?” басып жатыр. Жауаптасуға жарамай, жуынатын бөлмеге зып бердім. Жайлы пәтердің осынысы жақсы-ак. Шалбарға дейін өтіп кеткен шауhatымды жуып, тазаланып жатырмын.

Көз жұмулы, көңіл мас. Көзімді жұмсам-ак аппақ саны жарқ етіп Балжан елестейді. Тұла бойым сіңірленіп шыға келемін. Балжанды бір көру үшін күнде қарындасыма жүгіремін. Келесі барғанымда қыздың аққудың қанатындаі нәзік үлбірек саусақтарын аялап ұстап ерініме бастым. Балжан дір етті, бірақ қолын жұлып алмады. Үміт оты күшейе түсті.

Аға-женгеме жайымды айтып ем, құлақтарынан тік тұрды.

— Дені сау қызың құрып қалды ма? Ауруханадағы қызды айтқаны несі? Катяға үйлен. Үйі бар. Дипломы бар. Өзің көріп жұрсің.

Мен көнбедім. “Осы қызды алмасам, асылып өлем” деп отырып алдым.

Айжаннан сыр тартсам: “Диагнозын қоя алмай жатыр, мүмкін, үйіне қайтаратын шығар”, — дегені. Соны естіген соң айырылып қалардай ас

батпады. Амал іздедім. Сол кездегі паспортта иесі туралы мәлімет бүге-шүгесіне дейін беріледі – тұрағы, бала-шагасы, тіпті қан қурамына дейін көрсетіп қояды. Құжатымды Балжанның қолына ұстата беріп:

– Мен туралы толық мәлімет осында! – деп, қолымды шекеме тіреп рапорт бергендей сымдай тартылдым.

– Ал сен туралы толық мәлімет алуға болар ма екен? – деп, күтындал қоямын.

Балжан жымып, орнына барып, түмбасынан паспортын алып берді. Иншалла, жоспарым жүзеге асар білем, төс қалтама сұнгіте салдым.

– Ертең келгенде алармын. Паспортым бір күн сенімен түнесін, – деп зытып тұрдым.

Түнімен женгемді үгіттеп (екеуінің жасы, тұлғасы, шашы ұқсас), ол Балжан болып ЗАГС-ке барып арыз беріп таstadtық. Бір ай күту керек. Кезегіміз келгенше Балжан ауруханадан шығады. Ойым: сол бойда ЗАГС-ке ертіп апарып, ерлізайыпты болып алу.

Жеміс-жидек, қауын-қарбыз таси бергенше ескерткішке бір нәрсе сыйлағым келді. Отанымыздың жүрегі, менің жүрегімнен шыққан сый ретінде қабылдай ғой деп, “Красная Москва” духиын сатып алдым. Үлкен қызыл қорапта, әдемі. Оны женгем көріп қойып:



— Кызға “Быть может” сыйлаған дұрыс, ал мұны орыстың кемпірлері жақсы көреді, — дегені. Содан зыр жүгіріп іздең, шынашақтай иіс суға көнілім толмаса да, сыйладым. Бірақ ақшасы удай екен.

Сөйтіп, екі етек бір жең болып жүрсем... Балконға өрмелеп жатып Балжанның үнін естіп, тың тыңдай қалдым.

- Айжан, бірдеңе айтсам өкпелемейсің бе?
- Жоқ, айта беріңіз.
- Онда мына дуихынды бұрқыратпашы.
- Неге, өзіңіз сыйладыныз фой.
- Мен өткір иісті жақтырмаймын.
- Онда неге... Иә, білдім-білдім. Сізге бұны менің ағам сыйлады, ие? Сіз сонда мұлде иіссу қолданбайсыз ба?
- Жұпар сабынмен жуынам. Әжемнің баласы болдым. Сосын... тершеш емеспін...

Мәссаған, безгелдек! Дереу есікке барып, қарындасыммен кездесу сұрадым. Айжанды онаша шақырып алып, сұрақтың астына алдым. Ауыз жаппай мені мақтайды беруін өтіндім, нені үнататынын біліп бер, — дедім. Өзімше керемет сый — сырға болу керек деп түйдім.

— Айжанның туған күні ме? Қандай өдемі сырға! — деп, Балжан сүйсінгенін жасырмай қызықтады.

— Жоқ, өзіңе.



– Ма-ған?! – Таңданысы басым үнмен: – Менің құлағымда тесік жок.

Соны да байқамаған өзіме-өзім ызалана бастадым. Балжан болса сүйкімді жыымиып:

– Білесің бе, Зейнеп тәте бір сырғасын жоғалтып алыш, “құлағым бітеліп қалатын болды”, – деп уайымдаپ жүр, давай, соған сыйлайықшы.

Менің жауабымды күтпестен балконнан палатаға өтіп:

– Зейнеп тәте, қараңыз, қайныңыз сізге не өкелді, – деп беріп те қойды. “Опять прокол!” деп күйіне ойладым. Иіссудың жайы алай болды, сырға былай... Енді не сыйласам екен? Қой, өзінен сұрайын.

– Балым, көnlің нені қалайды? Не сыйлайын?

– Жоқ, рахмет. Онсыз да аз өкеліп жатырсың ба? – деп, сөл ойланып, ұмсына түсіп тағы тоқтады.

– Айт, айт. Сен үшін нені болса да табам!

– Онда, ренжімесен... көрші палатадағы Ақмарал деген қыздың жағдайы нашар. Өкешешесі қойшы (малшы), алыста тұрады. Бірақ Қызылордадан қойын қорасымен айдалап өкелсе де, ол дәріні табуы неғайбыл. Шет елден шығатын “бинемицин” деген дәрі. Қымбат.

– Болды, өкелем.

“Сый қылсаң сыпыра қыл” – деген. Балжан

ұшін бәріне бейілмін. Тек кеудемнен итермесе болды.

Қалбалактап жүріп қолым тайып балконнан құлай жаздадым. Балым жанұшырып жүгіріп демеді. Төсі дәл танауыма келіп қалды. Тырмысып жібермейді. Аласа балконнан аяғым ұшы жерге тиғенін сезсем де өтірік тырбаңдал қоямын. Бетіне бетім тиіп, үлбіреген торғын тамағынан ескен уыз сут иісіне елітіп барамын. Шіркін, емін-еркін аймалайтын күн қашан туар екен?!

Құмырсқалар да жұптасу кезінде қанат бітіп ұшып жүреді дейді. Мен де жоқ жерден ақын болып өлең жаза бастадым. Онымды үялмай Балжаныма оқитынымды қайтерсің! Қазір (онашада оқысам, өзім үяламын.) Қыз жұмсақ жымияды да, үндемейді. Үнатып отыр ғой деп, одан әрмен құлшынып өлеңдетемін. Бүкіл аурухананың мен білмейтін дәрігері, қалтарыс қуысы қалмады. Тіпті семіз сары ала мысығына дейін мені танып алды.

Бұл кезде оқуым бітіп, тәжірибелік жұмысқа шыққанмын. Алғашқы айлықты жуып, қызу келдім. Өйткен батылдығым бар болсын қызымының жылы қабагын жоғалтып алдым. Сейлеспейді. Шақырсам – келмейді. Палатадан шығып кетеді, балконнан өрмелесем... Үйленгенде жұмсармын деп жинаған қаржымды банктен алып, сый жасаймын – алмайды. “Бетін



бері қаратып бере гөр”, – деп, қасындағы Зейнеп тәтейге жалынам.

Болмаған соң аға-женгеме салмақ салдым. Олар: “Таныса келдік. Сіздің елде құдалықтың жөні қалай? Қалың мал бар ма? Қиітті қайтеміз? Тойды қалай өткіземіз?” – деген сұрақтардың астына алды.

Мен жанымды шүберекке түйіп сыртта тұрмын. Олар Балжанды ілестіріп күліп шыққанда қуанғанымнан сылқ етіп көк шөпке отыра кетіппін.



## АЛДАНЫШ ПЕН АҚБАЯН

Мейірбике ауруға асығыс көз салып, үйықтап жатыр деп ойлады ма, шыға жөнелді.

“Жо-жок, үйықтап емес, қиналып жатырмын. Қемектес, кетпе! Құтқара гөр! Өліп барамын!” Ақбаян ойша шыңғыруда. Мұндайда аурулар темір қасығымен темір кереуетті соғып шақыратын. Қайдагы? Қолы қозғалмайды. Оны айтасың ерні икемге келер емес. Кірпігінің орнына сіріңкенің шилерін түйреп қойғандай, не көтертпейді, не толық жабылмайды. Санылауынан көрінген сөule буалдырланып, бөлмедегі нәрселер сүтке сіңіп жоғалды. “Е, осылай өледі екен ғой. Дәрігерлер қайда? Мұның несі ерекше жедел жәрдем бөлмесі?”

Дұрс-дұрс еткен аяқ дыбысы. Етженді денесін екі жағына кезек тастап жеткен Дмитриевна сияқты. Өзі жатқан бөлімдегі ең көрі, әрі алымкор мейіrbike.

— Ақбаяныңды қазір көресің, — деген даусын естіді. Мұның кірпігін көтерді. Басын бір жағына бұрып, иегін басты. Езуіне оттегі (кислород)



түтігін тықты. Ақбаян тағы тірі қалғанын түсінді. Көзін ашса айналасы толған ақ халат.

Сүйек-буын ауруларын ғылыми-зерттеу институтының ең тәменгі қабатында емдейді. 2-қабат операция жасайтын бөлім. Көктебенің баурайындағы үлкен қалашақта қанша науқасты емдең, катарға қосты десеңші. Ақбаянның мұнда жатқанына бір жыл сегіз ай он екі тәулік. Бұл – екінші операциясы. Бәрі жақсы-ау, артынан келген туыс-достарын кіргізбейтіні болмаса. Аптасына бір рет берілетін 15-20 минуттық жолыгулар аз, өрине. Төсектен түруға болмайтын (сүйекке темір, не басқа блок қойылған соң алты ай гипсте жату шарт) аурулар балконға жабысқан туыстарымен айна арқылы сөйлеседі. Алданыш та сол жолмен келіпті.

Жоқ, Ақбаян өлмейді. Өлуге қақысы жоқ. Алданышқа ұл тауып берем деген уәдесі бар. Ал Ақбаян уәдеде тұрады.

Алғашқы танысқаны есіне түсті.

Ақбаян талдырмаш, аласа бойлы, нәзік қыз еді. “Москва – Алматы” жүрдек поезымен ұзақ сапар кезінде бір бекетке тоқтағанда перронда салқындалп тұрған. Әлдекімнің қағып кеткені. Енді асфальтқа соғылып, быт-шытым шығады еken деп көзін тарс жұмды. Жұмсақ құшак, өлуettі алақанды сезіп көзін ашса, бейтаныс жігіт жерге түсірмей қағып алышты. Ұялып, жалт беріп



вагонына тығылды. Кейін терезеден қарап тұрып күтқарушысын ойлады. Қенет жанында пайда болған жігіттің сол екенін бар тұлғасымен сезінді. Басынан бақайына дейін лап етіп ыстық толқын жүгірді.

– Алданыш, – деді күректей алақанын ұсынып ол.

– Рахмет! – деді нәзік саусақтарын ұсынып жатып бұл. Алданыш аң-тан. Қыз мырс етті.

– Жоқ, атым емес. Ризашылығым, – деді жігіттің сөбидей анқау кейпінен көз алмай.

Бір облыста туылған екен. Қазір екеуі бір қалада оқиды. Жол бойы көнілді келді. Ақбаян мүлде еркін. Сөйлеген өзі ғана.

Екінші кездескені қыста. Негізгі корпуста өтетін конференцияга келген. Әлдебір тізімге үңілген Алданыштың жеңінен тартты. Ол мұны көрген бойда құшақтай, алды. “Таптым-ау, өйтіеуір!” – деп қояды. Құшағынан өрең сыйылыштың “мен ғой тапқан, ал сен бірдене оқып тұрсын”, – деді қалжындал.

– Тізімді қарап тұрғам. Жатақханаңа кіргізбейді. Шақыртайын десем, атынды ғана білем. Қанша күн босқа күзеттім. Сосын шынымен ЖенПИ-де оқыса осы жерге бір келер дегем.

– Аңқауым-ай. Біз басқа корпуста оқимыз.

Кездесудің аяғы көктемде:

– Туган күніңмен! – деп, қыз қолына сағат

тағумен жалғасты. Берендей бармақтары жуыспай әлек болып жатқан Алданышты одан әрмен састьра түспекші болып.

- Кісеп салып жатқандайсың, – демесі бар ма.
- Үйленейік. – Алданыш төтелеп тартпаса ұтыла берерін сезді.
- Түү, кешіккенің-ай. Жігіт қимылсыз қалды. Қыз онымен түрмай Пушкиннен үзінді оқыды: “Я другому отдана...”

Алданыш сілейіп тұрып-тұрып, сағатты жерге атып ұрды да, адымдай жөнелді.

Ақбаян қуып жетіп кешірім сұрамақшы еді, ез аяғы өзіне бағынбады.

Кейін іздел барса, бөлмелестері Алданыштың 2 күн бойы жер бауырлап жатып (біреуі өлген дей ме?), құжаттарын сырттайфа ауыстырып еліне кеткенін айтты.

Үшінші жолыққаны. Ақбаян оқушыларының дәптерін көтеріп сабактан шығып келе жатқан. Алдындағы алыптың кім екенін түсінген сөтте денесі дір етіп, екі беті лаулай жөнелді. Сол жалынды сөндірмекші болғандай көзінен бір тамшы жас ытқып та кетті. Тұра жүгіріп құшақтай алғысы келген, сасқанынан қолындағы дәптерлерін төге салды. Әлде қаптаған оқушыларынан үялды ма.

Алданыш та жүрелей отыра кетіп дәптер жинасты. Екеуі осы кеш ұзақ сырласты.

Дәрігердің Ақбаянға бала көтерсең аяғын сал болып қалуы қәдік дегенін, сол үшін тұрмысқа шықпауға бел буғанын естігенде:

– Менің жеті інім, үш қарындасым бар. Біреуінен бала асырап аламыз, – деді Алданыш.

– Екі омыртқаны түзеп, жамбастан, не қабырғадан тіреу қойдыrsам, өзіме де босануға болады екен, – дегенде Алданыштың қуанышы қойнына сыймады.

– Давай, сөйтейік.

Сөз осыған тоқталды. Жеті жылғы аңсау мен сағыныш **КазНИИТ**-тің операция үстеліне өкелген еді...



## МАРХАБА МЕН ҮҚПЫЛЖАН

— Ендігөрі ит қазақпен қол ұстасып көшеде жүргенінді көрсем үйге кіргізбеймін! Сүтімді көкке сауам! Біз үшін сен бір шіріген жұмыртқасын! — Өниі Мархабаға көп ұрысты.

Жас қыз бүк түсіп жылап жатты. “Шіріген жұмыртқа”. Бұл үйде қаз-үйрек, тауық көп. Балапан басқанда шіріген жұмыртқасын тұмсығымен итеріп шығарып тастайтынын талай көрген. Қайтып мамық бауырына баспайды. Ол енді сүйкімді сары балапанға айналмайды. Шағып көрсең сасық иісі жүрегінді айнытады. Шіріген!..

Енді қайтіп Үқпышланға жоламағанмен анасы бұған сұық қабағын жазбады. Көп ұзамай жездесі Қоғалыға қызметке тұрғызды. Доланаңыдан кеткеніне, жұмыс істеп 18 сом жалақы алғанына Мархаба дән риза. Келген бүйректарды көшіреді, кара тізімге іліккен кітаптарды іріктейді. Бастапқыда терезесі жоқ, тік тұрса тәбесі тиетін қуыс үйде тұрған. Кейін Қызылбаев деген қызметкер: “Өзім іссапарда жүргенде өйелім жалғыз, қорқады”, – деп үйіне тұрғызды.



Мархаба апта сайын жиырма бес шақырымдай қашықтықтағы туған үйіне жаяу барып жүрді. Бауырларына шақпақ қант апаратын. Жолда жүрегі сазып, қарын ашса да шыдап жемейтін. Шетінен бір тістесе өзін ұстай алмай тауысып қояр еді. Қаранғыда қалып, қасқырмен бетпе-бет келген күні де болды. Ондайда Қызылбаевтың келіншегі берген шырпыны ес көреді. Қасқыр оттан қоркады.

Сөйтіп келіп жүрсе де өниі жібімеді. Көп ұзамай соғыс бүрк етті. Кешкі мектепті бітіргелі тұрған бір топ қыз военкоматқа арыз апарды:

— Өлі соғысып үлгересіндер. Өзіміз шақыртамыз, — деп, акрқаларынан қағып қайтарып жіберді. Қыс өтті, көктем келді. 30-сөуірде шақырту қолына тиген Мархаба: “Өниім келсін, мені соғысқа жібергелі жатыр”, — деп хабарлады. Әй, осы жолы жібитін шығар-ақ деген. Қателесіпті, келмеді. Қызылбаевтың әйелі бір таба наанды ып-ыстық күйінде жол дорбасына салып, шығарып салды. Сол ыстық ықылас бүкіл соғыс бойында жанына жылу беріп жүрді. “Бетінді сүртіп жүр” деп берген сұлгісін қезінің карашығында сақтап, соғыстан аман алып келді.

Алматы, Талдықорғанинан барған 12 қыз жұбын жазбай дайындық курсынан бірге өтіп, соғысқа бірге түсті. Авиаполктиң жердегі жәрдемшілері — мотор жөндеу, май құю, снаряд тиеу, т.б.



жұмыстары осылардың мойнында. Алғаш әйелге лайық іш киім болмағаны қинаған. “От пен суды кешудің” мәнін өбден үқты. Оқ тиіп, сұық тиіп өлгені бар, офицердің етегін ұстаганы бар, елге тек үш “Маша” оралды. Кейін Жеңістің отызы жылдығында үшеуінің басын түйістіріп түскен суреті Москвадан шығатын газетке басылып, көлемді мақала жарияланды. Майданнан келген соң да жездесі қамқорлап, Ленинградта екі жыл оқытып, төүір қызметке түргызды. Алматының қақ ортасында үйі болды. Алтын бұрымы белде ойнаған сұңғак сары қыз талай еркектің көз құрты еді. Бірақ орынсыз езу де тартпайтын салмақты қызға тіл катуға да батылдары бара бермейтін.

Бірде қағаздарын реттеп болып басын көтерсе, алдында столға сүйеніп, көнетоз шинел киген ұзын жігіт тұр. Жалпақ қара қас, қою бүйра шаш, қыр мұрын, тұнғиық қара көз – Ікпышан. Мархабаның жүрегі дүрсілдей жөнелді. Әйтсе де сыр бермей салмақты сөйлесті.

Ікпышан қызмет іздеп жүр екен.

Шешім сол сәтте келді. Тікелей бастығы іссапарда. Бұл ең үлкен бастығы Бойкоға кірді:

– Осылай да осылай. Қызыл қарын жас баласымен бұрынғы солдат жұмыссыз жүр. Бізде бір орын бар. Рұқсат етіңді. Қол қойылды. Мөр басылды.

Бөлім бастығы қарсылық білдірген. Мархаба:



Райком жіберіпті, – деп өтірік айтты. Тұмысында тұнғыш рет. Жігіт үшін. Өзіне-өзі таң қалды.

Сонымен Үқпышан қызметкер. Құндіз жұмыста, кешке үйден – өбден тәселіп кеткенше дәрекі солдат саусағын қалам ұсташа икемдеп, қағаздың қыр-сырына өзі үйретумен болды.

Ұзақ сырласатын. Тұнғыш қызы өзінікі емес. Әйелінің абыройы үшін катал командир қайынатасының алдында менікі деп мойындауға мәжбүр болыпты.

“Е, сүйіп емес, аяп үйленген” деген ой орнықты. Үқпышанның өнгімесіне айрандай үйи бастағанын сезді. Бірақ татардың тотысы бойын тарта алмады. Таң алдында ер жігіт еңкілдеп жылап есігін қакқанда, мұнын шаққанда Мархаба кіргізіп алды. Бағы Курск орманында қарлы суды кешіп жүргендей өрекет болды. Іші суға толған етіктің суын төгіп қайта кигенде қақиған аяғының қып-қызыл, баржиып ісінген башпайларын көргенмен ештеңе сезбейтін. “Тиістімін. Қажет” деген ұғым. Өнгімесін тыңдалап отырып жігітке жаны ашып жылағаны. Мархабаның арқасынан снаряд жарқыншағын кесіп алғанда да жаны мүнша ауырмаған сияқты еді...

Кейін егіз ұлы – Ерік пен Ермектің өкесі болған Үқпышанмен Мархаба осылай қосылған еді.



## ҚАЛАЛЫҚ ШАЛ

Шымырбек кетіп қалайын десе, есіктің арғы жағынан шықкан теледидар үні “үйде біреу бар” деп тұрғандай. Қонырауды неше рет басқанынан жаңылды. Сары тап болған сағынышы жұқара-жұқара орнына реніш пе, ыза ма – бірдене көтеріліп келеді-ау. Санаторийде демалған жиырма күнде ертелі-кеш телефон шалып тұрды. Трубканы ешкім көтермеуін бұзылғанға, не өзгергенге жорыған. Енді былғарымен қапталған ауыр есік бедірейіп ағасын көрсетер емес. “Қайран ауыл-ай. Өлі сол ашық-тесік. Өйтепеүір үйде біреу болады. Тіпті жабық есікке жакындасан қоршісі келесі ауладан мойынын созып, үй иелерінің қайда екенін хабарлап жатқаны”.

Күздің қысқа күні тез еңкейіп, қаранды қоюлана бастады. Ағасының жанында бір түнеп, әңгіме шертіп ауылына ертең жүрмекші болып түскі тамақтан соң орнын тапсырып, кілтін өткізіп біржолата шықкан. “Қой, соңғы рет...” Колын қонырауга соза берген:



– Вам кого? – Апалақтап, есікке емінді. Жок, дауыс желке жағынан. Жалпақ қабақ жуан маржаға ағасының фамилиясын атады.

– Кто ему будете? – Өйел бұның алпамса тұлғасын тінте қарап, үлкен жол сумқасына көзін тіреді. Есікті аша бастады.

– Ойбу, женгей, великомудрно простите. – Ау, осыдан жиырма шақты жыл бұрынғы науша бойлы, айқабақ жеңешесі іші-бауырыңа кіріп сөйлесүші еді, қалай өзгерген?

– Разве мы знакомы? – Бұл жауап берместен есіктің ішкі жағына өтіп алды. Зейнет жасына келгелі ыңыранып ауыр қозғалып, салмақтап сейлеуге көшкен Жәкен еді, кім біледі, қала тәртібі басқаша болар?

Іштен есікке жақындаған ақбас шалды көшеде көрсе танымагандай екен. Қос қолын қусыра:

– Ассалаумагалайкүм, – дауысын балтай созып амандасты. Ағасының сөл тершіген етженді алақанын місе тұтпай қаусыра құшақтауға өрекеттенді. Ол Шымырбектің төбесінен аса қарап әйелімен сейлесіп кетті. Танымады-ау...

Жок, таныпты.

– Ауылдарың аман ба? Қайдан адасып жүрсін?

– Әдейі іздеп келдім. Осында демалыс үйінде болғам. Адресінді балалардан алдым. Ондағы ағайын, іні-келіндеріңіз дүғай сөлем жолда

жатыр. Сізді аузынан тастамай өткен “аппак женешеніз” – менің шешем – о дүниелік болды. Төкпектетіп бір-ақ айтып таstadtы. Әдетте, мұндай сөздерден кейін көңіл айтылар еді. Ағасының жалпақ көзілдірігіне үнілді. Лупа сияқтанған шынысы қалың көз-әйнек бедірейіп, қараышқ түү өріден сезімсіз жылтырайды. – Он не слышет, – деп түсіндірді әйелі. – Аппарат одень, человек поговорить хочет.

Шымырбек елсіз аралға тап болғандай құлазыды. Баяғыда ауылда қона жатып, көлден балық аулап, бір төсекте ұзак-ұзак сырласқан бауырмал ағасының орнына бөтен біреуді алмастырып қойғандай. Шежірені судай сапырып, Шымырбектің нешінші атасы жауға шапқанын, бала оқытқан бабасын, ел билеген атасының бір сандық қисса кітаптарын тұнделетіп киізбен орап, молаға қалай көмгендерін жырдай етіп айтқан ағасын осы деуге көнілі сенбей отыр. Тіпті сол жолы “Лексей” деген рудың қайдан шыққанын талдал бергенде ауылда жағасын ұстамаған жан қалмаған.

Еркін қозғалады. Тіп-тік жүреді. Көз бен құлақ сылтау ғана. Ағасы аға болғысы келмейтін сияқты.

Еіл тасып, ескі арнасындағы көрші ауылдың суға кеткенін, жетім кемпір Рәбиғаның саман үйін су мұжіп опырылғанын, Ықсан шалдың



пысық немересінің тұқымдық картөшкесін су ағызып кеткенін айтты. Агасы Бушпен Бен Ладенді әңгімеледі.

– Осындай қысылғанда жол көрсетер азаматым еді, – деп ағаларын еске алғанын айтып:

– Ел жаққа қыдырмайсыз ба? – деп қолқалады.

– Елде ешкімді танымаймын ғой.

– Есесіне Сізді бәрі біледі. Айтумен, әрине.

Агасы теледидарын қосып, соған шүқшиды.

Шымырбек тағы әңгімені ауылға бұрып еді, қолын бір сілтеді.

– Сенің алакандай ауылның кімге қызық. Міне АҚШ пен талибтердің таласына бүкіл ел құлак түріп отыр.

“Бас десе құлак” деген әңгімеден таусы шағылған Шымырбек женгесіне ауысты.

– Еркін, Еріктер қайда? Бөлек тұра ма?

– Әрине, өз үйлері, өз жайлары бар. Біреуінде екі қыз, екіншісінде егіз ұл. Біз бармыз ба, жоқпыш ба, шаруалары жоқ. Шал ауырғанда шақырып аламыз, өйтеуір. Әкелері, емдеуге көмектессін. Осыны да айту керек, өздігінен бергенді білмейді, – деп өкпесін шұбырта жөнелді.

Шымырбектің көз алдына құлдыраңдай жарысқан егіз ұл келе қалды. Екеуі екі қолына жармасып:

– Мой аға?

– Нет мой, – деп таласқан нәзік үндері

құлағында жаңғырықты. Қазір гой, алпамса дәу сары жігіттер. Кенет осыдан біраз жыл бұрын “Ағасы қатын-баласын тастанап, жас келіншектің қолына кіріп алды”, – деп, елдің шулағаны есіне түсті. Мынау сол Степанида болды. Мұншалықты ұмытшақ емес-ті. Негып қара басқанын?

Татар женгесіне шетін кестелеген жаулықты, ағасына қазақы тақияны Нагима қызының, олар ауылға келгенде бесікте жатқан Нагимаштың тіккенін көрсетіп мақтанбақшы еді. Бірақ былғары креслоға батып, лупамен теледидар бағдарламасын зерттеп кеткен ағасының тыныштығын бұза алмады.

Женгесі мұның дәу сөмкесіндегі қазы-қарта, жал-жая емес, ауылдағы немерелеріне алынған сый-сияпат екенін үққанда әңгіме ауанын өзгерте салды.

Зейнетакы жетпей жалданып біреудің жас баласын қарайды. Түнде сол үйде конады-мыс. Шалын кілттеп кетпесе есікті ашпай қояды-мыс (құлағы естімейді). Кілт қалдыру қауіпті, ана жолы есікті бұзып ашқан-мыс.

Баяғының “мырзақамағының” бір түрі-ау деген тентек ой жүгіріп өтті басында. Иә, түсінікті. Өзінің үйден кетуін тілеп түр. Жарайды, билетін көрсетіп, вокзалда тұнер. Әйтпесе, жақын маңдан бір қонақуй. Әй, қаражаты құрғыр тапшылық

көрсетпес пе? 20 мың теңге зейнетакы, жүз доллар еңбекақысы күнкөрісіне жетпеген қалада не деп болады?

Етженді денесіне қарамай ширак қимылдал қою қаранғылыққа шапшаң сұңгіген женгесін көзben ұзатып Шымырбек қимылсыз ұзақ түрді. Ештеңе ойламайды. Құлағы дынылдал түр. Ішкі сарайы бос. Жапырағы тоналған сұық құздей азынайды. Ауыр түн еңсесін езген қала көшелерінде жүргінше аз. Қөрінгені асығыс адымдал, үйді-үйлеріне кіріп тезірек қымтанады. Сарт-сұрт жабылған есіктерезе. Ызғырық жел етінен өтіп, сүйекке шақ етеді. Құндізгі сылбыр жаңбыр сары жапырақтарды жентектеп арықтарға тыққан. Ауа ауыр тартқан. Аспан аласарған секілді. Тұтаса тәнген қап-қара жауын бұлты. Сірө, ұзамай жауар. Қорғасындағы салмақты бұлт екен. Қар болғай. Тек тезірек жауып айналаны аппак көрпесімен қымтаса гой. Бәлкім адамдардың жан дүниесі де ағарар.

Иә, ағасы енді жоқ. Өзі үшін. Кейінгі балалар үшін. Ақыл айтып отырап аксақалы жоқ. Тірі гой, бірак... жүрегі бүрді. Асқазаны қыжылдал қоя берді. Қенсірігі удай ашып, конқақ мұрының кекжитіңкіреп ірі адымдай жөнелді. Немерелеріне тезірек жетіп, жұпар кекілдерінен иіскеп, былдырлаған ерке үндерін естуге асықты.

“Агатайым-ай, баяғыда атай айттырған қара  
қыздан қыли екен деп қалаға қашып кетпегенде  
ғой, қазір сен де бір қора немерелерінің  
қайсысының қаспақ танауын сүртерінді білмей  
қауқайып ортасында отырар едің-ay!” – деп ойлад  
қояды Шымырбек.

## ЕЛЕСПЕН ТІЛДЕСУ

Сәбина селк етіп шошып оянды. Дереу есікке жетіп: – Бұл кім?! – деп нықтап сұрады.

Тыныштық. Ылғи осы. Есікті тықырлатады. Сірө, өз кілті бар. Бұның үйықтағанын күтіп тұрады. Сорына бола кіргізген ғой сол бір өйел. Серік болар, еден жуса да қолғабыс жасар деген еді. Сексеннен асқан жасында жалғыз тұру киын, өрине. Оны түсініп жатқан кім бар? Ұлы мен келіні: “Неге бөтенді кіргізесің, торап кетеді”, – деп өре түргелді. Не өздері келмейді. Жұмыс-жұмыс деп...

Сәбина демін ішіне тартып тыңдырайды. Тұрып-тұрып, қайтадан креслоға отырды. Қөптен бергі серігі – теледидар. Таң атқанша көреді. Тік отырған күйі қалғып кетеді. Тағы тықыр. Енді терезеден түспекші-ау. Балкондағы қайнатпа, тұнбаларын алып кетпекші-ау, сірө. Баласына шағынса өзін жынды санайды.

– Бесінші қабатқа кім өрмелейді? Төбеден түсетіндей (9 қабат үйдің) ұрылар альпинист дейсің бе? Сенің банкаларыңа бола? Тек саған солай елестейді, – деп үрсады.



Полиция шақырып көрген. “Үрүлар” қашып кетеді. Үстатушы ма еді? Тұнімен үйкі көрмей сорлайтын өзі ғана.

Келінімен тұзы өу бастан-ақ жараспады. Бірде оның құрбысына мұзын айтып отырғанын естіл қалды.

– Енемнің кеудесіне наң піскен. Ешбір ісімді ұнатпайды. Оңбаған татар. Мен таза орыс, ұлы халықтың тұқымы соған иіліп тұруым керек пе?

Бұл шыдамай айқайға басқан.

– Жыртық көйлекпен келгенінді ұмыттың ба? Үлде мен бұлдеге оранған соң тілің шығайын деген екен!

Сауда министрлігінде қызметте жүрген кезі еді-ау. Ішкені алдында, ішпегені артында – ен дүниені кешіп жүрген кезі. Орталықтағы хан сарайында үйін сатып, ұлына үш, өзіне екі бөлмелі үй алды. Содан бері бөлек тұрады.



Алдыңғы жылы баласының үйін ізден таба алсаши. Әдемі дүңгіршектің оң жағында елі. Көшемен әрі жүрді, бері жүрді. Таныс ештеңе жоқ. Көп сандалып таппаған соң көшедегі милициядан сұраған. Қара басқанда не көшесін, не үйін, не пәтерін айта алмады. Аты-жөнімен іздеуге көп уақыт кетеді екен. Милиция немересі

окитын мектепке әкелді. Таныс мұғалім дереу отырғызып, су үрттатты.

— Света Соколованы шақыр, — деді.

Сәбина таң қалды. Немене, немересі шешесінің фамилиясында болғаны ма? Ұлының...

Әңгіменің көкесі Светланаға еріп баласының үйіне келген соң болды.

Ерік баяғыда-ақ Соколов болып кетіпті.

— Жұндібаев дегеннен-ақ шаршадым. Жұындыбай немесе Жындыбаев болып шыға беремін. Одан да құлаққа жағымды Соколов, Эрик деген жақсы емес пе? — деп қарап тұр.

Әкпелеп, конбастан үйіме апарып таста деп отырып алды. Бірақ кезінде өз шешесі күйеу баласын жақтырмай “азият, бұратана” деп отыратыны, бір ісін ұнатпайтыны, сонда да сол күйеу баласы өзімен бірге туған бауырларының бәріне көмектесіп – окуға түсіргені, екіншісіне пәтер әпергені, үнішісін жұмысқа кіргізгені, елде жоқ киімдер кигізгені – ақыр аяғында сottалып тынғаны – көз алдынан сырғып өтіп жатты. Жалғыз кісіге қиял үйір. Откеніне ойша саяхат жасайды да отырады.

Япырау, тағы тықыр. Таң атып келе ме, әлде кештің қаракеленкесі ме? Тұндеғісі аз болғандай кештің апақ-сапағында кіре салмақшы ма? Тағы нені әкетпекші? Чехиялық қымбат люстраға көзі түсті де, сатып жіберу керек еді ұрламай тұрғанда деп ойлады. Телефонды әкетпеді ме екен. Қөпшікті,



көрпені көтерсе телефон орнында жатыр. Өуелім шырылдайды “мен мұнда” дегендей.

- Слушаю.
- Женгей, төрт-бес күннен бері сізді таппай жатырмыз. Халіңіз қалай?
- Жаман. Бибігүл, сен тез кел. Есігімнің алдында бір топ кісі тонағалы келіп тұр. Тоқта. Сен өуелі полицияға телефон соқ. Тез жет.

Ууф! Бұл келін тілін қайтармайды. Қазір-ак келеді. Сосын жібермей қондыруға тырысу керек. Былтыр қолын сындырып алғанда тамағын істеп, тұз киіміне дейін жуып, өзі рұхсат бергенше қасында болды. Қайынсіңлісінің қыздары да балашағасын тастап бірер күн кезектесіп қонып, үйін қағып-сілкіп тазалап беріп кетеді. Ол қыздарға шекесінен қарап, көnlі келсе кіргізіп, келмесе “асығыспын, қызмет қалып барады”, – деп, студенткаларды есік алдынан қайтара салатын. Сонда да солар (шешесі айта ма?) әлі хабары мен колғабысын үзбейді. Иә, оншакты жыл отасқан қазақ байының туыстары жалғызыратпауға тырысады. Радиодан естіл-түйгені: осы қазақтың келінді ел аралап таңдалап күда түсіуі дұрыс тірлік сияқты. Қартайып, әл тайып отырғанда далаға тастамайды. Ұялса да, сыйласа да қол қусырып қызметіне тік тұрады.

Шіркін, осының бәрін со-нау жас кезінде білсе ғой.



## СЫНЫҚ ҚАНАТ

Зибаш жиырма бестен асып барады. Жігіті бар.  
Бірақ тұрмыс құруға асығар емес.

Ғазиз құшақтауға ниет етсе-ақ балықтай сусып сырғиды. Сөйте тұра оңаша қалғанда тәтті киялдарға малтығып, құмар өлеміне құмығады. Әттең, Ғазизді ұнататыны соншалық, бір сөзімен жанын жарап аламын ба деген ой келсе, одан да өзі мерт болуын артық санайды.

Ол алақандай ауылда өсті. “Ар, өдеп, иман” дегенді құлағына жастайынан сінірді. Алғашқы естіген тәрбие сез – “өйтпе, үят болады”.

Ғазиздің атын атап шақырган үнін естігенде жүрегі атылып аузына келді. Бүгін кешкे Ғазиз мұны өз әке-шешесімен таныстырмакшы.

Сырын айтпаса тойдан кейінгі өмірі қандай болмақшы? Айтса, қазір бетіне түкіріп кете ме?

Ол кезде Зибаш тоғыз жаста еді. Әке-шешесі алыстағы нағашыларына жиналышп, Қымбатты, Сұнғатты және емшектегі Талғатты әкететін болды да, мұны естияр санап ағайындары Әбілдің келіншегіне табыстады. “Үйді қара, кешкे



корықсаң сол ағандікіне қон”, – деп тапсырып, бір жетіге жүріп кетті.

Зибаш мұндај жауапты іске құлшына кірісті. Сиырды көршігे сауғызды. Ешкілерді өзі сауды. Сүтті пісіріп, үйитты. Мамасы келген соң құрт қайнатады. Үйді шашатын тентектер жоқ, бір-ақ рет жинап, сынырды. Белі майысып көрпек-көпшіктерді күнге жайып алды. Достарымен де ойнап үлгерді. Рахат, Кешке Әбілдің келіншегі Рәзия ертіп әкетті. Бұған үйге төсек салып беріп, үй иелері далада, сөкіде үйшіктады.

Түннің бір уақытында әлдекімнің сипалауынан оянды. Өзінен үш-төрт жас үлкен Әбілдің ұлы Тұяқ екен. Шошып, айқай салмақшы еді, аузын басты.

Әйтеуір, жаман ұят іс болғанын шамалайды. Сұрайтын қасында мамасы жоқ. Ақау апаға айтуға үялды. Таң атысымен өз үйіне келіп шаруасымен айналысты. Тұс кезінде ауладағы қыста сиырларға жем-шөп салатын ағаш астауға тығылды. Бойымен бірдей екен. Дәл қасына келмесе биік ернеуінен ешкім көрмес.

Аспан зенгір көк. Түү алысқа – биік ғарышқа жанарымен жалғасып, табиғатпен туысып кеткендей. Ұзак-ұзақ қарады. Ақ ұлпа бұлттар баюу қалқиды. Үлбіреген аппак түбіттей. Мынау төрт аяғын бауырына алған Қалижанның ақ ботасындай. Анау – екі өркеші, анау – басы.



Қап, өзгеріп кетті-ау. Ал мына бұлт өзінің аклағы секілді. Мынау жалы желбіреп шауып бара жатқан Талғаттың торы тайы сияқты. Әнебір бұлт нағашы атасының аппақ сақалды басын елестетеді. Зибаш осынша мәп-мәлдір аспан астында өзін кірлем қалған ескі шүберектей сезініп жылағысы келді. Қез шарасы жасқа толып келе жатыр еді, Рәзияның өзін іздеп шақырган дауысын естіп жым болды, тарының қауызына сыйғандай хал кешті. Абырой болғанда ол байқамай, әрлі-берлі жүріп, сөйлеп-сөйлеп кетті. Бәрібір кешке:

— Әй, көкем-ау, женешем келгенде “қызыымнан үйінді аядың ба!” — деп үрсады, жүре ғой, — деп, қоярда қоймай ертіп әкетті. Томпиып, көзінің астымен қарап ас ішпегенін жатырқадыға жорып қоя салды.

Түнде әлгі оқиға тағы қайталанды.

Қыдырмашылар келгенде шешесін құшақтап өксіп-өксіп көп жылады. Әкелген базарлығына да, үйді ұстағанын мақтағанға да жұбанбай қойды.

— Жарайды, өкең қалаға тек өзінді қыдыртады. Жыламашы енді. Бәрінді бірдей алып жүре алмадық, — деп акталды.

Жаздағы жеті күнді ұмытып келе жатыр еді, бір күні үйге есеп кітабын ұстаған Тұяқ келді.

— Женеше, Зибаш есепке жүйрік қой, мына



есептерімді шығарып, түсіндіріп берсінші, айтыңызшы, – деді.

Шешесінің бәркі қазандай болып, өзіне “тәлімсігені несі?” деп ұрсып, екеуін төргі бөлмеге қамап қойды. Тұяқ кіргеннен бір уыс болып бүріскен байғұс не істерін білмеді. Есікті іштен тіреген Тұяқ есепті былай тастап өзге шаруаға кірісті. Ұялтты, корқытты, алдады. Түймесін басып қалса, лып етіп ұшып шығатын пышағын көрсетті.

– Ертең есken соң сені өзім алам, мен бұлардың баласы емеспін, детдомнан асырап алған, яғни саған аға болмаймын, – деп сендірді.

Зибашқа қыс бойы өлденеше келіп, “есеп шығартып” жүрді. Бұл ұзакқа созылар ма еді, келесі көктемде әкесін басқа қызметке ауыстырып, олар көшіп кетті.

Зибаш бой жетті. Оқиға ескірді. Арада біраз жыл өте Тұяқ ауырып өлді деген хабар келді. Сол оқиғаның куесі жалғыз өзі болып қалды.

Қалаға келген соң Зибаш өз бойының көртықтығынан ұялатын болды. Өр түрлі жаттығулар жасады. Төбесіне су толы кесе қойып, жүрісін сөндеді. Турникке тартылды. Сынғырлап күлуді үйренді. Қөп оқыды. Ізденді. “Жыныс қатынасына ерте түскендер бойы өспей, даму процесі тежеледі, психикасы өзгереді”, – деген пәлелерден құтылуға тырысты. Тексерілу

кабинетінде болды. “Ауытку жок” деген қорытындысын естіді. Мүмкін, жоқ шығар. Бірақ ол оқиға болды ғой. Болды!

Ғазизге не деу керек! Әншейін көптің бірі, не дәрекі жан болса қиналмас еді.

— Сүйгізбесең, сүйіспей-ақ қояйық. Жар тессегіне пәк жетейік! — деп қиялдайды.

Енді қайтемін? Кінә кімде? Осылай өмір бақи қиналумен өтем бе? Кімнен ақыл сұраймын?

Жаны ыдырынған қыз, бақытына асыққан қыз балконнан тұра Ғазиздің құшағына бір-ақ секірсем бе деген тентек ойға келді.



## ҚҰДАЛЫҚ

(бесік құда)

### I

— Ұлым, енді үш айдан кейін дипломыңды аласың. Шешен “қашан келін түсіріп, қолымды ұзартар екен?” дейді.

— Ие... — деді құмығып Сағындық. Өзі үнінен қуаныш табы сезілгеніне қыстасып қалды.

— “Ие” болса, Карабаудағы құдама жүрейін. Бесік құда едік. Бес жасқа дейін бірге ойнадындар. Тату едіндер.

— Жоқ! — деді Сағындық аптығып, әке сөзін бөліп: — Ескіліктің қалдығын жаңғыртып, құда деген не? Мен өзіммен бірге оқитын бір қыздың уәдесін алып қойдым.

— Уәдешілін! Оның бір шүлдірлеген селтеңбей шығар?

— Көке, сол болашақ келініңіз “қалыңдығының рұқсатын алып кел. “Бата бұзған онбайды” деуші еді. Алдағы өмірімізге кедергі



болмасын”, – деп тапсырған. Демалыс уақыты бітіп барады. Қалай айтсам деп жүргенде әңгімені өзіңіз бастадыңыз. Енді құдаңызбен сөйлесіп, рүқсат өперіңіз.

– Қап, мына қызталакты-ай! Бәрін өзі бітіріпті, ө? Сонда менің құда-құрдасыма берген сертім қайда қалады?... Көшіп кеткелі қатынасымыз сиреп, құдам өліп, жылын өткізіскең соң ат ізін салмай кетіп едім. Енді қайттім?...

Екі үдай қүйде біраз толғанып отырды да:

– Қой, ата-баба салтын сыйласа, бұл қыз да жаман болмас. – Дауыстап ойын бір түйіп қойды.

– Құн жұбата бермейін. Танертең атпен шығып кетсем, бесінде жетіп қалмаймын ба?... Мәшіннен сол дұрыс. Ол құрғырға тақ-тақ жол керек. Қатын, қаракөл жағалы пальтоны сал.

– Қасқа-ай, оны иығыңа бір де ілген жоқсыңғой.

– Ат, шапан айыбым емес пе? Құрдастың аруағы алдынан өткенім.

## II

Балзия көпшіліктің алдында ән салуға жүрексінді.

– “Теңіздің қасында құдық қазба” деген. Анау Мұхиттың әнін сұнқылдатқан жігіттен кейін ән салам деу бекершілік, – деп тілмарсыды. Тұған күнін тойлап отырған құрбысы қолқалап болмады.

Өнші жігітті ебін тауып шыгарып жіберді. Балзия тәуекел деп ән бастады. Халық әуенімен өзі құрастырған өлеңін айтып құрбысын күттүктасты. Жастар дуылдал қошеметтеді. Қей-кеуlep сол кездегі жаңа ән “Сөулем-ау, мені сағынсан” кетті сзызылып. Тағы ризашылық, тағы өтініш. Балзия сөл ойланып, өзі оңашада көп айтатын Мақтыймқұлдың термесін орындады.

“Биік таулар, бойшандын деп шіренбе...” Өмір пәлсапасы. Дәл осы жолғыдай әннің терең иірімдеріне бойламаған секілді. Домбырасын бауырына басқан күйі ән әуенімен қалқып келе жатқандай. Сөйтсе, шынымен екі жігіт өзін орындығымен көтеріп, биіктеу тұғырға қойып жатыр. Біреуі – жаңағы Мұхит әнін әуелеткен бозбала. Қоңыр көздері мұншалық тұнғиық болар ма? Қыз арбалып қалғандай кірпігін қага алса ше?

Содан Сағындық пен Балзияның жұбы жазылмады. Бірақ жазатайым жігіт қолы тиіп кетсе, қыз дір етіп бойын жиып ала қояды.

– Екеуміздің арамызды ескіліктің әдет-ғұрып шымылдығы бөліп тұр, – деп, мәнінде сезіміне ерік берсе, құштарлықтың құлы болармын деп өзін тежеп үстайтын Балзия.

### III

Балзия “құда” деген сөз құлағына тиісімен көрші тұратын нағашы ағасының үйіне зып берді.



Жеңгесін “барлауға” жіберді. Өзі тағаты таусыла күтулі. Зарықтырған жеңгесі сөйлей кірді.

– Балкенжан-ау, тәуір кісілер екен. Әсіресе күйеу балаға (Балзия тыржың етті) ішпей, жемей риза болдым. Мұның қасында сен айтып жүрген ши борбай студентің жер сипап қалар-ақ.

– Қойшы әрі, жеңеше. Жігітімді көрсөң олай айтпас едің. Одан да үлкендер не деп келісті? Соны айтшы.

– Баласы сені көрсө ойынан айныр деп әдейі ілестіріп келіпті. Ол да біреумен сөйлесіп жүр екен. “Ат-шапан айыбым” дейді. Заман басқа, заң басқа. Ренжімей айырылышайық дегелі келіпті.

– Ура!

– Балкенжан-ау, маған салса, сені тап осы Сағындыққа бергізер едім.

– Қойшы әрі, – деп бұртия берген Балзия кенет өзгеріп: – Кім? Жеңеше-ау, фамилиясы кім екен?

Балзияның алабұртқан түріне қарап жеңгесі тез қымылдады.

– Берікжан, шап. Ана кеткен жігіттің фамилиясын сұрап кел. Атты айналсоктап, қалай мінудің есебін таптай тұрған он жасар ұл жайдак міне шапты.

– Сағындық жезде! Танаурап қуып жеткен баланың “жезде” дегені үшін қамшымен тартып жібермекші еді, көзі өзінің бестісінің адырайған көзіне түсіп іркіліп қалды.



— Балзия тәтем сұра деген... — бала шегіншектей берді.

— Әнетов Қарасайдың қызы ма? Оның да аты Балзия ма? Тоқта, тәтеднің фамилиясы кім?

— Қажығалиева.

— Қ-ім? Неге?

— Үлкен атам атында. Ол кісі соғыста өлді.

Баласы жоқ.

— Тәтең қайда оқиды?

Сағындықтың жүрегі атылып аузына келді. Енді баламен ісі болмай, сүт пісірім ұзған көкесін қуып жетті.

— Қекетай, кейін қайтайықшы.

— Немене, бірсесе бұлай, бірсесе олай. Қой әрі, шаужайға жармаспай. Не бетіммен қайта барамын?

— Қе-ке-тай!

Бұл жетпісінші жылдары болған оқиға. Қазір Балзия мен Сағындықтың сегіз баласы бар. Ауылдың бетке үстар ұлағатты үстаздары.



## **ЕНЕ МЕН КЕЛІНДІ ТАБЫСТЫРҒАН – БАҚА**

Ақзия кілетке ет алуға кірсе де, құдықтан су өкелсе де бақалар жол бермейді. Қеше тіпті біреуін басып та кетті. Не деген бақасы көп жаз еді? Өлде ауруханада жатқан енесіне алаңдаймын деп өзі байқамай қалды ма? Өліп қалды ма еken бақасы түскір? Қарауға қорқып қашып кеткен.

Кенет таңда көрген түсі ап-айқын елестеп өтті. Дереу кішірек біреуін ұстап ауруханаға жүгірді. Өлі ешкім тұрмалты. Сып етіп палатаға өтіп кетті. Ақзия апыл-ғұпты көрген түсін енесіне айтып шықты. Апасының ортанғы саусағының түбіндегі қара қошқыл жараның айналасы талаурап ісіп кеткен. Нәзік құйттай қолы жел үрлеп қойған дәрігердің резенке қолғабындей. Қып-қызыл. Қолтыққа дейін ісіпті. Апасы бұған үшінші тәулік үйиқтай алмай бебеуlep жүргенін айтып шағынды. Екеуінің орны алмасып кеткендей. Өдетте сөл жымын қойып елдің бәріне басу айтып отыратын ақылман апасы жас балаша жәутендей өзіне шағына қарайды.



Әкелген бақаны жарага бауырымен жатқызып, сыртынан таңды. Енесінің көзінен мәлдір тамшы мәлт етті. Ақзия ыстық алақанымен сүртті. Енесі сау қолымен келінің бауырына басып, мандайынан иіскеді. Екеуі құшақтасқан күйі біраз отырды.

\* \* \*

Халық аузында “жанды жара” деп аталатын бұл аурудың емі – шынында да бақа екен. Дәрігердің “облыстан хирург шақырттым” – дегеніне қарамай апасын үйге алыш қайтты. Екі бақа тартқаннан қалмай жара жазылды. Сүп-сүйік, тарбиган қорқынышты бақа екеуінің арасында нөзік сыйластық, ыстық ықылас орнатып кетті.



## АҚЫЛДАСАЙЫҚ, АҒАЙЫН

Аялдамадан қазақша өн естіліп жатыр. Өдейі бұрылдым. Бозбала шалқасынан жатып алып, бар дауысымен өлеңдетеді. Кісілер ештеңе естімеген, көрмеген сынай танытады. Жап-жас. Жақындағым.

— Балам, аяғым ауырып түр. Орындығына отырайын, — деп үн қаттым. Ол үнсіз қалды. Сөлден кейін аяғын жинап, бір кіслік орын босатты. Мен отыра бере өзі де бойын тіктеді. Түрі 12-13-те. Даусы сәл қоюлана бастаған. Екеуміз қатар отырған соң сөзге тарттым. Біздің бейбіт сөзге кіргенімізді көрген аялдамадағы өйелдер:

- Жастар бұзылған!
- Милицияға тапсыру керек!!

— Ата-анасы қайда қарайды?! — десіп, гуілдей жөнелді. Мен бозбаланы (өздеріне тікелей қауіп жоғын көріп еркінсіген, сөзбен жазалауға кіріскең) мына пиғылы бұзыла бастаған топтан аулақ өкетуге тырыстым. Аяғымды сылтауратып көмектесуін өтіндім.

Аты — Қанат. Ауылдан апасының



саудасына көмектесуге келіпті. Жасы – 15-те. Кеше осы аялдамада “крутойлар” тиісіп, сабап кетіпті.

– Жазығым қазақ қой деп қазақша жөн сұрағаным. Қап, оларды көргенше мастығым тарап кетеді-ау, – деп, өкініп қояды. Қатарының “мәмбет”, шешесінің “бозекпе” деген намысына тиген сөздерге көрсеткен қарсылығы.

Ау, ағайын, қайда барамыз? Жеткіншегін бүкіл ауыл болып тәрбиелейтін ата салтымыз қайда? Кінөлау мен кінөлінің іздеуден басқа не істеп жатырмыз? Үлгі-өнеге, ақыл, қане? Менің балам, Сіздің балаңыз дұрыс болса жеткілікті ме? Ертең араласатын ортасы қандай сол үлдарымыздың? “Күл болмасаң, бұл бол” деп отыра береміз бе?

Ойласайық. Тентегінің теріс қылышына ел азаматы жауапты болатын текті атаның үрпағы едік қой. Балдырганың бүкіл ауыл болып тәрбиелейтін қазақ емеспіз бе? Жас ұстаздар бағдарлама бойынша өз пәндерін өткізе берсін, айтары бар ағайын, біз де қарап отырмайық. Тәжірибесі мол, тәлімі көп қарт ұстаз алдымен сөзімді сіздерге арнаймын.

Қоғамдық негізде (тегін) үйірмелер үйымдастырылық. Жүріп-тұруға жарасаңыз мектепке, болмаса аулаға он-он бес оқушыдан маңайымызға үйіріп, көрген-түйгенімізді көкірегіне құя берсек. Жаңа оқу жылы қарсаңында



жоспар жасап, мектеп директорларына ұсыныспен кірсек.

Ұрпақтар тәрбиесіне тікелей жауапты мектеп басшылары, сөзімді сіздерге арнаймын: өз ұсынысымен келген бұрынғы ұстаздарға мектебінізден аттасына 1–2 сағатқа бөлме берсеніз. Педкенеске қатысуына кеңшілік етсеңіз (бірақ міндettі түрде емес), хал-қадерінше жергілікті әкімшілікпен келісе отырып, қарт ұстаздар үйымдастырган үйірмелер жұмысын корытындылау кезінде шекірттерге сыйакы (не заттай – қалам, кітап), мактау қағазы, жолдама, т.б. үйымдастырсаңыз.

Менің осы ұсыныс-тілегім жаңа оқу жылында көзге түсіп, талданса деген қиялым бар. Мүмкін бұдан да төуіріек, мәндірек ұсыныстар болар.

## МАМА ЖАННА

Айдар көшеде інісін күтіп тұр. Гагарин даңғылының бұрышында газет сатқан жігітке жақындал, ермек үшін ақтарыстыра бастады.

- Сатып, ал, бұл саған кітапхана емес!
- Жалаңаш әйелдің суретін сатқанға арланбайсың ба, жігіт басыңмен?

Түндегі ұзак сілтестен сіркесі су көтермей тұрған сатушы Айдардың жағасына жармаса кетті.

Алыстан ежіл-қажылды көріп келе жатқан Айбар оны бір-ақ періп үшырып түсірді. Басын сипай түрегелген сатушы алақанындағы қанды көріп өршеленіп кетті. Әлде бажылдай жүгірген әпкесін ес тұтты ма? Әйелдің айқайы араласқан жерде әділдік болмайтынын үкқан ағайынды екеу кол үстасып зытып тұрды. Газет сатушы түнде үттырған тенгенің ізін жабуға сылтау табылғанына қуанды:

- Ақшамды әкетті, — деді жыламсырап. Ұшуга жиналған ел кеңесіп, милиция шақырып, акт жазып, “бұзақыларды” жүгендемек болып дуылдасты.



- Танисың ба өздерін?
- Көрші ауылдағы Жаңанұр апайдың балалары ғой деймін.
- Жаңанұр?... Жанна ма? Орақтың қызы? Қой, ол түрмисқа шықкан жоқ емес пе?
- Баяғыда жол апатынан сіңлісі мен күйеу баласы қаза тапқан. Соның балалары.
- Ө, иә, енді есіме түсті. Ол өйелде мал көп. Бүйірса, бала, дипломынды да алтын, ақшаның да құйылатын көзіне тап келдік-ау деймін. Қозғалмай жат. Миң шайқалған деп дөрігерден анықтама сатып аламыз. Соттатамыз!

Айбарды милиция кісендеп алып кеткенде Айдар не істерін білмеді. Жамбылға жүретін автобусқа мініп, орта жолдан кейін қайтты. Барғанда беті күймей мамасына не демекші! Заң орындарын жағалағанмен түк өндірмеді.

Ауылда мұндай төбелесті ақсақалдар әрі кетсе айыпты жігітке бір қой сойғызып, кінәластырып, акырында “намысты жігіттер өсіп келеді екен” десіп арқадан қағып, татуастырып тарқасатын. Керісінше, әйеншектік жасап, жасқаншақтаған бозбаланы құрбылары өжуа етіп, күлкіге айналдыратын.

Айдар амалсыз хат жазды.

Жаңанұр баласының хатын көргенде қуанып қалды. Қөптен хабарсыз кеткенге аландап жүрген. “Мама Жанна!” – депті жарықтарым.

Осыдан он бес жылдай бұрын жер әлемде дипломы бар қара қыз жалғыз өзі сияқты тұмсығын көкке іліп тастаған-ды. Шешесі қыңқылдаپ, сіңлісін мысалға ала берген соң, тұмсықты сәл түсіріп, қисық өкшелі Құбаштың угәйіне құлақ қоя бастағаны сол еді, алдымен әкесі, іле-шала сіңлісі мен күйеу баласы қаза тапты. Үш бірдей казаны көтере алмаған шешесі де көп уақыт өтпей көз жұмды.

Ерте жетім қалған сіңлісінің екі ұлын аяп, олардан бұрын бағы ашылмаған, жар құшпаған өзін аяп ботадай боздаған. Бірі үште, бірі төртте – екі ұл екі жағынан келіп жанаса, жабыса отырды.

– Қайтсін-ау, ендігі қамқоры осы қара қыз ғой,  
– десті көпшілік.

Тұнге қарай біресе біреуі, біресе – екіншісі, кейде екеуі бірдей еркелеп, тәсегіне кіріп, ертек айтқызатын. Бір күні түскі үзілісте үйге келсе, қолындағы көрші берген конфетті үшке бөліп отырған Айбарды көрді. Мынау – маған, мынау – Айдарға, мынау – мама Жаннаға, – деп былдырлайды. Құшактаپ, кір-кір бетінен қалай сүйгенін байқамай қалды. Төртінші оқып жүргенде мұрыны қанап, көйлегін жыртқан Айбарға ұрсып, жуындырып, себебін білсе, сенің мамаң “кәрі қыз” деп мазактаған баламен төбелесіпти.

Киялдан бір сөт ажырап: “күліндарым-ай, қарындары ашып, хат жазған гой”, – деп, оқи бастады.

Өуелі барын қалаға тасыды. Сосын сата бастады. Мал қалмады. Іс онбады. Әрлі-берлі жүру қажытты. Қаладан пәтер жалдап, көшеде сауда жасады. Бірі – екі, екісі – төрт болды. Бара-бара сол жердегі барлық базаршыға бас болды. Саудагердің де, алушыныңда тілін тапты.

“Қаланың бәрі базар болды, жабу керек!” – деген дүмпу шықканда базарды қойып, дүкенге ауысты. Баяғы қайқайған қара дипломы кәдеге асты. Өуелі бір алақандай жерді жалдады. Келекеле бүкіл дүкенді биледі. Үйлестіре білгенге акша үйіріледі. Үлкенін үйлендіріп, бір бөлмелі пәтер әперді. Өзі екі бөлмені сатып алыш, Айбарды күтіп жур. “Ұрыншақтарым-ай”, – деп елжіреп еске алыш қояды.



## ҚАМАЖАЙ АТАНСАМ

Менің қызыым көркем. Жоқ сұлу. Оймақ ауыз, қыр мұрын. Көз баданадай. Ашумен жарқ ете түскенде наизағай ойнағандай. Ақылды. Сөздін түбін түсіреді. Әрине, орысша. Ол түгілі шешесі мен қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда туып өскенмен он бес жастан орысша оқыдым да орыстанип кеттім. Жұмыста да кілең орыстың ортасында мын. Атеизмнен “бет” алғаныма мақтанатынын.

Қазір қызыым “Иса мәсіх” дегенде ішкен асын жерге қояды. Менің ішкенім – ірің, жегенім – желім. Қырықтың қырқасына келіп мұсылман болайын десем бола алмай журмін. Шіркейге, түү, әлгі не еді – мешітке бардым. Молда өуелі өлі аруақтарға құран бағыштауды үйрен дейді. Жә, жаттап алдым. Жә, алақан жайдым. Онымен не бітірем?

Қызыым айтады: құран – оқы деген сөз. Ал библия – кітап, библиотека – кітаптар жиынтығы – яғни білім, ғылым үйрену мектебі – дейді. – Сендердің құрандарың біздің библияның олақ



көшірмесі. Себебі христиан діні бұрын дүниеге келген, – дейді. Сөйлесе, бәрі рас секілді.

Мүмкін біз – ата-ана – кінәліміз. Өкесі шаруа қожалығын құрам деп бір, сауда жасаймын деп екі рет қазақ жігіттерінен жер соғып алданып қалды. Енді екі сөзінің бірі: “Қазақтар – арам, өтірікші, суайт, жалқау!” деп отырғаны. Тап бір өзі қазақ еместей. Өзім де туыстарымды сынаппінеп, өзімнің “оқымыстылығымды” көрсетіп, қарыз алу, ақыл сұрау керек болса орыс подругаларымды жағалап...

Құран кітап сатып алдым. Ал ана діндегілер көшеде қолыңа тегін тықпалайды. Суреті өдемі. Мысалдаپ түсінуге оңай жазылған. Еліктіріп өкетеді. Тіпті қазақшасы да бар.

Құранның арабшасын түпнұскадан түсінем деп емес, қасындағы қазақша текстен бірдене үқым келген. Қайдағы? Жалғыз қызым өзге дінге өтіп кетті. Не істеймін? Кімге барам?

Бұлай ышқынбас едім. Кеше теледидардан діни мультфильм көріп отырған екі інісінің библиялық сауатын өрі қарай дамытып жатқан қызыма көзім түспесе...

– Женеше-ау, қуыс-қуыстан не іздеп жатырсыз?

– Шаң. Рамазан айы келіп қалды. Оразаны бойым да, ойым да, үйім де таза қарсы алайын деп жатқаным фой.



— Үйіңіз онсыз да айнадай таза. Қыз бар, келін бар.

— Сол қызымен мен келініме үлгі болсын деймін де, — дымқыл шүберегін бүктеп, белін тіктеп: — қазір шай қоямын, асықпай өңгімелесеміз.

— Келініңіз мені көрген бойда самауырынға жүгірген.

— Ой, айналайын. Біледі ғой сыйлас қайынсіzlім келсе бір самаурынды түгеспей өңгіме бітпейтінін.

— Сіздің келініңізге қызығамын, женеше. Өз ұлым қандай ғана қызды жетектеп келер екен деп қорқа берем. Ене мен келін сыйыспаган заман боп түр ғой.

— Айтасың-ау. Біз де бірден осындай бола салмадық. Намазға жығылмай тұрып менің де мінезім мәз емес-ті. Келіннің сөзі де, ісі де шашшудай қадалып қайнап жатқан ыстық майға сұық су тамызғандай шытыр-шытыр ете түсетінмін. Бір күні келін жылап шешесіне жетпей ме? Құдағайым байсалды кісі, кенже қызы. “Бойжеттім, өз бетімше өмір сүремін деп кеткен өзің. Ендігі алтын босағаң сол үй. Соның тәртібіне көш. Ойланшы. Енең ашу шақырмас бұрын бес минут кейін шегініс жасап көрейік. Не істеп едің? Әйтпесе не айттың? Кеше? Өне көрдің бе? Саған біреу солай десе ашуланар ма едің? Со-лай де,



Көктемде диплом аласың. Ал менде диплом жоқ. Ақылың, білімің менен жоғары. Сабырмен ойланып көрсөн сонда бәрі өз орнына тұра қалады. Сүйтші. Е, бәсе, күлгенің сондай жарасымды. Ендігі досың – сабыр мен ақыл, – депті қызына.

– Рас-аяу, Сабыр. Ақыл.

– Женеше-аяу, отырып-тұруың қиын еді ғой, намазды қалай оқып жүрсіз.

– Қызығы сонда, белде-құян, тізеде-сарсу, тобықта-тұз желкеде жалқаулық отырмады ма? Шайлаған үйрек құсан екі жағыма кезек аунап зорға жүріп қалдым емес пе? Балалар қолымнан тартпаса өздігімнен тұра алмаймын. Алла тағалаға жалбарынып жүргенімде “қатты науқас кісі басын ишаратпен изеп намаз оқуына болады” дегенді оқыдым. Өуелі отырып, сосын бірте-бірте барлық шартын жасап сөждеге бас қойдым. Құдайдың құдіреті емін-еркін тізерлеп, еңкейіп, өзім тұрып кеттім.

– Япырай, ө? Бірақ мына менің қарыныммен намазға жығылу оңай бола қоймас. Келген шаруамның өзі де Сіз ораза тұтқалы біраз жыл болды ғой, соның мәнін сұрағалы келгем. Біреулер түкірікті де жұтуға болмайды, күнанаар боласың дейді. Быил мен де катардан қалмай ораза тұтсам, ба деп едім. Сауап іздеймін деп күнәға ұрынам ба, қайтем?

Женешесі өкшелес қайынсіңлісінің тегенедей



қарнына елеусіз көз жүгіртіп, болымсыз мырс етті.  
“Қатардан қалмай...” Иә, Мұхтар ақын  
айтқаныңдай адамзаттың 97 пайзызы еліктеумен  
өмір сүреді. Өзім ше? Өзім ше? Білімім  
тасығандықтан емес. Жанымнан қорыққандықтан,  
сасқандықтан іздемедім бе құдайымды.

Қайынсіnlісі өз өнгімесіне өзі тамсанып сезін  
ұзарта берді:

– Сонда дейім-ау манаурап үйқы әкетіп барады.  
Молдекеннің мақпал үні өлі құраннан зулатып  
аят оқып бітер емес. Бірдене ұқым келіп көзімді  
қанша бағжитсам да түк шыгар емес. Сосын өзіңе  
келдім.

Сонғы кездері ашыған қамырдай домаланып  
кеткен қайынсіnlісінің тышқан көзін қалай  
бағжитқанына ақылы жетпей тесіле қарап, жұмсақ  
жымиды да:

– Қыз-ау, өзің ғой, реті келсін келмесін орысша  
сайрап ала жөнелесің. Молда да солай. Өзі жақсы  
мендерген тілі. Әрі құран сөзі өуезді. Солайымен  
өлең деседі ғой ғалымдар.

– Ну, оның рас енді. Көзімді ашқалы көргенім  
орыс тілі, наным орыс тілі, қайтем?

– Қай жылы ағылшынша да баяндама  
жасағансың.

– Ну, немісше де сөздікпен аудару маған түк  
емес. – Үнінен өзіне дөн ризалы сезініп, қайта  
кулшынды.



– Пәлі, барлық тілді менгергенде арабша саған киын бола қоймас. Қазір жер-жерде сауат ашу курстары ашылып жатыр. Біреуіне барып жазылсаң қалай болар екен?

– Ну, ол, енді... – қыбылжықтап біраз бөгелді де: өй, женеше, сіз бастаған істен қалмаймын. Тәуекел. Барайық! – деді.



## ЕНЕНІҢ ЕСТІЛІГІ

Аптап ыстық қайтты. Қешкі керімсал самал баяу желпиді. Үлкен үйдің көлеңкесіндегі сөкіде Қалипа енесіне шей құйып беріп отыр.

Ол шыны-аяқ сүрткішті умаждал-умаждал қояды. Бүгін-ертең баласы үйде болмайды, аудан орталығына жол жүріп кетті. Келінімен оңаша әңгімені дәл қазір бастау керек. Дәл қазір. Сипактай беру жөн емес. Қолы мұрнын жанап өтті – жөргек иісі аңқып қоя берді.

Немере аңсағалы қаш-ан! Қос алақанымен кеңсірігін жауып ұз-ақ ііскеді. Қекірегі иіп, төсі бойын аралап, барлық қан тамырларына тарағандай. Ажары тая қоймаған бүйрек бетті қырықтың ортасындағы енесі тамағын кенеп қойып сөзді әріден бастады:

– Қарағым, мен жалғыз ұлмен жесір қалғанымда сенен де жас едім. Бір өулеттің түтіні өшіп қалатын болған соң ешкімнің етегінен ұстамадым. – Келінің ықыласпен тыңдал отырганына риза кейіппен сөзін сабактады. – Екеуің бас қосқанда жапырағым жайылатын болды



деп қуанып едім... Содан бері, жөргек иісін аңсан жүрмін...

Қалипа қала қызының ашықтығына басып:

– Апа, дәрігерге қаралып жүрмін. Бөле болады дейді. Бірақ, бар ғой, көтерген сияқтансам, қан болып ұйып түсе береді, – деп бар халін бір-ақ ауыз сөзбен лақ еткізді. Енесі қызыл шырайланып шыға келді. Өнгімені бастаудын бастағанмен келін қалай қабылдайды деген күдігі жоқ емес-ті. Енді көптен көңілінде жүрген ұсынысын жеңіл айтты.

– Е, қарағым, халықтың ырымы еді. Бүгін сөтті күн. Алып ананың басына барып түнейік.

Келін елп етіп көне кеткенімен, томпандаған енесіне ілесіп келгенімен ашық аспан астында даланың бақа-шаянын ойлап сескеніп қояды. Үлкен кісі күбірлеп сыйынып, өдемі бейіттің дәл түбіне сырт киімін төсеп жатарға ынғайлануда. Қалипа қорықса да жанына бірге қисайды.

Сосын көп ұзамай келінінің тамақ талғай бастағанының байқап:

– Қалипа бүгін менің қасыма жатсын. Құлағым шуылдаған, жүрегім ұйытқып, мазам кетіп тұр. Түнде су сұрағандай болам ба?

Қалипа енесінің іргесінде жатып түнде қара басып, ұйықтаған кетіп дыбысын естімей қалудан қорқып, ілініп бара жатқан көзін бағжаң еткізіп ашып алады. Жоқ, енесі пысылдаған тыныш ұйықтаған жатыр. Танда талықсып ұйықталты. Оянса үйдің

іші жап-жарық. Басын жастықтан жұлдып алды. Қап, сиыр өрістен қалып кетті-ay! Келесі сөтте енесінің “окыс қимылдан бала түсіп қалады”, – дегені есіне түсіп баяулады. Бір табақ сүтті көріп және ұялды. Оқыған ку ғой, көп ұзамай Қалипа енесінің “ауруының” сырын ұкты.

Екі ай өткен шамада:

- Бөлмене бара ғой, тәуірленген сияқтымын,
- деп өзі рұқсат берді.

Күйеуін күнде көріп жүрсе де сағынып қалыпты. Оңаша еркелеп жатыр. Жұмабай да келіншегінің тап-тастай болып білініп қалған құрсағын сипап мәз. Күйеуінің бәшпайынан тартып оятқанын, енесінің: шәк-әй, бұл үйге ешкі қайдан кіріп кеткен! – деген сесті үні, Жұмабайдың ұялып бөлмесіне қашып кеткенін есіне алып күліп жатыр.

– Өй, өзің ояу болсаң неге келмедің? – деп қонқылдалп қояды. Себебін ұққан соң саябырсиды. Қыр мұрын, сүйір иек сұлу келіншегіне денесі тиіп кетсе лапылдалп өртеніп шыға келеді. Жан жарының жанынан жарты елі ажырамас еді. Іштегі шаранага жеті ай толған шамада енесі келінің тағы меншіктеніп алды.

Уақыты жетіп жөргек иіскеп анасы риза, сәбілі болып жастар мәз.

Содан кейін тамақ талгай бастаса-ак Қалипа енесінің іргесіне кіріп алатын әдет шығарды.



## ШЕЖІРЕ

Бұл шежірені өкем Есболаев Базарбай қайтыс болғаннан кейін табылған қойын дәлтерлерден жинап, бір ізге түсірдім. Өңгіме Адам ата, Нұх пайғамбардан басталған. Өкем бухгалтер еді, өмір сүрген кезеңдерін есептепті. Шежіреде екі адамның есімі тұр. Оразғалиев Қабдол. Мақат 1-казақ ауылы, 203 үй. Руы – ысық (арабша жазу).



## ОРАЗҒАЛИЕВ ҚАБДОЛДЫҢ ШЕЖИРЕСІ

Еңсөлі руынан Мәлікұлы Әнестен тараған үрпақ: Жабал, Мағаз, Сөни, Құрай, Ақшолпан. Құрайдан Дәйім, Алаш. Ақшолпанин Атар мен Татар. Дәйімнен Қараш пен Танаш. Алаштың үлдары Сейілхан, Жайылхан. Татардан Ногай тарайды, Атардан Естек пен Башқұрт тарайды. Қараштан Тұмен мен Тұкі, Танаштан Тәжік, Тәжімұрат, Қожан, Танжир. Тұменнен Қырғыз, Тұкіден Сарт. Сейілханнан сегіз арыс Турікпен тараған. Жайылханнан Майқы деген ұл туып, би атанып, ел ұстаған. “Түгел сөздің түбі бір, Тұп атасы Майқы би” деген мәтел бар.

198 Майқыдан Өзбек пен Жиембет. Жиембеттен Айырхалайық. Айырхалайықтан екі ұл – Қазак пен Созақ. Созақтан Қарахалайық. Оның балалары Қалмұрат пен Құсайын.

Қазақтың үш әйелі болады. Бірінші әйелі патшаның қызынан туған үлдарын Төрелер дейді. Екінші әйелі араб қызынан туған үллдарын Қожалар дейді. Төрелер ел билесе, Қожалар ислам

дінін таратады. Үшінші әйелі Бәтимадан туған үш ұл – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Ақарыстан тарағандар – Ұлы жұз, Жанарыстан тарағандар – Орта жұз, Бекарыстан тарағандар – Кіші жұз болып бөлінеді.

Ақарыстан Есет, Марқабай, Дулат туады. Есеттен Ошал, Танбай, Жалайыр, Аттабай, Қошал, Мамыр, Түйте.

Жанарыстан 6 бала: Арғын, Найман, Қыпшак, Қоңырат, Мендел, Темел.

Бекарыстан Алау атты ұл туады. Қол бастап батыр атанады. Одан екі бала – Алшын мен Қодар.

Қодар төрт әйел алған.

Бірінші әйелден – Ганс, Гакс. – Шекті, Кете рулары.

Екінші әйелден – Сәдірқожа – Алты аталы Әлім, Нәдірқожа – Жеті аталы Жетіру.

Үшінші әйелден – Әлқожа, Асанқожа, Қыдырқожа.

Төртінші әйелден – Нұрқожа (жиныны 4 ұлдан). Осы үшінші, төртінші әйелден туған балаларды Он екі ата Байұлы деп атайды.

## АҢЫЗ

Қыдырқожа жастау болып қатынаспаған жорықтан Өлкөжа мен Асанқожа оралмайды. Өменгерлік заны бойынша олардың жесірлерін Қыдырқожаға атастырады. Өлкожаның келіншегі: “Ішімнің бершімегі бар, ауырады, бершімегім-ай, бершімегім-ай” дей жүріп тапқан баласының атын Беріш қояды. Асанқожаның әйелімен ілесіп келген Сөду мен Салаудың бірін – Ожырай, екіншісін Жаппас атандырады. Ожырай өкпелеп нағашы еліне кетеді. Оның жайлauуына (жеріне) Жапастың отауын қондырады. Содан “Ожырай кетсе орнына, Жаппас қонар жұртына”, – деген мәтел қалған.

200



Бай бір үрыста он төрт жасар жаудың қызын олжалап, ат артына мінгестіріп келеді. Қыз тіл білмейді. Мойнындағы моншағына қарап: “Менді, қара моншақты” атандырады. Одан туған ұлды кемітіп Таз атандырады. Ал байдың Жанби деген әйелінен Сұлтансиық, Қыдырсыиқ деген ұлдары, Анайы деген қызы болады. Анайы Нұрқожаның кіші баласымен жанасып қойып, екі қабат болып

қалады. Жанби сезіп қалып, шарананы ескі шүберекке орап, байдың аңнан келе жатқан жолына тастайды. Қыдырқожа (бай) сәбиді шүберегінен найза ұшына іліп сол кезде Тазды емізіп жүрген Менді анамыздың алдына тастап “еміз” дейді. Сөйтіп ол екі баланы егіздетіп емізген екен. Қызынан туған ұлды Адай (сәби деген сөз) атайды. Ол өжет болып өседі. “Үйрек пенен қаз егіз, Адай менен Таз егіз” деген сөз содан қалған. Бай қызы Анайыныңabyroyы үшін әкесіз өсіп азamat болып қалған Нұрқожаның кінәлі ұлы Елтайды мерт етеді, Елтайдың ағасы Есенди “жұрт келеді” деген сылтаумен жылқыны алысқа айдатады. Біліп қойса кектеніп жүрер деп сескенсе керек.

Сонымен Кіші жұзге кіретін рулар: Алшын, Кете, Шекті, Алты аталы Әлім, Жеті аталы Жетіру, Он екі ата Байұлы.



**ЕСБОЛАЙ ҰЛЫ  
БАЗАРБАЙ АЙТҚАН ШЕЖИРЕ**

Он екі ата Байұлына жататын рулар: Беріш,  
Алтынжаппас, Таз, Адай, Есентемір, Шеркеш,  
Ысық, Байбақты, Тана, Алаша, Масқар,  
Қызылқұрт.

202



## АҢЫЗ

Елден жас кеткен Есентемір арада көп жылдар өткен соң әкеткен азғана жылқысы жер қайысқан мал болып оралады. Байдың күш-куаты кеміп, қайраты қайта бастаған. Қыр үстінде шанды көріп корқып, Нұркожаның ұлы өз бауыры екенін білген соң қуаныш, той жасап қарсы алды. Ауыл жағасын үстап “аман-ескен келіпті, қайраты темірдей екен” десіпті. Тұбіт мұрт бозбала жауырыны қақпақтай азамат болып оралған соң бай да ығысып өріс беріпті.

Есентемірден сегіз ұл – Жиembet, Қожамбет, Бердімбет, Байтабын, Қосал, Қаржау, Құттыбай, Жаңай. Қаржаудан бес ұл – Саңырақ, Байтүмен, Есенбай, Дүйсебай, Құдайберген.

Есенбайдан Өзіrbай, одан Кеккөз, Кеккөзден Жолыш, Жолыштан Есболай. Есболай Базарбайдың әкесі.



## ӘКЕМНІҢ ӘҢГІМЕСІ

Есболай жалғыз атты кедей екен. Кедейсініп ешкім қыз берменті. Ол ішке (Ресей) өтіп, бір орысқа жалданып, ақысына екі жорға мініп қайтады. Еліне келе жатып жолда тойдың үстінен түседі. Есболай өз жанынан шығарып елең айтатын әнші өрі домбырашы, науша бойлы нар жігіт екен. Құдалар мұның әнеріне қызығып, өрі қыз аулына туыстығы жоғын байқап бірге жүруге қолқалайды. Қыз көшіне ілесіп, енді келін түскен елдін тамашасын арттырып үйде отырған Есболайға сыртта өзгеше тор құрылады. Мезгіл – қара сұық күз. “Іздеушісі жоқ жалғыз жігіт екен, өзін өлтіріп, жорғасын сіңіріп кетелік”, – дескен жігіттерді үлкендер сабырға шақырып: “Ақыры үйлене алмай жүр екен, одан да жетім қыздың бірін беріп, жорғасын айырбастап алындар”, – деп, кенес береді. Сол елде Сөн және Сөнім деген жетім қыздар бар еді. Сөнді артына мінгестіріп Есболай еліне жол алады. Сөнім қозы көш жер артынан жаяу жүгіріп, жылап қалады. Отызға жеткенде азар үйленген Есболай он төрттегі қыз Сөннен он



төрт перзент көрген. Бірақ тірі қалып, үрпақ таратқан жалғыз Базарбай ғана. Әжем Сән 98-ден 99-ға қараған жасында Қенбай аулында қайтыс болды. Кілең ғана – “байға” аяқталатын балаларының атын шұбыртып шақырып отыратын. Қезі ерте кеткенмен әр немересінің үнін жаңылмай танушы еді жарықтық. Қезі болмаса да арқан есіп (ісмер кісі екен) онысын қалап, қолқалап (заказбен) алушыларды өз көзіммен көрдім. Мен ол кезде тоғыздамын. Әжем ең кенже інім Қайырғалидың туғанын көрмей кетсе де келініне “ұл туасын, шаңырағынды сол ұстайды” деп болжап кетіпті. Әкем ол кезде елудің үстінде. Еңкілдеп жылап: “Енді Базарым, келдің бе?” деп кім айтады деп жұбанбай қойса керек. Сол шешесін он төрт жасынан өзі арқалап баққан екен. Орынборға тұз тартқан кірешшілерге ілесіп табыс тауыпты. Әсіресе, бірінші сапарын өңгімелеп отыруши еді. Жолда шабуылдаған қарақшыларды байқап қалған кіреші шал шарға бойлы бала Базарбайды көрі түйенің жабуының астына жасырып, өзі өлген болып үстіне құлай кетеді. Қарақшылар керуенді түгел қырып, бұл түйенің жүгін әкетеді. Түйені көрі деп алмайды. Басқа түйелерді жетектей кетеді. Олар ұзасымен шал баланы түйеге мінгізіп алып, басқа бағытқа қаша жөнеледі. Бұкіл керуеннен он төрттегі Базарбай ғана тірі елге жетеді. Шал да жолда қаза табады.



Базарбай ержетіп, Текеде (казіргі Орал қаласы) оқып мұғалім болады. 1939 жылдың әскер қатарына шақырылып, Ленинград майданында командир болған. Соғыстан кейін киножурналдың біреуінен көрсеткен эпизодтан өзін таныш “мынау – мен” дегені бар. Бір үрыста снаряд жарқыншағы тиіп, естен танады. Алдына пистолетті оң қолын көтеріп шабуылға бастаған сөтте қолынан оқ тигенін біледі. Есін жиса, қынында пышағы, белбеуі жоқ. Документі, қаруы жоқ. Сірә, өлді деп бәрін алып кетсе керек. Өз әскерінің соңынан жүгірсе, оң қолы білегінен былқылғы етіп жүгіруге кедергі жасайды. Кесіп тастауга пышағы жоқ. Киімінен жыртуып қолының теріге ілігіп саландаған алақанын кері байладап тастайды. Мен көргенде оң қолымен жазу жазып, шот соғатын. Шешем: “Соғыстан келгенде оң қолы бүрісіп бес жасар сәбидің қолындай семіп қалған еді. Қымыз ішкен соң бірте-бірте жетіліп қазіргідей қимылдайтын болды. Ол кезде атына дейін әйел басыммен өзім ерттейтінмін”, – деп отырушы еді.

Есіме алып отырғаным бала кезде естіген сөздер. Өкем қатарларына әңгімелегенмен балаларына ештеңе айта қоймайтын. Есімде тағы бір жақсы сақталғаны әскери кухня кешігіп, солдаттары ашыққанда жылқы етін бүйрекпен жегізгені. Өдette орыстар жылқы етін жемейді той. Жемесен күш-қуатын болмайды, күш болмаса соғыса алмайсын деп түсіндірсе көнбекен. Сонан



соң наганын алышп: “Жемеймін дегенің былай шық, бәрібір масыл боласың. Атып тастаймын”, – деп ақырады. Жан тәтті. Жейді. Сосын мұндай тәтті етті жеп көрмеппіз деп мақтанған.

Жаралылар Телген әшалонды жау самолеті бомбалаган сөтте, әкем жаралыларға көмектесіп соңғы вагонға кірген екен. Бүкіл поезд өртеніп, тек соңғы вагон жарылыс кезінде абайсыз ағытылып тоғай ішінде үзіліп қалыпты. Есін жиса тек өзі отырған вагон сау, бүкіл состав өртенген. Жаралыларды орман ішіне сүйреп, көмек келгенше сонда болған. Екі аяғынан жүре алмай қалған. 36 жерінен жаралы болып, госпитальда емделіп 1942 жылы елге оралған.

Елде білікті маман ретінде мектепке директор, колхозға бастық, т.б. болды. Өмірінің ақырын совхозда бухгалтерлікпен аяқтады. Түскі үзіліске келіп, немересін қасына шақырып, диванда отырған күйі жүріп кетті.

Баяғыда шырылдан жылап айырысатын екі жетім қызы Сән мен Сәнім “өзіміз кездеспесек те бізден туған балалар кездескей”, – деп тілеген тілектері қабыл болып Базарбай мен Түменбай араға бір ғасыр салып 1977 жылы Сағыз бекетінде кездесті. Базарбай жалқы өскен соң “мен есентемір едім” дегениң бәрін бауырына тартатын. Көмек сұрап, ақыл сұрап келушілерді өзім көп көрдім. Біреуіне қызы айттырып, біреуіне мал өперіп,



біреуіне оқуына ақша беріп (жолына) т.б. дегендей көмектескеніне күе болдым. Кейін Қазақойлдың президенті болған Мұқан шалдың баласы Куандықов Балтабек соның бірі еді. Түменбаева Нәзира мектепке мұғалім болып келгенде есентемір қызы екен деп, үйге шақырып бауырына тартқан. Нәзира келін болып Сағыздада тұрақтады. Әкесі Түменбай да жылына қызының артынан келген сайын біздің үйде қона жатып жүретін. Бір күні дастарқан басында екі шал әңгімесін үзе салып “ой-бауырымдаң” көрісе жөнелмей ме? Үй іші үрпісіп қалды. Сөйтсе “балалар” – Сән мен Сөнімнен туған Базарбай мен Түменбай бірін-бірі енді ғана таныған екен.



## ҚУАНДЫҚ ШАЛ ЖАЗДЫРҒАН ШЕЖИРЕ

Есентемірден Бақтыгереj, Бақтыбай.  
Бақтыгереjден Тағашы, Көn.  
Бақтыбайдан Қаратеміr, Сулыкөz.  
Тағашыдан Әжімбай, Қожамбет, Бердімбет.  
Көnnен Қаржау, Қаратамыр, Кенжабай, Базар,  
Қосал.  
Қаржаудан Маңғыбай, Дүйсебай, Есембай,  
Сақырақ.  
Екінші өjелден Андрей, Турікпенбай, Ақтотай,  
Айқын.  
Маңғыбайдан Сағын, Байсейіt.  
Дүйсебайдан Қазы, Сөрсекен, Қабдолдаш,  
Құдайберген, Шолак, Алыпкел, Тұрдағали, 209  
Көрім.  
Есенбайдан Азербай, Наурызбай, Көkkөz.  
Азербайдан Көkkөz, Жолыш.  
Наурызбайдан Тастеміr, Маш, Құрмаш.  
Жолыштан Бюра, Орақ, Есболай, Есқали.  
Орақтан Өтеғали, Менdіғали.  
Өтеғалидан Тынысбай, Қалидолла.



Қалидолладан Қойшыбай, Жалғасбай, Егізбай,  
Айгул.

Мендікожадан Құбаш. Құбаштан Мақсым,  
Мақсұт.

Саңырактан Байбол, Жарбол, Қуат.

Жарболдан Шанак, Атмолда.

Шанактан Өтеген, Есенғали, Ескали.

Ескалидан Қарасай.

Есенғалидан Саян.

Атмолдадан Бейсекен, Сүлеймен,  
Досмағанбет.

Досмағанбеттен Тәжіғали, Ергали, Масагали,  
Сөрсенғали, Жұмағали.

Ергалидан Дайыржан.

Куаттан Айдос, Елдос, Сарқебен, Шағатай.

Айдостан Төремұрат, Қожамұрат.

Елдостан Бекмағанбет.

Сарықебеннен Өтеген.

Шағатайдан Халықберген, Адамбай,  
Саймағанбет,

Халықбергеннен Ибраї, Келмағанбет,

Адамбайдан Сөдірше, Елеусін.

Саймағанбеттен Нахи, Қалдыңғұл.

Келмағанбеттен Нәреш, Қарамешер, Құзембай,  
Бимағанбет, Балмағанбет.

Қадіршеден Шойынғали.

Елеусіннен Аталық, Ұандық.

Аталықтан Досқали.



Уандықтаи Қыдырғали, Төлеуғали, Әбіл.  
Мұқан, Мақсot.

Қыдырғалидан Бейсенбі, Дүйсенбі.

Әбілден Қөнілхош.

Мұқаннан Балтабек, Қылышбек.

Балтабектен Сәбина, Сөуле, Мая, Айнұр, Алмас.

Қылышбектен Әмина, Серік, Қанат, Элмира.

Жақиядан Дүйсенғали.

Балмағанбеттен Ықсан, Құспан, Нұсіпжан,  
Асқар.

Қарамешерден Дауылбай, Жолдығали.

Дауылбайдан Сапар, Базарғали, Рахымжан.

Сапардан Серік.

Нәрештен Сағымбай, Айтбай, Рамазан.

Күзембайдан Қами.

Қамидан Қадим, Нағадым.

Сүйеуғалидан Мұхамбет, Таңатар, Талим,  
Досқали, Раушан.

Түрікменбайдан Битан.

Битаннан Иманқожа, Біләш.

Иманқожадан Алаш, Елеш, Төлеу, Адай,  
(біреуін оки алмадым).

Біләштен Сәрсекен, Бисекен, Құспан.

Түйтебайдан Жайлышбек, Шаден, Алманияз.

Жайлышбектен Атшыбай, Нұрлан.

Алманияздан Жалғасбай, Жолмуқан, Мұтыш,  
Мұқанбет.

Жалғасбайдан Әбдеш.

Жолмұқаннан Қыдыргали.  
Қыдыргалидан Асқар.  
Мұтыштан Қожман.

Жазба осы жерден тоқтайды. Әкем Ұандық шалдың шежіресіне өзі білген атанаң балаларын қосып жазған сиякты. Мен де өзім танитын Мұқан шалдың үрпактарын кіргіздім.

1998 жылы 15 шілдеде үлдары Қауысбай мен Қайыргали Сағыз ауылында ел-жұрттың жинап, әкемнің қайтыс болғанына жиырма жыл деп еске алып ас берді.

Соған арналған өлең еді.

## АС

*Асқа келген әлеумет  
Адамзаттың өмірі  
Қас-қағым сәт. Сабыр ет  
Ақырет пен Қиямет.  
Бата сұрап, қол жайдық  
Тілегімді қабыл ет.  
Аз гана тарих айтайын  
Ортаңда бір үй ауыл ек.  
Есентемір Қөн деген  
Жаман сөзге ермеген.  
Қай жерде қызын іс болса*



Тартынбай “барам мен” деген  
Жеті атадан жалғыз-ды.  
Жарлауга біткен жалбыз-ды.  
Артында қалған ұлдары  
Арманын бүгін болғызды.  
Қайырагали, Қауысбай  
Армандарын тауыспай  
Еске алып папасын  
Тұыстары қауышты-ай.  
Отызга жеткен Есболай  
Он төрттегі Сәнменен  
Қосылып басын құраган  
Құдай берген әнменен.  
Өлеңі-жыры – қалыңмал.  
Екі жорға жолымен  
Атамыз бен әжеміз  
Отандасқан сонымен.  
Тағдырына сзылган  
Он төрт ұлы-қызынан  
Жетілген жалғыз Базарбай  
Өмірі болып ұзыннан.  
Он төрттен жалғыз қалса да  
Анасы Сәнді жетелеп  
Он үш жастан бақса да  
Сүргеген өмір алшаңдал.  
Қан кешіп майдан барса да  
Ленинградта согысып  
Зб жерден оқ боршалап

Аман-сау елге оралған  
Базекең деген нән адам.  
Мейірімге қай жан шөлдесе  
“Есентемір – мен”, – десе  
қасына жинап жақынын  
Бермеген жауга взге есе.  
Ақыл сұрап келгенге  
Дайын еді төр демде  
Бауырга тартып жүретін  
Тумам осы сен дерге.  
Қанатын кеңге жаятын  
Жай басып, жалпақ алатын  
Кантордан үйге жеткенеше  
Самаурын қайнап қалатын.  
Ала қагаз баққаны  
Сыртытып шот соққаны.  
Қызметі – ермегі  
Таң атып, күн батқаны.  
Отыратын “омалып”,  
Канторында “қамалып”.  
Үкіметтің іci деп  
Тұнде де қолга шам алып.  
Басқага мойынын бүрмаган  
Ар сөзін гана тыңдаган.  
Он еki бала жаратқан  
Базарбай деген “нән” адам.  
Ауысып ұрпақ жаңарап  
Орны барлар оңалар.



*Артында қалса үрпагы  
Өлмегенге бара-бар.  
Базекеңе арнатып,  
Құран оқы сарнатып.  
Ас беріп – сауап алайық  
Орнынан бір аунатып.  
Асқа келген әлеумет  
Құрметіңе рахмет  
Алғыспенен көркейіп  
Батаменен көгеріп  
Бір бастарың мыңга жет. Рахмет.*

Базекеңнің он екі баласының алтауы жастай өлді. Есболған мен Есберген ойын баласы, екі түсік, қалғаны емшекте сөби кезінде қайтты. Наурызбай, Қауысбай, Қайырғали, үш қызы – Махфуз, Маркиза, Мәрзия.

Немерелері – Нұргайша, Гүлнар, Үлбосын, Армангүл, Гүлфайруз, Ерлан, Салтанат, Мәлдір.

Жиендері – Серік, Гүлсағида (Қалжан) Алтынай, Анаргүл, Назгүл, Шынар, Болат, Бақтыгүл, Дәурен, Нұрлан, Құралай, Дастан.

Әйелі Озиша Женетова, ол да Текеден мұғалімдік бітірген. Ахмет Байтұрсыновтың шәкірті болған. Озиша шалынан екі жыл кейін, 1980 ж. қайтыс болды. Төсегінің астынан бір окушы дәптері өлең шықты.

Ауырып жатқанда ермекке шыгарса керек.

Аяулы әкем – Базарбай, шешем – Озиша, жатқан жерлеріңіз жайлы, топырақтарың торқа болғай.

Әкемнен қалған 7-8 блокноттан теріп жазған деректерге, өз білгенімді қостым. Кейінгі жастар оқып білсін дедім. Кемісі болса толтырысын. Жазған – қызы Маркиза.

Ескерту: Шежіре ата тарихын баланың жас кезінен жаттап білу үшін керек болған. Сондықтан бала ұғымына сай, тез жатталатын әдіспен өнгімеленген. Шежіре бар қазақты бір адамнан таратады. Адам Ата ғалайқумассаламнан бастап, өркім өз атасын терең талдаң кетеді.

Иншалла, қазіргі сауатты оқырман халықтың құрамы қалай түзелетінін біледі. Мениң көшіргенім – шежіре.

*Шілде, 2001 жыл.*



## ЖАРЫСУШЫ СОВХОЗ АҚЫНДАРЫНЫҢ АЙТЫСЫ

*Ленин атындағы совхоздың ақыны Маркиза  
Базарбаева мен “Гурьев” совхозының ақыны  
Хамит Әубәкіровтың айтысы*

### **Маркиза**

Армысың, ағайын жүрт қаумалаған,  
Арнайы сөлем берді осы балан.  
Алыстан әдейілеп сапар шегіп,  
Халқының аманатын арқалаған.

Ажарын ауылымның жайрандаған,  
Адаммын сол рахатта сайрандаған.  
Ақтарып көкіректен қуанышпен,  
Алдында ағалардың жайран қағам.

Тасытқан молшылықты ел дәuletін,  
Көркейткен ел дәuletін, ер сәuletін.



Сапалы да тиімді еңбек еткен,  
Сөзбен алсам деп ер келбетін.

Сән қосып салтанат пен сәнімізге,  
Оныншы бесжылдық тұр төрімізде.  
Өн мен күй, шаттық думан бәрі бізде,  
Арнаймыз жырдан алқа бәрінізге.

Ай санап ауылым өсіп, өзгеруде,  
Құн сайын бір жаңалық кез келуде.  
Мақалдың мәні өзгерді “Қырық жылда,  
Қазан жаңа – десетін, ел елуде”.

Жыл сайын түлеп үшқан жастарымыз,  
Ендігі үміт артар асқарымыз.  
50 миллион ел байлығын көтеруге.  
Екінші тыңға жолды бастадық біз.

218



## Хамит

Білесің бұл совхозды бәрің-дағы,  
Сан мың мал жайлауымда мамырлайды.  
Жыл сайын оза шауып шопандарым,  
Жұлдыздай жарқырайды таңымдағы.

Бір емес, екеу емес жұлдегерім,  
Кемі жоқ қайсысы да кемел керім.  
Басында сол бір көптің о бір жылдан,  
Жақсы атам келе жатыр Еңбек Ерім.

Кезінде қой өсіріп күн-түн қатқан,  
Еңбегі сол атамның – мүмкін дастан.  
Қарасаң, көресіздер куәсіндей,

Төсінен Алтын Жұлдыз дір-дір қаққан.  
Содан соң Қисыманов Қаржау деген,  
Еңбегі сінді оның да қой бағумен.  
Дәл бүгін 118 қозы алуда,  
Әр жүзден қиналмастан қармауменен.

Содан соң жұрт біледі Мендешевті,  
Ол езі Қалыбаймен теңдесіп түр.  
Әйткені, ол бастаған комсомолдар,  
Жыл сайын еңбек туын өрге тікті.

Биыл да Тұяқаңның асты арыны,  
Сонында атойлайды жастар үні.  
Әр жүзден 174 қозы алған ол,  
Бөлеуде шаттық әнге аспанымды.

Есімі бұл жастардың “Гүлдер” деген,  
Гүл десе, гүл дегендей, күнге өрлеген.



Ақынның, ұмытпағын бұл сәттерді,  
Танысып отырысның кімдерменен.

Сол жастар қой бағуға тұрар таңнан,  
Қыста да олар емес сыр алдырған.  
Ақыры Қазақстан туын алып,  
Біздерді женімпаз бол қуандырған.

Деген бар: “Өнер – жастан, асыл тастан”  
Орекен, о да талай асуды асқан.  
Жаркырап Еңбек Қызыл Ту өнірінде,  
Жастарды өрге бастап ақыл қосқан.

“Қарлығаш” деп атайды бұл жастарды,  
Ал, оны Орекендей кім басқарды.  
Келеді ол жылдан – жылға бастап шынға,  
Еңбекке құлшындырып құрдастарды.

220



Сондықтан, қозы толып ен қыр-ойы,  
Келеді таң қалдырып тең құрбыны.  
Былтыр да баршаңыздан қара үзіп,  
Атанды облыстың чемпионы.

Қазірде төрінде тұр алқызыл ту,  
Жемісі еңбегінің айқын ол сый.  
Әйткені, жастардың да арасында,  
Одакта өрге шықкан жарқынның сол.

Осындай төрт бригадам бар ғой менін,  
Несіне бәрін жып ғып жайды өрейін.  
Осының бәрі дағы біле білсен,  
Әркім де мақтан етер жай дер едім.

Ал, енді жеке озаттар толып жатыр,  
Айт десен, қайсысы да ойымда тұр.  
Жігерлі, ер көнілді ерен жандар,  
Бәрі де бүгін мынау тойымда отыр.

Совхозым өндіреді қара маржан,  
Көк мақпал елтірісі және – лағлан.  
Біз түгіл шет елде де бұл дүниені,  
Таласып, саф алтынга балап алған.

Осынау совхозымның жеңістері,  
Ғылымды менгерудің жемістері.  
Өсіріп гурьевтік асыл тұқым,  
Келеміз қуантумен тегіс елді.

221



## Маркиза

Облыстық депутат Мақановам,  
Берменді жалғыз шығын отарынан.  
Басқалар да бұлардан кейін емес,  
Аудандық депутатар Ғалия, Тойған.

Даурығып ең “Балаусаң” құрыларда,  
Ондағы жай не болды енді қара.  
Бес-ақ шопан қалыпты қаша-қаша,  
Мәдениет тұрмысына жаса шара.

Сыз иісі анқиды жеркепеден,  
Биылға аман екен желдетуден.  
“Алауымның” үйін көр стандартты,  
Келсек кенде қылмайын үйретуден.

Естігісі келмейді шағым жайлы,  
Завфермаң малда-мал деп бай-байлайды.  
Қамқорлық бар жерінде сапа да мол,  
Айтшы ақын, малшы қамын кім ойлайды?

Еңбекте озат шыққан ерлерім көп,  
Қолымнан намыс туын бергенім жок.  
Шағынып көрген емен терледім деп,  
Орынсыз мақтанып та көргенім жок.

Өткен жыл болды қатты қуанышылық,  
Көнілді жем-шөп үшін алаң қылып.  
Досымбаев бастаған бригада,  
Тенізден шөп тартуға кетті жүріп.

Техника жалты да Теніз үстін,  
Еңбек күйі дүрілдеп үдей түсті.



Тұрлыбек, Жұнісбек пен Орақ келіп,  
Қау қамысқа жан бітіп, жұмыс қызды.

Бұлтылдаپ ойнағанда құрыш білек,  
Күн-тұн демей еңбекте табыс үдеп.  
Бірінші декабрьде аяқтадық,  
Жем-шөп сайлап, қатал қыс келсең кел  
деп.

Көрейік енді соның нәтижесін,  
Бұғауладық табигат қатал қүшін.  
“Қамдансаң – қысылмайсың” дейді халық  
Мактан етем малшының жемісті ісін.

Ерлік деп таңданбассың қалай сірə?  
Қарамай қатал қыстың қысымына.  
Мал шығынын бермеді бірде-біреу,  
Шопандарым жауапты жұмысында.

223



Белгісі қызу еңбек қарқынының,  
Шығады жұрт алдында жарқын үнім.  
Тоғыз адам социалистік жарыс  
женімпазы,  
Тұманбай Даңқ орденін алды бүгін.

Егеубай Найзабеков елден озды.  
Жұзіне 142-ден алды қозы.  
Қызыныңды өзілмен женілдетер,  
Бір жерден табылады іс пен сөзі.

Орденді шопандарым Мұқатай, Ақсай,  
Еңбекке араласты тіпті жастай.  
Асырды 122-ден қозыларын,  
Қандай сыйың болса да келеді сай.

Түйеші Әбуталиев Қызылғұлым,  
Жоспардан асырыпты және бірін.  
Өзі емдең ала берер қиналмай-ақ,  
Біледі неше де бір емнің түрін.

Болса да жемің тегін, шебің ырғып,  
Бір айда-ақ 400 түяқ шығын қылдың.  
Осы ма тартуларың Отанға шын,  
Құрметтеп, тиімділік сапа жылын.

224  
  
Жыл сайын 2000 қой қырып алып,  
Екінші тыңға көніл бөлмей жүрсін.  
Түйе, сиыр жылқының төлдері аз,  
Оларды неге ақыным, көрмей жүрсің?

Асыл тұқым болса да қой уақ қой,  
Деп мейлі бұл сұрақты' доғарып қой.

Өліпті таудай түйен, үйдей жылқың,  
Еш болмаса сол үшін ұялып қой.

Жаз жайлауы бір еді, қыс қыстауың,  
(Өлде жылқы жайымен ұғыспадың).  
Үш-ақ айда өлтіріп 33-ін,  
Қалайша көрсеткіштен жылыстадың?

Нұрландырып белгісі еңбегінің,  
Кавалер Еңбек Қызыл Ту орденінің.  
Жылқышы Байжанақов Нәзенғали,  
100 биеден 100 құлын алған ерім.

Үш жыл бойы бір тайын өлтірген жок,  
Өлтірген жок, жаманат келтірген жок.  
Намысты қой, ақылдас Нәзекенмен,  
Жалғыз шауып жылқышың түк  
бітірген жок.

Гүрілдеп былтыр бағы жанып еді,  
Еңбек Даңқы орденін алышп еді.  
Мұқанов Төлегенің қозы алудан,  
95-ке тұскендей неғып еді?

225  


Тіпті бұдан бар екен тәмендерін,  
Адалдап актамаған жегендерін.

3-фермадағы Жакуповын,  
80-нен өргізіпті төлдегенін.

Ал енді кезек берем ақынына,  
Айтып қал, айыбынды жұртқа мына.  
Неліктен мал шығыны сан жетпейді,  
Айтып көр, тамсанумен құр отырма.

Біз келеміз жарыстың туын ұстап,  
Жаңадан бой көтерді құрылыстар.  
Ал сенде көше сайын бұлаң етер,  
Жалқаулық бұғып жатқан бұрылыстар.

Тасып әкең құрылыстың материалын,  
Шопанымға үй, малыма қора салдым.  
Маңғыстаудың ақ тасын пайдаландым,  
962 мың соманын.

226  


Кеңсе сайлап, – малишынды көрмегенің,  
Сыныма қатты іліндің сен де менің.  
Орақ тіл орып алып кемшілікті,  
Сын-семсер қиып түсер сермегенің.

100 процент ондалды техникамыз,  
Жұмысыңа сұранып отырамыз.

Тракторист, шофердан озатым көп,  
Етейін енді соның атын аңыз.

Түгелбай, Оралбай мен Арыстан, Достан,  
Бұларға Елемес пен Оракты қоссан.  
Бесжылдық жоспарларын орындаған,  
Шығады қажырлы ерлер қырдан асқан.

Кіріп ек кеше сенің гаражыңа,  
Ойға қалдық металлом қорасы ма?  
Ескірген акпарыңмен сен сынайсың,  
Айтайын көргенімді мен осында.

Екі бірдей К-700 қаңқайып тұр,  
Алып күш күнге қарап маңқайып тұр.  
Қайран, 20 мың сомның дуниесі,  
Басынан осы күнде бақ тайып-тұр.

Мұқырың ауыл екен дәңгеленген,  
Көп жерде көшесі жоқ жұлгеленген.  
Жақсынды тандап тауып көрсетсөнші,  
Жалықтырар жан емен күнде келген.

Әсемдіктің жаршысы осы ма екен,  
Клубтарың еңселі көркем екен.



Кітапхана жабық түр жұмыс кезі,  
Ал жақсылық көрмедік одан бөтен.

Жөн сұрауға ашып ек бір есікті,  
Көрмейсің бе тап болған бұл несіпті.  
Көң-қоқыры бірталай жердің сірә,  
Белден келіп бөлмеде кездесіпті.

Мәдениет орны көң-қоқыр ма,  
Мұны көрмес завклуб көр сокыр ма.  
Жалғыз талсыз қоршалған шарбағында,  
Бір топ ешкі мекен қып тек жатыр ма?

Несіне шырылдады бос қабағың,  
Мәдениет, тұрмыс жайын қозғамадың.  
Көнілді болса еңбекшім сапа да мол,  
Тұрмысын сөнді етуге үмтыйламын.

Лениннің фермаларын аралайын,  
Айтайын біразырақ соның жайын.  
Мәдени тұрмысымыз алға басты,  
Өсіре мақтан айтып не қылайын.

Жақсы киномеханик деп мақтайды,  
Енбегін Жолдығали, Қалыбайдың.  
Облыстық мәдениет белімі де,  
“Жоғарғы көрсеткіш” қой деп атайды.



## Хамит

Ақынның совхозынды мадактадың,  
Келеді сөздерінді сараптағым,  
Жақсы да, жаман да бар жұмысында,  
Сөйлейік сөзімізben жамап бәрін.

Деп айттың: малды күйлі бағып жүрміз,  
Алтын тұс қаракұлді алып жүрміз.  
Жастармен қоян-қолтық жұмыс жасап,  
Табысты төл алудан тауып жүрміз.

Ол рас, табыстарың кейде керім,  
Ал, кейде толмайды ғой төлге төрің.  
Былтыр да орындармай қаракұлді,  
3000-дай бережақ бол жерге тәндің.

Сондай-ақ Наршөккенде егісің бар,  
Қоңырсаймен екеуі егіз сынар.  
Ұзақ жылдан қолға алған ісің еді,  
Шықпай жүр-ау бұдан да келісіп нәр.

229  


Былтыр да сол егісің шықпай қалды,  
Шыққан өнім, не пайда, шөпке айналды.  
500 мың сом ақыры зиян шегіп,  
Ел алдында ақ жүзің оттай жанды.

Мал семіртіп, бастап ең бір тәуір іс,  
Бұл да болды ақыры құр даурығыс.  
Малың семіз болсада іс шала боп,  
Комплекс шықпады бұл қайбір іс.

Ірі қараң тағы да оқсамай жүр,  
Ал мамандар ісінде қостамай жүр.  
Қораң лас, қапырық, бұл қалайша  
Бақташылар көнілін ток санап жүр.

Тағы айтайын бір істі “Алғадағы”,  
Кейін кету мұнда да андалады.  
Бақташыдан мал күтім болмаған соң,  
Саржамбас бол 10 сиыр жайраған-ды.

Сонда қалай, ақыным, мақтанғаның,  
Шашау болса алдында баққан малың.  
Өзі азғантай түлікті күтіп дұрыс,  
Керек еді мұндайдан сақтанғаның,

“Алауды” да бір кезде мақтаушы едік,  
Жас жігер, – деп, – жайлалаудан  
тапты-ау серік.

Табысы да сол жылдар өрлең асып,  
Таң қалатын жас түгіл, қарттар көріп.

Сол “Алауың” бүгінде не болып тұр,  
Жастар кеткен жан-жаққа жөнеліп құр.  
Амалсыздан үлкендер малға келіп,  
Іс ойсырап, жас қуат керегіп тұр.

Техника жұмсауың тағы кемдеу,  
Басшыларың қалай жүр соны көрмей.  
Шартты эталон жоспарың орындалмай,  
52 процент болды көрнеу.

Шаруаң зор, кең байтақ, сосын өзі,  
Бұқараның сурларын өсіреді.  
Бірақ содан үйренер бір тәлім жок,  
Ұят-ау деп ойлаймын осы жері.

Совхозында шопандар кілең сері.  
Мал бақпайтын тәрізді түгел тегі.  
Біз ту алдық. Ал сізде қандай сый бар?  
Жауап берші, көнікей, кім еңселі?!

Мен білемін Онғар мен Еділбайды,  
Нәзенғали, Тұманбай, Егеубайды.  
Асканың бар – осы-ақ озаттарың,  
Тек соларға алғысын ел арнайды.

Ал, басқасы жоспарын орындармай,  
Бағады екен япымай қойын қалай.



25-биыл да ілбіп-сілбіп  
Шығыпты ғой ожданын сойылдамай.

Кем-кетігі көп болды совхозыңың,  
Сондықтан да, алдында көп тосылдың.  
Жауап берші, бұл қалай, ақын жолдас,  
Неге үялдың, ал кінөң жоқ қой сенің.

### Маркиза

Еңбеккердің бұл күнде жанған бағы,  
Он бес шопаным бар автомашиналы.  
Фермаларда рация, телефондар,  
Сағат сайын хабары кеп тұрады.

232  
  
Кой қырқуды созыпсың ай жарымға,  
Шынымен болдырып-ақ қалғаның ба.  
Тыңдайық ақталсаң да, мақтансаң да,  
Ақыным, не айтасың сынға мына?

Мал азыққа қажетті екпе шөпті,  
“Еңбекте ерлігі үшін медалі бар,  
16 мыңға еселепті,  
Білесің бе агроном Нұрқашевты.

Суландырып шабындық жайылымды,  
Жердің халін Сапекең жақсы білді.  
Балбұлақ, Кенбай, Үйтас Алпанадай,  
Жасады қолдан алып бөгеттерді.

Отан үшін көп тәккен аңы терді,  
Ежелден, Социалистік Еңбек Ери.  
Ұрпактары тыңдайды ұлағатын,  
Ардақтаймыз Төленов Өлшемдерді:

Талқандап ескі заман тар торынан,  
Колхозшы құрып еті өз қолынан.  
Бұлдіршіндер тыңдайды ертегідей,  
Үлгі алып өнегелі ер жолынан.

Жалғаған шопан болып өке жолын,  
Баласы Қожық деген Өлекеннің.  
Ізденумен келеді өмір бойы,  
Бүтінде институттан алған білім.

233



Өлі де айтар едім болмас бірак,  
Тежейін мен өзімді біразырақ.  
Ежелден келе жатқан көршім едің,  
Сен тоңсан қалам мен де тоңазып-ақ.

Дос жылатып айтады дұшпан мактап,  
Кемшілікті жоялық екі жақтап,  
Қай істің де қарқыны үдей түссін,  
Қай ісің де тұрмасын және тоқтап.

Адамдар көп қой асыл арамызда,  
Бір сәтке бәрін айтып боламыз ба.  
Тауыса алман жырласам неше күн-түн,  
Халайық, қойма кінө балаңызға!

### **Хамит**

Ал, досым өніңе тағы салдың,  
Болмаған соң бір дұрыс тағар сының.  
Қағып-сілкіп акыры Соркөлдегі,  
Қырықтық пунктіме назар салдық.

234

  
Өуелде айтшы, өзінде бар ма сондай,  
Жауабын бер, тереңнен ойла созбай.  
Бар айтарың баяғы Алпанада,  
Тараң кеткен қырықтық болмасын жәй.

Рас, бізде кой қырку ұзак жүрді,  
Кедергілер кездесіп тұзак болды.

48 қайшымен қоймайтын ек,  
Екі отардан күніне қусақ жұнді.

Мен қайтейін, қайшымыз текке тұрды,  
Койдың жүні дымқыл бол кеппей қойды.  
Ауық-ауық шелектеп бір шөкім бұлт,  
Жұз айналып, тәбемнен кетпей қойды.

Сондадағы табыстың тайқазанын,  
Сапырумен сан биік тауды асамын.  
Сапа, үнем, мол өнім – ұраным бол;  
Сенімменен сертімді байласамын.

Сондықтан да, жарыста ылғи озып,  
Бесжылдықтың деңгейін жүрмін соғып.  
Сегіз жылда 16 мың қой қостым,  
Есеп шотқа дәл бүгін білдім соғып.

Дамыттым деп ғылымды мана айттым,  
Құміс жүнді, асыл қой және бақтым.  
Сол көк қойым Одақта бірінші орын,  
Сурынменен ал өзің көне, қайттің?

Әріптесім: бастаған қай ісің бар,  
Қайда екенін білмеймін тегі солар.



Өуелі құнжың-құнжың қолға алыш,  
Аяқтамай кететін кемісің бар.

Соның бірі-қой тоғыт күпкің еді,  
Мен де бар да басқалар мұқтаж еді.  
Қоңыраулыда қолға алыш бастаған сол,  
Өмір жасы ісінің қысқа болды.

Айта берсем мұндайлар толып жатыр,  
Фактілер жазулы қолымда жур.  
Егер білсем осы айтқан сырларымды,  
Сенің енді түзету ойында тұр.



## МАЗМУНЫ

### ӨЛЕНДЕР

Өйелдердің өмірді корғау форумы .....	5
Бұл қандай күн аспаннан шұға жауған .....	7
Автобустағы сұлу (жігіттің өнгімесі) .....	9
Құлыным деп .....	10
Жиырма бір .....	11
Махамбеттің жыр кеші немесе шалбар киген қыздар .....	13
Тұған жер суреті .....	15

### ӨНГІМЕЛЕР

Есім .....	17
Мандай .....	21
Қыз ары .....	27
Ана қызғанышы .....	32
Мейірім .....	41
“Жаман” келін .....	45
Бауыр басып үйренсін .....	50
Алланың құдіреті .....	53
Сүйінғалиды өлтірген кім? .....	56
Рәкет өйел .....	72
Дуақан кемпір .....	79



Жүректегі сөуле .....	83
Өке рухына адалдық .....	91
Рахман нұры .....	100
Маскунемнің шешесі .....	104
Ақырғы серт .....	108
Айдана .....	114
Қашан айырасың, қазақ? .....	119
Қырық жанды келіншек .....	127
Қызғаныш құрбаны .....	133
Базар. Бала. Бейбак .....	136
Сөз салудың киыны-ай .....	141
Алданыш пен Ақбаян .....	149
Мархаба мен Ықпышлжан .....	154
Қалалық шал .....	158
Елеспен тілдесу .....	165
Сынық қанат .....	169
Құдалық .....	174
Ене мен келінді табыстырған бақа .....	179
Ақылдасайық, ағайын .....	181
Мама Жанна .....	184
Қамажай атансам .....	188
Ененің естелігі .....	194
Шежіре .....	197
Жарысушы совхоз ақындарының айттысы .....	217

**Атырау акын-жазушылары  
кітапханасының “Қазына” атты  
көптөмдігінің 72-кітабы**

**Маркиза БАЗАРБАЕВА**

**ӘЙЕЛ ЖАНАРЫНДАҒЫ ӘЛЕМ**

Көркемдеуші редакторы *Р.Қожағұлова*  
Техникалық редакторы *А.Мұқышева*  
Терген *З.Жарасбаева*

**239**



*Теруге берілген күні 14.05.03.  
Басуға қол қойылған күні 27.06.03.  
Пішімі 70x108 1/<sub>32</sub> Шартты баста табағы 15.  
Есепке алынатын баста табағы 15,8.  
Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс №659. Бағасы келісімді.*

